

Сәуле Мәлікова

САРЫАРҚАНЫ ӨРТ АЛДЫ



Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты

Сәуле Мәлікова

САРЫАРҚАНЫ ӨРТ АЛДЫ

(1916-жылғы оқиғалардан)

Петропавл, 2009

УДК 94(574)

ББК 63.3(5 Қаз)

М 34

Пікір жазған: З.С. Тайшыбай, М.Қозыбаев
атындағы СҚМУ профессоры

М 34

Мәлікова Сәуле.

САРЫАРҚАНЫ ӨРТ АЛДЫ (1916-жылғы оқиғалардан).
Ғылыми басылым /Сауле Мәлікова. Астана баспасы.

Петропавл, 2009 ж. - 163 бет.

ISBN 9965-9553-8-7

Кітапта 1916-жылғы қазақ халқының отаршылдыққа қарсы күресінің Солтүстік Қазақстан аймағындағы оқиғалары туралы тарихи деректер келтірілген. Тұңғыш рет кітап болып жарық көріп отырған материалдар өлкетану ісіне, ел тарихына ден қойған зерттеушілерге, мектеп оқушыларына, студенттерге, жалпы қауымға қызықты мағлұматтар береді.

М 050302090
00(05)09

УДК 94(574)

ББК 63.3(5 Қаз)

ISBN 9965-9553-8-7

© Мәлікова С. З. 2009

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавл

573 845

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің Солтүстік Қазақстандағы оқиғалары

Патшалық Ресейдің XX ғасырдың басында Қазақстан мен Орта Азияның шығыс аудандарын отарлауы өте күшті қарқынмен жүргізілді. Тек 1907-1912 жылдары империяның Еуропалық бөліктерінен бұл жаққа 2 млн 400 мың адам келіп қоныстанды. Әсіресе, Қазақстанда отарлау кең ауқымда жүргізілді. Қазақстанның жерлерінде патша өкіметі шаруаларды қоныстандыру үшін жер қорын жасап, 1916 жылға дейін олардың 45 млн. десятина ең шұрайлы жерлерін тартып алды, сөйтіп жергілікті халықтар таулар мен шөл далаға ығысуға мәжбүр болды. Бұл жерлерде не су, не мал жаятын жеткілікті шабындық болмады.

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында бұрынғы Түркістан аймағында (Хиуа мен Бұқараны қоспағанда) 941 жаңадан қоныстанған поселкілер пайда болды. Бұл кезде Түркістанда орыс поселкілерінің әрбір тұрғынына 3,17 десятина егін егетін жерден келсе, жергілікті тұрғындарға (қазақ, өзбек, қырғыз және т.б.) 0,21 десятинадан ғана жер келді. Сөйтіп, ешқандай жері жоқ қазақ-қырғыз тақыр кедейлердің үлкен тобы құрылды. Жетісу губерниясында көшіп келген орыс кулак шаруашылықтарының 90 проценттен астамы қазақ кедейлердің жалдамалы еңбегін пайдаланды.¹ Қазақ жерлерін күшпен тартып алу жергілікті халықтар мен орыс-украин қоныстанушыларының арасындағы қайшылықтарды шиеленістірді, жер мәселесі жөніндегі күштеу сияқты шеткі аймақтарда да кеңінен тарады.

1914 жылы патшалық Ресей дүниежүзілік соғысқа тартылды. Бұл Бірінші дүниежүзілік империалистік соғыс барлық халықтарға, соның ішінде Қазақстанға да аса ауыр зардаптарын тигізді. Ол патша чиновниктері мен жергілікті әкімдердің және байлардың зорлық-зомбылығы мен озбырлығын күшейтті. Соғыс қажетіне Қазақстаннан орасан көп жылқы, ауыл шаруашылық өнімдері жөнелтілді. Жергілікті халықтан алынатын салық 3-4 есе көбейді, шаруалардың ірі қара малы мен мал

¹ Мусин Ч. Қазақстан тарихы. Алматы, 2003. 186-парақ.

азығын соғыс қажетіне алу күшейді, осының бәрі егістік жердің қысқаруына, ірі қара мал басының азаюына әкеп соқты.

Қазақ жастарын майдандағы тыл жұмысына алу жөніндегі патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығы халықтың шыдамын тауысып, олардың отарлау езгісі мен орта ғасырлық қанауға қарсы көтерілуіне себеп болды. Жарлық бойынша Түркістан мен Дала өлкесінен майданға окоп қазуға 400 мың, соның ішінде Қазақстанның далалық облыстарынан – 100 мыңнан астам, Жетісудан 87 мың адам жіберу көзделді.² Қазақтардың тууы туралы куәлігінің жоғын пайдаланып, болыстық басқармалар мен ауыл старшындары жастардың асқандығына қарамастан кедей жігіттерді майданға жұмысқа алынатын «қара тізімге қосты», ал ауқаттылар балаларының жасын өз бетінше үлкейтіп, немесе кішірейтіп көрсетіп, әскерге жібермеудің амалын жасап бақты. Мәселен, 60 жастағы кедей шалдарды 30 жаста болып, 25-30 жастағы бай балалары 50 жастағы болып жазылды.

Майдан жұмысына қазақ жастарын алу туралы жарлық қазақ халқының зор наразылығын тудырды. Елде болыстық басқармаларды талқандау, ауыл старшындарын, катігез байларды өлтіру, иеліктеріне шабуыл жасау, жер сату жөніндегі құжаттарды, алым-салық қағаздарын тағы басқасы жойып жіберу секілді ашу-ыза әрекеттері кең орын алды. Сойыл, кетпен, шалғы, мылтық, қылышпен қаруланған ел адамдары байлардың ауылдарын өртеп, малдарын әкетуі жиілей түсті.

Қазақстандағы бұл қозғалыс көпшілік аудандарда ұлт-азаттық сипатта болып, патша өкіметіне, отаршылдыққа, империалистік соғысқа және отырған феодал-байларға қарсы бағытталды.

Бұл арада тағы бір мәселенің бетін ашып кету қажет. Ол 1916 жылы қазақ интеллигенциясының көсемдері, яғни ұлт-азаттық қозғалысты бастаушылар, халық көтерілісіне қалай қарады? Олар патшаға қарсы қарулы көтерілісті жактаған жоқ. Өйткені құр қол халық патшаның талай жыл үйретілген, мұздай қаруланған әскеріне қарсылық көрсете алмай, тағы да қырғынға ұшырайтынын сезді. Бірақ оларға тасқыны тау суындай дүркіреген стихияны – халық көтерілісін тоқтату мүмкін болмады.

² Қазақстан тарихы. Очерктер. Алматы, 1994. 289-парақ.

-Қазақ- газетінің ашық көтерілу қауіпті, одан да мобилизацияны кешеуілдетуді ұсынайық, жеңілдіктер сұрайық, ол екі ортада патша да бір жайлы болар деген сияқты шақырулары халықтың құлағына кіре қоймады.

Бір сөзбен айтқанда, стихиялық халық көтерілісінен ұлт-азаттық қозғалыстың көсемдері бөлініп қалды. Өмір олардың болжамы дұрыс екендігін дәлелдеді. Қазақ халқы тағы бір қырғынды басынан өткізді, ал 1917 жылы 27 ақпанда бас-аяғы бірнеше айдан кейін патша да тағынан құлады. Осындай жағдайды ескермей кейінгі зерттеушілер тарапынан «Алаш» партиясының өкілдері 1916 жылы патшаны жақтады, тіпті көтерілісті басып, жанышты деген ұшқары жалған сөздер айтылды. Алашордалықтардың көтеріліс кезіндегі тактикасын түсінбеді.

Ал көтеріліс басылып, қазақ жігіттері майдандарға окоп қазуға жіберіле бастаған кезде, оларға бас-көз болып, кейін аман-есен оларды ауылға жеткізу қажет болған жағдайда Әлихан Бөкейхановтың өзі бастаған қазақ зиялылары (мұғалімдер, зангерлер т.б.) серіктерімен бірге майданға (реквизицияланғандармен) аттанды. Бұны нағыз патриотизм деп түсіну керек. Өйтпегенде сауатсыз, орыс тілін түсінбейтін көптеген қазақ жігіттерінің елге аман оралуы екіталай еді.

1916 жылғы шілде, тамыз айларында көтеріліс бүкіл қазақ даласын камтыды. Оны басу үшін патша өкіметі жаза-лаушы отрядтар жіберілді. Оның құрамында жан-жақты қаруланған әскер бөлімдері, жергілікті казак-орыс шоғырлары кірді.

Көтерілістің біріңғай басшылығы және ұйымдастырушы орталығы болмаса да, Қазақстанда болып жатқан оқиғалар басқа аймақтарға ықпал жасап, өзара байланысты болып отырды. Көптеген аудандарда көтеріліс антифеодалдық сипат алды. Алайда, көтеріліс стихиялы түрде дамып, онда тұрақты, жергілікті біріккен басшылықтардың болмағандығының салдары айқын көрінді. 1916 жылғы көтеріліс қазақ еңбекші бұқарасының саяси сана-сезімін арттыруға зор рөл атқарды.

Майданға қара жұмысқа 19 бен 43 жастың арасындағыларды алу жөнінде патшаның жарлығы бүкіл қазақ даласын дүр сілкіндірді. Халықтың ашу ызасы бір сәтте тасыған судай

актарылды. Көтеріліске шыққан аудандар – Торғай, Орал, Маңғыстау, Ақмола, Сырдария, Жетісу өңірлері.

Көтеріліс бүкіл Қазақстанды камтып, царизмнің әскери-отаршылдық және кең көлемді орыстандыру саясатына қарсы әрі белгілі бір дәрежеде ауылдардың бай-феодалдық басшы топтарына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысына ұласты. Осымен бірге бұл көтеріліс халық шаруашылығының дағдарысына және халықтың қайыршылануының ең шеткі шегіне алып келген империалистік соғысқа қарсы бағытталды. Осы жағынан ол Ресей жұмысшы табы мен шаруалардың революциялық күресімен қабысты. 1916 жылғы көтерілістің басты мақсаты қазақ халқының бостандық пен тәуелсіздік жолдарындағы бұдан бұрынғы барлық күресіне қорытынды жасайтын ұлттық және саяси азаттыққа жету болды.

Көтерілістің негізгі қозғаушы күші - ұлттық шаруалардың қалың топтары, сондай-ақ жаңадан туындап келе жатқан жұмысшы тобының өкілдері, қолөнершілер болды. Оған қазақ халқының өзге топтарының (байлар, болыс басқарушылары, билер), сондай-ақ демократиялық интеллигенцияның өкілдері де қатысты.

Тұтас алғанда Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы көтеріліске казактармен қатар ұйғырлар, өзбектер, дұңғандар және кейбір өзге халықтардың өкілдері қатысқан оның оңтүстік облыстарын (Жетісу және Сырдария облыстары) айтпағанда бір ұлттық сипатқа ие болды.

Көтерілістің аса ірі орталықтары Жетісу мен Торғай жері болды. Жетісу әскери қарулы қарсылықтың шілде-тамыз айларында-ақ бұқаралық сипат алды. Барлық жерлерде найзасүңгілермен, аңшылық мылтықтармен, суық қарулармен қаруланған көтерілісшілердің жасақтары ұйымдастырылып жатты. 17 шілдеде Жетісу мен Түркістан өлкесінде соғыстық жағдай жарияланды. Патша өкімет орындары мұны ірі әскери күштерді жеткізе бастады, әскери гарнизондарды нығайтты, қазақ және қырғыз көтерілісшілерін жазалау үшін Жетісудың қоныс аударған халқының дәулетті топтарынан қарулы жасақтар құрып жатты. Көтерілісшілердің патша жазалаушыларымен ірі қақтығыстары Асы мен Қарқара жайлауларында, Самсы станциясы маңында, Қастек, Нарынқол, Шарын, Қорам өңірлерінде. Лепсі оязының Садыр-Матай болысында және басқа жерлерде болып

өтті. Қыркүйек пен қазан айының басында барлық жағынан жазалаушы отрядтар қыспаққа алған жетісулық көтерілісшілердің едәуір бөлігі табан тірескен шайқастармен шегінуге, сөйтіп, Батыс Қытайға өтіп кетуге мәжбүр болды.

22 қазанда А. Иманов бастаған 15 мың көтерілісші Торғай қаласын қоршауға алды. Қаланы құрсау бірнеше күнге созылды. Сол аралықта қалаға қарай үш бағыттан генерал-лейтенант А. Лаврентьевтің жазалаушы корпусы келе жатты. Патша жазалаушыларының басым күштері жақындап қалғандығы туралы хабар алып, көтерілісшілер Торғайды қоршауды қойды және патша әскерлері отрядтарының алдынан шықты. 16-қазанда А. Иманов бастаған жалпы саны 12 мыңға жуық адамнан құрылған сарбаздар Топкойма почта станциясы ауданында подполковник Катоминнің жазалаушы отрядтарына шабуыл жасады. Көтерілісшілердің негізгі бұқарасы адам күшін сақтап қалу мақсатында қараша айының екінші жартысында Торғайдан 150 шақырым жерге әкетіліп, Батпаққара ауданында шоғыраландырылды. Осы арадан 1916 ж. қараша айының екінші жартысынан бастап, 1917 ж. ақпанның орта шегіне дейін жазалаушыларға қарсы партизандық жортуылдар жасалып тұрды. Көтерілісшілер мен жазалаушылардың арасындағы айқастар Татыра, Ақшағанда, Доғал-Үрпек, Күйікте болып өтті. А. Имановтың штабы орналасқан Батпаққара ауданындағы ұрыстар шиеленісті өрбіді. Ол ұрыстар 1917 ж. ақпан айының екінші жартысында кең құлаш жайды. Сол шайқастарда А. Имановтың көтерілісшілер ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясын қарсы алды.

Қазақстанның басқа аймақтарында да көтерілісшілерге патша жазалаушы отрядтарының басым күштерімен кескілескен ұрыстар жүргізуге тура келді. Семей және Ақмола облыстарында көтерілісшілерге қарсы 12 кавалерия жүздігі, 11 күшейтілген жаяу әскер ротасы қимыл жасады. Ал Торғай көтерілісшілеріне қарсы патша өкіметі құрамында 17 атқыштар ротасы, 18 қазақтар жүздігі, 4 кавалерия эскадроны, 18 зеңбірегі, 10 пулеметі және басқалары болған экспедициялық корпус жіберді. Алайда, жазалаушылар тура ақпан революциясына дейін көтерілісті сол бойы басып-жанши алмады. Тек царизм құлатылығаннан кейін ғана Торғай облысындағы көтеріліс тиылды.

Жетісудағы көтеріліске басу үшін 8750 найзалы 95 рота, 3900 қылышты 24 жүздік, 16 зеңбірек пен 47 пулемет жіберілді. Жетісуда ондағы казак және кыргыз ауылдары жойылды, бейбіт тұрғындар аяусыз қудалаушылыққа ұшыратылды. Патша өкімет орындары сондарына түскен 300 мың казактар мен кыргыздар немесе Жетісудың жергілікті тұрғындардың төрттен бір бөлігі Қытайға қашуға мәжбүр болды.

Тек генерал-губернатор Куропаткин биіктен сот үкімдерімен Түркістан өлкесінде 1917 ж. 1-ақпанында дейін өлім жазасына 347 адам, каторгалық жұмыстарға - 168, түрмеде тұтқындалуға - 129 адам кесілді.³ Ал мұның сыртында сотсыз және тергеусіз атылып, жазалаушылар мен қоныс аударған селолар тұрғындарынан жасақталған отрядтардың қолдарынан қаза тапқандар тағы бар.

1916 ж. көтеріліс қазақ халқының көп ғасырлық ұлт-азаттық қозғалыстың тарихында ерекше орын алды. Империализм мен бірінші дүниежүзілік соғыс жағдайларында Амангелді Иманов пен көтерілістің басқа басшылары халықты өз уақытында Сырым Датов, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов, Кенесары мен Наурызбай Қасымовтар бастаған тәуелсіздік жолындағы күреске көтерілді. Кенесары Қасымовтың басшылығымен болған ұлт-азаттық қозғалысынан кейін бірінші рет 1916 ж. көтеріліс кең-байтақ өлкенің барлық аймақтарын қамтып, бүкілқазақтық сипат алды. Көтеріліс отарлауға және империалистік саясатқа қарсы бағытта өрбіді. Халықты ұлттық және саяси азат ету жолындағы көтерілістің басты міндеттерімен салыстырғанда бұл көтерілістің таптық жағы (ауылдың феодалдық басшы топтарына қарсы күрес) екінші кезектегі мәселе болып қалды.

Соңғы уақыттары жекеленген зерттеушілер⁴ (М. Қозыбаев, А.К. Бисембаев) қозғалыстың бұқаралық сипатын, көтеріліс барысында жалпыұлттық ұран көтерілгенін, көтерілісшілердің жекелеген билік жүргізу институты элементтерін құрғаны (мысалы, хан сайлау фактісі) ескеріп, 1916 ж. оқиғаларын патшалық Ресей отарларында бірінші рет болып өткен ұлт-азаттық ревалюциясы ретінде бағалау қажеттігі жөнінде тезис

³ Қазақстан тарихы. Очерктер, Алматы 1994. 294-парақ.

⁴ Учебное пособие по истории Казахстана с древнейших времен до наших дней. Алматы. 1992.79-парақ.

ұсынды. Қызықты-ақ тезис, бірақ 1916 ж. көтеріліс тарихының сюжеті А.В. Пястковскийдің сонау 1960 ж. айтса да, қазір ұмыт қалған тезисі сияқты арнайы зерттеуді талап етеді. Ал ол Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 ж. көтеріліс отар халықтарының (Қытайдың, Парсының, Оңтүстік Америка одағының және басқаларының) империалистік езгіге қарсы барған сайын өрши түскен... революциялық күрестердің бір буыны болғандығы сөзсіз,⁵ - деген пікір айтқан еді.

Солтүстік Қазақстан өңіріндегі қозғалыс осы оқиғалардың құрамдас бөлігі. Ұлан-байтақ қазақ даласын дүрліктірген осынау қанды оқиғаның талай мысалдарын Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағат құжаттары да дәлелдейді.

1916-жылғы көтерілістің тарихнамасы сол оқиғалардың он жылдығына байланысты 1926 жылдан бастап жасала бастаған. Сол кездегі Қазақстанды зерттеу қоғамы деп аталған ұйымның ынтасымен көтеріліске байланысты құжаттар мен естеліктер жиналған. Оның ішінде Ақмола губерниясының орталығы болған Петропавл қаласындағы өлкетану ұйымы да өз тарапынан әрекет жасап, жергілікті мұғалімдерге, қызмет адамдарына үндеу жолдап, көтерілістің басталуы, өрістеуі және күшпен жаншылуы туралы материалдар жіберуді сұраған. Осыған байланысты жер-жерден хаттар келген. Бұл хаттардың авторлары ішінде көтеріліске тікелей қатысқандардың естеліктері құнды дерек болып табылады. Сондай-ақ, халық басына түскен қасіреттің салдары тарихи өлендер түрінде де қағазға түскен.

Айта кету керек, біраз өлендер мен естеліктер кезінде Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетінің бетінде жарық көрген. Алайда, көпшілігі басылмай қалған да, мұрағатқа тапсырылған. 1916-жылғы оқиғаларға байланысты арнайы тапсырыспен жиналған мұндай маңызды жазбалардың арнайы кітап болып жарияланбауының себебін де байқаған сияқтымыз. Дәл осы 1926-жылы Республика басшылығына Ф.И. Голощекин келіп, мемлекеттің басшы қызметіндегі ұлтжанды қазақ қызметкерлерін қуғындап, «екінші қазан төңкерісін» жасаймын деп, елдің берекесін алғаны мәлім. Соның салдарынан үкімет

⁵ Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане: Сб. докум., М., 1960. 19-парақ.

деңгейінде арнайы шешім қабылданып, 16-жылғы оқиғалардың онжылдығын атап өту жөніндегі бастама аяғына жеткізілмей қалғаны күмән туғызбайды. Демек, жоғарыда айтылғандай, жиналған материалдар мұрағатқа өткізілген.

Тағы бір ескертетініміз, Қазақстанның басқа аймақтарында, мысалы, Торғай, Жетісу, батыс өлкелерде болған оқиғалар біршама зерттеліп, ғылыми және көркем әдебиет түрінде жарық көрді. Ал, мына біздің солтүстік аймақтағы оқиғалар ескерілмей, көтерілістің тиісті бағасы берілмей қалғаны өкінішті. Әрине, уақыт өтіп кетсе де, ұлт тарихындағы мұндай аса елеулі құбылыстар халық жадынан өшіп қалмауға тиіс. Тұтас халықтың басынап кешкен мұндай тарихи оқиғалар жүйеленіп, хатталып, бүгінгі ұрпақтың назарына ұсынылғаны жөн.

Осы мақсатта облыстық мемлекеттік мұрағаттағы қорларды ақтарып, 93 жыл бұрынғы оқиғаларға зер салдық. Патша үкіметінің және оның жергілікті билік орындарының тарапынан шыққан құжаттарды көтердік. 1926-жылы жиналған материалдарды арнайы зерттеп, топтастырып осы кітап түрінде жарыққа шығаруды жөн санадық. Әлбетте, бұл – оңайға түскен де жоқ. Кезінде араб әлібімен қағазға түскен, сауаты жағынан көп кемшілігі бар, бірсыпырасы өшіңкіреп қалған жазбаларға жан бітіруге тура келді. Әрине, әр нәрсе өз кезінде, бұл жазбалардың әдеби сапасы жоғары болмағанымен, бүгінгі талғамы биік, сауаты жоғары ұрпақтың талабынан төмен жатса да, олардың танымдық құны әлі де қымбат.

Шығарушылар алкасы бұл кітаптың материалдарын араб әлібінен кирилл әрпіне қайта көшіруде, қате жазылған есімдер мен атауларды анықтауда, кейбір оқиғаларды нақтылап, ғылыми жүйеге келтіруге жәрдемдескен профессор Зарқын Тайшыбайға, мұғалімдер Ербол Мақсұтханға, Абай Мырзағалиға ризашылық білдіреді.

Петропавл қаласы Қазақ автономиялы республикасының құрамына алғашқы болып кірген губерния орталығы болғандықтан, мұндағы мұрағат еліміздің басқа аймақтарымен салыстырғанда мол деректердің көзі болып табылады. Орынбор қаласы республика астанасы болған кезде, Петропавл мұрағатынан орталыққа әкетілген біраз құжаттарды есептегенде,

мұнда кеңес өкіметі орнағаннан бергі кезеңді қамтитын бағалы құжаттар бар.

Облыс мұрағатындағы құжаттар өлке тарихының әр кезеңін сипаттайды. Кеңес өкіметіне дейінгі және одан кейінгі құжаттар тек орыс тілінде кездессе, 1916 жыл оқиғасын тұңғыш рет араб әлібімен қазақ тілінде жазылған құжаттармен толықтырып, танысамыз. Бұл құжаттар өлкенің тарихын байыта түсетініне күмән жоқ. Мұрағат құжаттарынан сол кезеңнің қоғамдық-саяси ахуалын көреміз. Мысалы:

- «Соғыс, солдат» деген сөздер көп ұзаған жоқ, шындыққа айналды. Жұрт қайғыға салынды. Жұрттың көзі кеш болса ақ дуан жағасына қандай хабар келеді, не түрлі іс болады, деп аңыз кылысуда. Ауыл у-шу, азан-казан кемпірлер жылап жатыр, қотандағы айғай құлағыңды тұншықтырады. «Қарағым менің Балташым!» - деп сарнаған дауысқа адам шыдап тұра алатын емес. Түні бойы ұйқтаған ауыл жоқ, кәрі шалдар «ақыр заман орнағаны» деп уайым қылады. Біреу солқылдап жылап жатыр, біреулер баласына көрісіп, «Боз қасқаға құрмалдық айтып жатыр».

Ертеңіне жігіттер аттанып, Шолаққайың, Жарықкөл, Шарықтас барамыз деп бір-бір аттарын сайлап мініп алды. Біраз күн өтіп кетті, біздің Көкшетау болысының жігіттері соғысамыз деп жиналып қалған. Қызылжар уезінен там-тұмдап Тайынша болысынан, Құлансу, Қады деген елдерінде жігіт қосылып қалыпты.⁶

Сол сияқты:

Сарыарқаны өрт алды.
Мезгілінен ерте алды,
Көк тарлауы қуармай.
Көк ала түтін қаптады,
Ішкен асым батпады.
Жүрегімді дерт алды,
Мал садақа, жан пидә.

Бала сұрап ерік алды... - деген өлең жолдарында сол оқиғаның басталуын ақынның жан-күйігімен бейнелейді.

⁶ СҚОММ.1634-кор, 1-тізбе, 4-іс. 1-парақ.

Құжат беттерінде оқиғаның басталуы жөнінде Полудин болысының ақсақалдары 1916 жылғы 19 шілдеде Ақмола губернаторына: «Біз тыл жұмыстарына баруға әзіріміз, бірақ біз Сібір казактары сияқты майдан шебінде соғысуға қатыссақ, өзімізді бақытты деп санар едік»⁷, деген жауабында олардың екі-үшті ойы көрінеді. Осындай жауап бергенімен, казактар жарлықты жүзеге асыруға асықпай, керісінше, қарсылық әрекеттер көрсеткен. Бұл жөнінде Злотаус кентіндегі казактардың әрекеті жөнінде Пресногорьковтан: «1916 жылғы 16 шілде кешке қарай Қаратал болысының жүздеген адамдары болыс кенсесін талқандап, бастығы мен писарьді тұтқындап, арнайы белгілерін, мөрді, тізімдерді тартып алды»⁸ деп хабарлайды. Қарапайым, қараңғы халық мобилизацияға дайындалған тізімді жойып жіберсе, «кімнің кім екенін» анықтауға болмас деген анқау ойда еді.

Петропавл жандарм пунктiнiң унтер-офицерi Лесняченконың Омбы жандарм басқармасына хабарынан:

«Шiлдeнiң 26 жұлдызында Петропавл ояздық басқармасына арнайы шабарман келiп, Петропавл казак болысының казактары осы болыстық мекеменi талқандап, казактардың отбасылық тiзiмдерiн, барлық қағаздарын құртып жiберген»⁹ - дедi. Бұл құжаттар бiздiң өнiрiмiзде, қозғалыстың стихиялы түрде басталып, бiртiндеп өршi түскенiн көрсетедi.

Ақмола губернаторы Масальскийдiң Қыр өлкесiнiң генерал-губернаторына жiберген мына жедел хабары оған дәлел:

«1916 жылы 28 шiлдеде казактардың әр жерге жиналып жатқаны, орыс селоларына басып кiрiп тонағаны, ауыл ағасының мөрiн тартып алып, тiзiм жасаттырмай, өлтiремiз деп қорқытқаны туралы хабар адып отырмын.

Шаруа бастықтарына әскери жасақ алып, казактарды тыныштандыру шараларын жасауға, бас көтерерлерiн, арандатушыларды тұтқындау жөнiнде бұйрық бердiм.

Автомобилмен Явленное және Николай селоларына өзiм шығып, казактардың толқуы мен топтасып жатқанын байқадым, казактарды жасақтап жөнелттiм.

⁷ СКОММ.1370-кор.3-тiзбе,138а-ic,370-парақ.

⁸ Сонда.

⁹ СКОММ.1370-кор.3-тiзбе,138а-ic,371-парақ

Петропавлда беделді деген бес адамды тұтқындадым, оның ішінде болыстарды аралап, үгіт жүргізген Тоқсан Тілемісов бар; оны тұтқындағаннан кейін Тайынша болысының бұрын көнбеген қазақтары бүгін маған келіп, тексеруден өтуге және кара жұмысқа баруға дайын екенін айтты.»¹⁰

Сол губернатор Масальский Қыр өлкесінің губернаторына жазған жедел хабарында уез селоларына барған сапарын айтады. Ол Николай селосындағы оқиғаларды хабарлап қана қоймай, терең мәселелер төңірегінде ой қозғайды:

«Жүздеген қазақ жиналып, қырда ойран салып жатыр, шабындықтар мен егістіктерді қасақана таптауда, үйлерге басып кіруде, озбырлық көрсетіп, жергілікті орыстарды өртейміз, қырамыз деп қорқытуда.

Кейбір қазақтар аңшы мылтықтарымен, алтыатармен, ұзын сапты балталармен қаруланған. Мен Явленое селосына, одан кейін Омбы казак жасағына келгенімде, Құмдықөл көлі маңына жиналған тобыр тез тарап кетті, олармен тілдесе алмай қалдым».¹¹

Одан кейін чиновник бүлікшілерді тұтқындап, Петропавл түрмесіне жібергені жөнінде айтады, ал Явленкада өзінің көмекшісін елу казак және қосымша келген рота солдаттармен қалдырған.

Губернатор Атбасар уезіндегі «ерекше қобалжулар» жөнінде айта отырып, сол жаққа тыныштандыру үшін баратынын жазады.

Қаруланған көтеріліс отрядтары жерлікті әкімшілік өкілдерін жазалап, бай-феодалдардың, болыс басшыларының мүліктерін қиратты, полиция және патша әскерлерімен қақтығысқа түсіп, әскер жасындағы жастарға толтырылған тізімдерді тартып алып, жойып отырды.

Қозғалысты бәсеңсіту үшін 1916 жылы 20 шілде де патша «мүсіркеушілік білдіріп» жігіттерді егін орағы біткенге дейін әскер қатарына шақырудан қалдырды. Кейін оны сол жылдың 15 қыркүйегіне дейін ұзартты, әйтсе де, барған сайын күшейе түскен ұлт-азаттық қозғалысты бұл жолмен тоқтату мүмкін емес

¹⁰ Сонда. 372-парақ.

¹¹ СКММ.1370-қор,3-тізбе.138а-іс.372-парақ.

еді. Көтеріліс елеулі саяси күрес сипатындағы қарулы қактығыстарға айнала бастады.

Олар шағын топтарға бірігіп, орыс қоныстарының маңайын торуылдап, өрттейміз, талқандаймыз, деп қорқытты. Кей кездері полиция өкілдері мен жеке тұлғаларға өктемдік көрсеткен.

Мысалы, осы жылдың 3 тамызында Ұзынкөл маңында, Новоникольск станицасының уряднигіне көмекке бара жатқан үшінші станның полиция уряднигі Попов пен он адам казактарға қарулы қарсылық көрсетілген. Қарсылықтың күштілігі сондай, урядник казактарымен кейін шегінген¹².

Солтүстік Қазақстан өлкесіндегі ұлт-азаттық көтерілістің басшыларына келсек, олар: Құсайын Байдашов, Малдыбай Байбарақов, Токсан Тілемісов, Нұрпейіс Тастембеков, Мұхаметжан Шұртулаев, Мұхаметжан Тоқанов, Жаппархан Күшіков, Нығман Оранкин, Оспан Жүсіпов, Әбен Шоқаев, Жантас Мыңаспаев тағы басқалары.

Құжаттар басқа да түрлі қобалжулар болғанын баяндайды.

Чехов селосының саудагерлері екінші ауылда «көптеген казактардың», соның ішінде 40 адам қызыл жалаушыларымен болғанын хабарласа, Ақмола уезінің бастығы хабарлағандай, «Анна селосының маңына жиналған казактар Ахмет Мусин басқаратын Орта болыстың оныншы ауылына шабуыл жасап, ас-суын тартып алып кеткен, 88 қойды және үш жылқыны сойып тастап, той жасаған.»¹³

Жергілікті халықтың қарсылығына, мыңдаған адамдардың көз жасына қарамастан, тыл жұмыстарына күштеп жұмсау жалғаса берді.

Ақмола губерниялық газетінің ақпары бойынша, 1917 жылы 5 қаңтарда үкімет Торғай облысының Ырғыз, Қостанай уездерінде әскери жағдай жариялаған. Сонда Ақмола облысы бойынша казактарды мобилизациялау жөнінде мәліметтер бар:

Әскери ведомстваға қабылданып, тапсырылған – 8147 адам, жарамсыз деп табылғандар – 8685, реквизициядан босатылғандар – 10481, уақытша босатылғандар, артельге бірігіп армияға нан тасу үшін ұйымдасқандар – 1211 адам.

¹² СҚОММ.1370-қор.1-тізбе,138а-іс,375-парақ.

¹³ Сонда, 376-парақ.

Көріп отырғанымыздай, окоп қазуға қазақтардың бір бөлігі ғана аттанған, олардың басымы өз еліне көп кешікпей оралды.

Мына құжаттар мен естеліктер сол оқиғалардың Солтүстік Қазақстан аймағында нақты қандай жағдайда өткенінен хабар береді деп есептейміз. Мұндай мағлұматтар өлкетану ісіндегі кейбір олқылықтардың орнын толтырады, сондығымен де құнды.

Кітапта мұрағат құжаттары қазақшаға аударылып берілді. Көтеріліске қатысушылардың естеліктері мен өлеңдері осы күнгі жазу ережесіне келтірілді, шағын қысқартулар бар.

Бұл аталғандармен қоса, жинаққа әйгілі Алаш көсемдері Әлихан Бөкейханов пен Мұстафа Шоқайдың сол кезде жазған мақалалары беріліп отыр. Ә. Бөкейхановтың Батыс майданынан жазған жазбалары майдан жұмысына шақырылған қазақ жігіттерінің өмірінен шынайы хабар береді. Кейінгі, кеңес заманындағы тарихшылардың шындықты бұрмалап, Алаш көсемдерін өз халқына жау етіп көрсеткісі келгені мәлім. Ал, мына жазбалар, керісінше, Әлекең бастаған ұлт көсемдерінің қазақтан басқа мұңы да, мұқтажы да, болмағанын көрсетеді. Бүгінгі ұрпақ мұндай шындыққа көз жеткізуге тиіс.

Мұстафа Шоқайдың мақаласы да ащы шындықтың бетін ашып, коммунистік насихатшылардың мақсатын әшкерелеп береді. Жылдар бойы осынау ұлт-азатық көтерілістің мәні мен мағынасы жөнінде теріс түсінік қалыптастырған аға ұрпақтың да көзін ашады деп ойлаймыз. Осының бәрі еліміздің тәуелсіздігінің арқасы. Тек тәуелсіздік жағдайында ғана жоғымызды түгендеп, тарихтың тылсым сырларын ашуға мүмкіндік туып отыр.

I-бөлім

ОБЛЫСТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТ ҚОРЫНАН АЛЫНҒАН РЕСМИ ҚҰЖАТТАР МЕН ІС ҚАҒАЗДАРЫ

№1

1916 жылғы 6 шілде

РЕСЕЙ ҮКІМЕТІ ЖАРЛЫҚТАРЫ МЕН БҰЙРЫҚТАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

№182

Империяның бұратана халықтарының ер-азаматтарын саптағы әскердің мүддесі үшін қорғаныс ғимараттары мен әскери байланыс жолдарын салуға, сол сияқты мемлекет қорғанысына қажет басқа да жұмыстарды орындауға шақыру туралы.

Император Ағзам 1916 жылғы маусымның 25 жұлдызында өз тарапынан былай деп бұйырды

1 Болып жатқан соғыс мүддесіне қажет жұмыстарды орындауға 19-43 жасты қосып алған, аралықтағы империяның төменде аталған бұратана ер-азаматтары шақырылсын.

...Ақмола ... облыстарының бұратана халықтары.

СКОММ, 1370-кор, 3-тізбе, 138а-іс, 369-парақ. Түпнұсқадан көшіріліп аударылды.

№2

1916 жылғы 6 шілде

ПЕТРОПАВЛ ОЯЗЫ ШАРУА БАСТЫҚТАРЫ СЪЕЗИНІҢ ТӨРАҒАСЫ ПОНОМАРЕНКОНЫҢ АҚМОЛА ГУБЕРНАТОРЫНА ЖЕДЕЛХАТЫ

Алғашқы шақырылған үш казак болысының 1000-ға тарта өкілдері Петропавл қаласына келіп: әскерге алынатын жігіттерді Омбы мен Петроградқа Петропавл және басқа да ояздардан шақыруды кейінге қалдыру үшін кеткен делегаттар оралғаннан кейін ғана жеткізіміз деп үзілді кесілді мәлімдеді.

Тиісті уақытында келуден бастартуды ұйымдастырғандардың жетекшілерін тұтқындап, Петропавлдан тез арада жер аударып жіберу туралы съезд атынан ұсыныс береміз. Батыл шаралар қолданбаса, іс асқынып кетуі мүмкін

СКОММ. 1370-қор, 3-тізбе, 138а-іс, 370-парақ. Түпнұсқадан көшіріліп аударылды.

№3

1916 жылғы 13 шілде

**ҚЫР ӨЛКЕСІ ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЫНЫҢ
АҚМОЛА ГУБЕРНАТОРЫНА ЖОЛДАҒАН
ЖАРЛЫҒЫ**

№4647

Дворяндық санатқа жататын және тиісті заң бойынша куәлік алған қазақтар қорғаныс ғимараттарын салу жұмыстарына шақырылмайды.

Сіздің мәртебелі жанабыңызға осы жағдайды хабарлап, тиісті шешім алуыңызды сұраймын.

Қыр өлкесінің генерал-губернаторы Сухомлинов

Кеңсе бастығы (қолы қойылған)

Іс жүргізуші (қолы қойылған)

СКОММ. 55-қор, 8-тізбе, 4 іс, 8-парақ, Көшірмеден аударылды.

№4

1916 жылғы 16 шілде

**ЗЛАТОУСТ КЕНТІ АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ
ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ ТУРАЛЫ
ПРЕСНОГОРЬКОЕ БЕКІНІСІНЕН КЕЛГЕН ХАБАР**

...16 шілденің кешінде қаратал болысының қазақтары бірнеше жүз адам топ-топ болып келіп болыстың кенсесін талқандады, болысты және оның хатшысын... тұтқындады, болыстық белгіні, мөрді, тізімдерді, ақшаны... тартып әкетті.

СКОММ. 1370-қор, 3-тізбе, 138а-іс, 370-парақ. Түпнұсқадан көшіріліп аударылды.

№5

1916 жылғы 19 шілде

ХАТТАМА

Біз, Полудин болысы аксақалдарының атынан, бұратаналарды тыл жұмыстарына тарту жөніндегі мәселені тыңдап: Өзіміз және біздің балаларымыз өзімізге бауырлас Сібір казактарымен бірге және тең құқылы болып соғысқа бару құрметіне шексіз бақытты екенімізді айтамыз: Айтылған уақыттан қалмай бөгетсіз келетінімізге сенім білдіреміз.

Куанышев, Айдарбеков, Жұмабаев, Токтамбеков, Қарабаев, Шалжанов, Тастеміров, Бейсенов, Жақыпов, Әлдекин, Батырбеков.

СҚОММ, 1370-кор, 3-тізбе. 138а-іс. 371-парақ. Түпнұсқадан көшіріліп аударылды.

№6

1916 жылғы 27 шілде

ПЕТРОПАВЛ ЖАНДАРМ ҚОСЫНЫ БАСТЫҒЫНЫҢ ОМБЫ ЖАНДАРМ БАСҚАРМАСЫНА ХАБАРЫНАН

Шілденің 26 жұлдызында Петропавл ояздық басқармасына арнайы шабарман келіп, Петропавл казак болысының казактары осы болыстық мекемені талқандап, казактардың отбасылық тізімдерін, барлық қағаздарын құртып жіберген. Осылайша олар қара жұмысқа шақырудан құтылмақ. Болыс пен оның хатшысын сабаған...

Унтер-офицер Лесняченко

СҚОММ, 1370-кор, 3-тізбе, 138 а -іс, 371-парақ. Түпнұсқадан көшіріліп аударылды

1916 жылғы 28 шілде

**АҚМОЛА ГУБЕРНАТОРЫ МАСАЛЬСКИЙДІҢ
ҚЫР ӨЛКЕСІ ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЫНА
ЖЕДЕЛХАТЫ**

Қазақтардың әр жерге жиналып жатқаны, орыс селоларына басып кіріп тонағаны, ауыл ағасының мөрін тартып алып, тізім жасаттырмай, өлтіреміз деп қорқытқаны туралы хабар алып отырмын.

Шаруа бастықтарына әскери жасақ алып қазақтарды тыныштандыру шараларын жасауға, бас көтерерлерін, арандатушыларды тұтқындау жөнінде бұйрық бердім.

Автомобилмен Явленное және Николай селоларына өзім шығып, қазақтардың толқуы мен топтасып жатқанын байқадым, сол жаққа қазақтарды жасақтап жөнелттім.

Петропавлда беделді деген бес адамды тұтқындадым, оның ішінде болыстарды аралап, үгіт жүргізген Токсан Тілемісов бар; оны тұтқындағаннан кейін Тайынша болысының бұрын көнбеген қазақтары бүгін маған келіп, тексеруден өтуге және қара жұмысқа баруға дайын екенін айтты.

Губернатор Масальский

СКОММ, 1370-қор, 3-тізбе, 138 а-іс, 371-парақ. Түпнұсқадан көшіріліп
аударылды.

1916 жылғы 28 шілде

**АҚМОЛА ГУБЕРНАТОРЫНЫҢ
ҚЫР ӨЛКЕСІ ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЫНА
ЖОЛДАҒАН ЖЕДЕЛХАТЫ**

28 шілде күні кешінде Явленное селосына келіп, мынадай нақты деректер алдым: 22 шілде күні жүздеген адамнан тұратын қазақтар көрші Николай селосын қоршап алып, өртеп жібермек болған. Осында келіп жасырынған Сүлейменов деген болысты мәжбүрлеп, соның алдында жасалған тізім мен қызмет мөрін

тартып алып, кетіп қалған. Қара жұмысқа шақыруға көнбейтінін айтқан. Сондай ақ, жүздеген қазақ жиналып, қырда ойран салып жатыр, шабындықтар мен егістіктерді қасақана таптауда, үйлерге басып кіруде, озбырлық көрсетіп, жергілікті орыстарды өртейміз, қырамыз деп қорқытуда.

Кейбір қазақтар аңшы мылтықтарымен, алтыатармен, ұзын сапты балталармен қаруланған. Мен Явленое селосына, одан кейін Омбы қазақ жасағына келгенімде, Құмдықөл көлі маңына жиналған тобыр тез тарап кетті, олармен тілдесе алмай қалдым. Сол түні қазақтарды бастап барған пристав Соколов Көбес деген жерде болыстың тізімін тартып алған қазақтардың бес басшысын тұтқындады, арандатты деген се-зікпен басқа алты ақсақал ұсталды. Тұтқындалғандарды күшті күзетпен Петропавлға апарып қамауға жөнелттім. Осыдан кейін ғана ауыл қазақтары аз-аздан қара жұмысқа жазылуға келе бастады.

Қазақтарды толық тыныштандыру және басқа да бастаушыларды ұстау үшін Явленое селосына ояз бастығының көмекшісі Бржезовскийді, жергілікті шаруа бастықтары Храшевский мен Кучукті бірнеше күнге қалдырдым, оларға елудей қазақ пен бүтін келген жарты рота салдатты қосып, нақты нұсқау бердім. Өзім Атбасар уезіне автомобильмен кетіп барамын, алынған хабар бойынша бұл оязда бас көтеру тіпті асқынып кетіпті.

Губернатор Масальский

СҚОММ. 1370-кор. 3-тізбе, 138а-іс, 373-парақ. Түпнұсқадан көшіріліп аударылған.

№9

1916 жылғы шілде

ПЕТРОПАВЛ ОЯЗЫ БАСТЫҒЫНЫҢ БАРЛЫҚ БОЛЫСТАРҒА ХАТЫ

Осы хатты алысымен майдан тылында қара жұмысқа шақырылуға тиісті қазақтардың тізімін жасауға тез аттаныңыз.

Бұл тізімнің бір данасын сол ауылдағы қызмет адамының, моллалар мен орыс мектептерінде оқитындар және

оларды бітіргендердің тұсына белгі соғып, мұндайлар уақытша жоқ болса, қазіргі мекен-жайын көрсетіп жедел түрде маған жеткізіңіз. Тізім тапсырудың ақтық мерзімі осы жылдың 10-тамызы.

Бұл тізімде қара жұмысқа шақырылған қазақтардың ішінде қайсысы отбасында еңбекке жарайтын бірден-бір азамат екені, сондай-ақ, отбасында 16-65 жас арасында басқа ер адам жоқ екені туралы белгі соғылсын. Тізім менің қолыма неғұрлым тез тисе, 19 бен 31 жас арасындағы қандай бір қазақты майданның қара жұмысына шақырудан босату мәселесі соншалықты тез шешіледі.

Тізімдерді жасау жөнінде нақты нұсқау Ақмола губернаторының, сондай-ақ менің тарапымнан бұрын берілген болатын.

СКОММ.55-кор. 8-тізбе, 4-іс 7-парақ. Түпнұсқадан көшіріліп аударылған.

№10

1916 жылғы шілде

ҚАЗАҚТАРДЫҢ КӨТЕРІЛІСІНЕ БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР ТУРАЛЫ ДЕРЕК

Петропавл оязы казактарының көтерілісін бастаушылармен арандатушылардың тізімі

1. Құсайын Байдашов
2. Молдыбай Байбарақов
3. Токсан Тілемісов
4. Нұрпейіс Тастембеков
5. Мұхаметжан Шұртулаев
6. Мұхаметжан Токанов
7. Жаппархан Күшіков
8. Нығман Оранкин
9. Оспан Жүсіпов
10. Әбен Шоқаев
11. Жантас Мыңаспаев

СКОММ, 1370-кор, 3-тізбе, 138-іс, 370-парақ. Түпнұсқадан көшіріліп аударылды.

ПЕТРОПАВЛ ЖАНДАРМ ҚОСЫНЫНЫҢ
ОМБЫ ЖАНДАРМ БАСҚАРМАСЫНА ХАБАРЫНАН

23 шілде күні Петропавл казак болысының 500-дей қазағы Рахмет Құлжановпен Шәнке Шаукин деген қазақтардың бастауымен осы № 2 болыстың басқарушысы Сұраған Сүлейменовке, соғысқа жіберуге казактардың тізімін жасап жатырсың, ал өзін қалып қоймақсың, сол үшін өлтіреміз деп келіпті. Болыс мұны алдын-ала біліп қойып Николай (Көбеш) селосына, өзінің хатшысы Антон Корлинченкоға қашып кетіпті. Болыстың үйінде жоқ екенін білгеннен кейін қазақтар оның киіз үйін қиратып, дүние-мүлкін талқандап, болыстың әйелі мен балаларын сабап, малын талай бастапты.

Ертеңінде, 24 шілде күні Құлжанов пен Шәукин бірнеше қазақты ертіп Николай селосындағы Корлинченконың пәтеріне келіпті, бірақ болысты өлтіре алмапты, болыстық мөр мен тізімдерді беруді талап етіпті.

Болыс казактарға қарсы тұра алмай, өзінің хатшысымен ақылдасып мөр мен тізімді қолдарына ұстатыпты. Шәукин тізімді табан астында жыртып тастап, мөрді қалтасына салып алыпты. Қазақтар қара жұмысқа бармаймыз депті. Айтқанындай, шақырған күні, яғни шілденің 29 жұлдызында Явленое селосына келмепті. Осы селоға Акмола губернаторы Масальский мырза жүз казак пен 33-Сібір атқыштар полкінің бір рота атқыштарымен келгенде, губернатордың бұйрығымен мыналар тұтқындалған:

Құлжанов Рахмет-40 жаста, Шәукин Шәнке-61 жаста, Жанбатыров Жаппар-72 жаста, Өскенбаев Оразәлі-52 жаста, Бұрғынов Жаппар-71 жаста, Қашқынов Құлжан-71 жаста, Тұрсынов Тәулей-60 жаста, Жанбатыров Жұма-66 жаста, Жанбатыров Жайсаң-68 жаста, Жансейітов Әубәкір-45 жаста, Әлімбаев Ысқақ-45 жаста. Бұл казактардың ұсталғанын естіген басқа казактар 29 шілде күні Явленое селосына жазылуға келе бастады, ал, тұтқындалған 11 адам Петропавл абақтысына жөнелтілді, қазір сонда.

Унтер-офицер Назаров

СКОММ, 1370-кор. 1-тізбе. 138а-іс, 373-374-парақтар. Түпнұсқадан көшіріліп аударылды.

1916 жылғы 8 тамыз

ПЕТРОПАВЛ ОЯЗЫ БАСТЫҒЫНЫҢ
АҚМОЛА ГУБЕРНАТОРЫНА МӘЛІМХАТЫНАН

Маған қарайтын ояздың 3-станы маңайындағы Орта және басқа да болыстардың қазақтары Патша ағзамның қара жұмысқа шақыруды осы жылғы қыркүйектің 15 жұлдызына дейін шегеруіне және шегергеннен кейін де бұл шешімді қанағат тұтпай, шағын-шағын топ болып орыс селоларын торуылдап жүр. Селоларды өртейміз, тіпті құртып жібереміз деп қорқытып полиция қызметкерлеріне, жеке адамдарға зорлық-зомбылық жасауда. Мысалы, тамыздың 3 жұлдызында Ұзынкөл деген жерде 3-станның уряднигі Поповқа, және оның қасына көмекке Новониколск станициясынан жіберілген он казакқа қарулы қарсылық көрсеткен. Қарсылықтың күшті болғаны соншалық, урядник пен казактардың беті қайтып, шегінуге мәжбүр болған.

Чехов селосының саудагері Астахов екінші ауылға барған-да қырықшақты казактын қызыл жалауша алып жиналып жүргенін көрген. Есіт бойына көп казак жиналып жатыр.

С КОММ 1370-кор. 1-тізбе, 138а-іс, 375-парақ. Түпнұсқадан көшіріліп
аударылған.

1916 жылғы 16 тамыз

ПЕТРОПАВЛ ОЯЗЫ БАСТЫҒЫНЫҢ
АҚМОЛА ГУБЕРНАТОРЫНА МӘЛІМХАТЫНАН

...Естуімізше қыркүйектің 15 жұлдызында қара жұмысқа шақырылу кезінде қазақтар қатты қарсылық көрсетпек.

СКОММ. 1370-кор. 1-тізбе, 138а-іс, 375-парақ. Түпнұсқадан көшіріліп
аударылған.

№14

1916 жылғы 19 тамыз

ПЕТРОПАВЛ ОЯЗЫ БАСТЫҒЫНЫҢ АҚМОЛА ГУБЕРНАТОРЫНА МӘЛІМХАТЫНАН

Анна селосының маңына жиналған казактар Ахмет Мусин басқаратын Орта болыстың оныншы ауылына шабуыл жасап, ас-суын алып кеткен, 88 қойды және үш жылқыны сойып тастап, той жасаған.

СҚОММ. 1370-қор. 1-тізбе, 138а-іс, 376-парақ. Түпнұсқадан көшіріліп
аударылған.

№15

1916 жылғы 6 қыркүйек

ОМБЫ ӘСКЕРИ ОКРУГІ БОЙЫНША БҰЙРЫҚ

№63

Алда, қыркүйектің 15 жұлдызында казактардың қара жұмысқа шақырылуына байланысты Патша ағзамның бұйрығын орындамайтын, және казактарды арандатуы мүмкін, теріс қылығы байқалғандарды жедел ұстатып, төтенше жағдай тәртібі күшін жойғанша өлке шегінен тыс жерге айдалады.

Қыр өлкесінің мәртебелі бастығы,
Генерал-губернатор, Кавалерия генералы Сухомлинов

СҚОММ. 268-қор, 2-тізбе, 2-іс, 83-парақ. Гәзеттен көшірілген.

1916 жылғы 11 қыркүйек

ХАТТАМА

Екібастұз көмір кенішінің полиция уряднигі Никитин осы хаттаманы жасадым:

Ақмола оязы, Благодать болысының шаруалары Федор Музеренко, Агей Лисовский және Василий Сидорчук бүгінгі күні Екібастұзға қазынадан мал жемін алуға келіп, мына жағдайларды жеткізді. Олар өз болысынан 6 қыркүйек күні шыққанда Ақмола оязының тау ішіндегі Ереймен болысы тоналған. Ұрылар әрқайсысы 66 рублден 3 тон, 15 рублден 3 пар пима, 20 рублдің етігін және казнаның астық қоймасынан: 3 қап сұлы, 2 қап бидай, 10 қап азықтық сұлы, 35 бөлке піскен нан, 3 балта, 20 фунт шошканың қыртыс майын алып кеткен.

Бұл тонағандар тау арасында мыңдап өріп жүрген қазақтар, бәрі жақсы ат мініп, найза, балта ұстаған жастар. Араларында қарттар мен әйелдер жоқ, өздерін бұзық танытады, орыс патшасының керегі жоқ, өзіміздің билеушіміз бар дейді. Олар жол торып Павлодар оязына баратындарды өткізеді, ол жактан келе жатқандарды өткізбейді, Павлодарға келген тұтқындар деп есептейді. Бүгін 33 ат-көлікпен 25 адам әйелдер мен балалар келді. Барлығы 200 дей адам жиналды. Олар қазақтар сабап кетеді деп қорқуда.

Екібастұз көмір кенішінің полиция уряднигі Никитин

Айтқандар: Федор Музеренко, Агей Лисовский және

Василий Сидорчук.

Бұл хат танымағандықтан, олар үшін Яков Голыдин қол қойды.

СКОММ. 268-қор, 2-тізбе, 2-іс, 38-парақ. Түпнұсқадан көшіріліп аударылған.

1916 жылғы 1 қазан

ТЫЛ ЖҰМЫСТАРЫ ШАҚЫРЫЛҒАНДАРДЫ
ЖЕТКІЗБЕГЕНІ ТУРАЛЫ №103 ҚАУЛЫ

Торғай губернаторы мырза казактың барлық ақсақалдарына бұйрық беріп, тылдағы кара жұмысқа шақырылатын 19 бен 31 жас аралығындағы казактардың тізімін жасап, оларды осы жылғы тамыздың 19 жұлдызында жасалған №56 кестеге сәйкес дәрігерлік байқаудан өткізу үшін шақыру қосынына әкелуге міндеттеген болатын.

Соған қарамастан Аманқарағай болысының №1-10, №12 ауылдарының ақсақалдары ел адамдарының ықпалына көніп, тізім жасауға және шақырылғандарды тиісті мерзімде Қостанай қаласына жеткізуге қарсылық жасап отыр.

Осыған байланысты, Торғай губернаторының маған осы жылдың 24 қыркүйегінде берген №530 пәрменіне сәйкес қаулы еттім:

Торғай губернаторының 1915 жылғы ақпанның 29 жұлдызында шығарған міндетті қаулысының алтыншы және оныншы баптарына сәйкес, мына ақсақалдарды Торғай губернаторынан тиісті нұсқау келгенше Қостанай абақтысына қамауға. Осы қаулыны Торғай губернаторына жіберуге,

Қаулының орындалуын қадағалау Қостанай оязы бастығына жүктеледі.

1916 жылғы 8 қазан, Қостанай қаласы.

Торғай облыстық басқармасының аға кеңесшісі, полковник (қолы қойылған)

Бұл қаулыны орындау үшін Қостанай оязы бастығына жібере отырып, бұл ақсақалдардың Қостанай қаласына шақырғанға келмегенін, сондықтан оларды іздеп тауып, тұтқынға алу қажеттігін хабарлаймын.

1916 жылғы 8 қазан. №104

Торғай облыстық басқармасының аға кеңесшісі, полковник (қолы қойылған)

Түпнұсқадан көшірілді, хатшы тілмәш (қолы қойылған)

СКОММ, 55-қор, 8-тізбе, 4-іс, 10-11-парақтар. Көшірмеден аударылған.

№18

1916 жылғы 2 қазан

ҚОСТАНАЙ ОЯЗЫНЫҢ БАСТЫҒЫНА ОРЫНБОРДАН ТҮСКЕН ЖЕДЕЛХАТ

№02787

Осы жарлықты алғаннан кейін тізімдерді шаруа бастықтарынан алып, шақырылғандарды келтірмеген ақсақалдарды 3 ай абақтыға қамал тастаңыз да, маған хабарлаңыз.

Кейбір ақсақалдар шақырылғандарды жеткізетін болса, кешіктіру себептерін түсіндіріп, маған хабарлаңыз, олардың жазасын жеңілдетемін.

Эверсман.

СКОММ, 55-қор, 8-тізбе, 4-іс, 10-парақ. Көшірмеден аударылған.

№19

1916 жылғы 8 қазан

ТОРҒАЙ ОБЛЫСТЫҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ 97-ДОН КАЗАК ЖҮЗДІГІНІҢ КОМАНДИРІНЕ ЖОЛДАҒАН ХАТЫ

Қостанай қаласы, №91, тығыз. Соғыс жағдайында.

Торғай губернаторы мырзаның қазанның 6 жұлдызындағы №64 жеделхатына сәйкес қарауыңыздағы жүздікпен Берден кентіне тез жетіп, Бестебе болысы казактарын майдан қара жауымыз шақыру ісінде маған көмектесініз.

С.д. Қостанай оязы бастығының Бұйрығымен полиция ұраны бастап әкеледі. Өзім Берденде қазанның 12-де боламын.

Полковник Агапов.

СКОММ, 55-қор, 8-тізбе, 4-іс, 11-парақ. Көшірмеден аударылған.

№20

1916 жылғы 11 қазан

**ҚОСТАНАЙ ОЯЗЫ БАСТЫҒЫНЫҢ
ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫ БІРІНШІ БӨЛІМІНІҢ
ПРИСТАВЫНА ХАТЫ**

Құпия

Таяу арада бірқатар қазақ ақсақалдарын тұтқындауымыз керек, бірақ қостанай түрмесі мен абактысы тар болғандықтан, олар сиятын емес сондықтан, бұл тұтқындарды қамауға жеке үй жалдау жағын тез қарастырып маған хабарлаңыз.

Ояз бастығы үшін (қол қойылған)
Хатшы тілмәш үшін (қол қойылған)

1916 жылғы 12 қазан

**ҚОСТАНАЙ ОЯЗЫ БАСТЫҒЫНА
ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫ БІРІНШІ БӨЛІМІ ПРИСТАВЫНЫҢ
ЖАУАБЫ**

Құпия

Қостанай оязы бастығына тұтқындарды қамайтын бос орынның жоқ екенін хабарлаймын.

I-бөлімнің приставы (қол қойылған)

СКОММ. 55-қор, 8-тізбе, 4-іс. 12-парақ. Көшірмеден аударылған.

№21

1916 жылғы 18 қазан

**ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫ ҚОСТАНАЙ ОЯЗЫ БАСТЫҒЫНЫҢ
ҚОСТАНАЙ ҚАЛАЛЫҚ БАСҚАРМАСЫНА ХАТЫ**

Тығыз.

Тұткындалған қазақтар аға кеңесші полковник Агаповтың өкімі бойынша Лорецтің қоймасына қамалды, бұл жөнінде

губернаторға хабарланды. Менде басқа орын жоқ, сондықтан қалалық басқарма Лорецтің қоймасынан басқа орын тауып берсе екен.

Ояз бастығы үшін (қол қойылған)
Хатшы тілмәш үшін (қол қойылған)

1916 жылғы 19 қазан

**КОСТАНАЙ ОЯЗЫ БАСТЫҒЫНА
КОСТАНАЙ ҚАЛАЛЫҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖАУАБЫ**

Тұтқын қазақтарды Каюковтын үйіне және Селянकिनаның ағаш қоймасына қамауға болады.

Қала бастығы (қолы қойылған)
Хатшы (қолы қойылған)

СКОММ55-кор, 8-тізбе, 4-іс, 12-парақ. Көшірмеден аударылған.

№22

1916 жылғы 19 қазан

**ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫ КОСТАНАЙ ОЯЗЫ БАСТЫҒЫНЫҢ
КОСТАНАЙ ҚАЛАЛЫҚ БАСҚАРМАСЫНА ХАТЫ**

Каюковтын үйі мен Селянकिनаның қоймасы тар. Лорецтің қоймасында қамаудағы 160 адамды сиғызу керек, бәлкім, алдағы уақытта мұнанда көп тұтқын келуге тиіс.

Ояз бастығы үшін (қол қойылған)
Хатшы тілмәш үшін (қол қойылған)

1916 жылғы 19 қазан

**КОСТАНАЙ ОЯЗЫ БАСТЫҒЫНА
КОСТАНАЙ ҚАЛАЛЫҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖАУАБЫ**

Күн суыта бастауына байланысты Лорец зауыдының жабдықталған орындарын әкімшілік тұтқындаған қазақтардан босатып, қара жұмысқа алынған қазақтар үшін жинау қосынына айналдыруға бұйрық беруіңізді сұраймын

Қала бастығы (қолы қойылған)
Баскарма мүшесі (қолы қойылған)
Хатшы (қолы қойылған)

СҚОММ, 55-қор, 8-тізбе, 4-іс, 12-парақ сырты. Көшірмеден
аударылған.

№23

1916 жылғы 19 қазан

**ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫ ҚОСТАНАЙ ОЯЗЫ БАСТЫҒЫНЫҢ
ҚОСТАНАЙ ҚАЛАЛЫҚ БАСҚАРМАСЫНА ХАТЫ**

Тұткындалған қазақтар аға кеңесші полковник Агаповтың өкімі бойынша Лорецтің коймасына қамалды, бұл жөнінде губернаторға хабарланды. Менде басқа орын жоқ, сондықтан қалалық баскарма Лорецтің коймасынан басқа орын тауып берсе екен.

Ояз бастығы үшін (қол қойылған)
Хатшы тілмәш үшін (қол қойылған)

1916 жылғы 19 қазан

**ҚОСТАНАЙ ОЯЗЫ БАСТЫҒЫНА
ҚОСТАНАЙ ҚАЛАЛЫҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖАУАБЫ**

Егер Каюков пен Селянкинаның үйлері тұтқын қазақтарға тарлық ететін болса, Қостанайда басқа мұндай пәтерлер жоқ. Сондықтан, Лорецтің сыра зауытының жабдыкталған орындарында тұтқын қазақтар отыр, демек қара жұмысқа шақырылғандарды да мұнда келтірудің орайы жоқ. Қала басқармасы осынау тығырықтан шығудың бір ғана жолын ұсынады. Кинематоргаф Панькиннің ғимаратынан дәрігерлік комиссияны Каюков пен Селянкинаның үйіне ауыстырып, кинематоргаф Панькиннің босаған ғимаратына тұтқын қазақтарды немесе қара жұмысқа алынған қазақтарды орналастыруға болар еді.

Қала бастығы үшін, Хатшы
СҚОММ, 55-қор, 8-тізбе, 4-іс, 12-парақ сырты-13 парақ. Көшірмеден
аударылған.

1916 жылғы 5 желтоқсан

**ОМБЫ ОКРУГТІК СОТЫНЫҢ ПРОКУРОРЫНА
3-ОМБЫ УЧАСКЕСІ ПРОКУРОРЫНЫҢ
ОРЫНБАСАРЫНАН**

Осы жылғы қыркүйектің 25 жұлдызында Омбы оязы Қызылғак болысының басқарушысы Мұхаммед Рақым Шәймерденов 2-учаскенін шаруа бастығының атына мәлімхат түсірді. Мәлімхатта қыркүйектің 19 жұлдызы күні оның киіз үйіне 400-ге тарта салт атты казак келген. Соның ішінде ғана бұл ауылдардың жігіттерін майдандағы қара жұмысқа жұмысқа жіберу мәселесі шешілген болатын. Және де шақыру қағаздарының бәрі жұмысқа баруға келіскен.

Бұл хаттарсыз мылтықпен, қалғаны сойылмен қаруланған казактар Шәймерденовтің киіз үйіне келіп: «Болыс шықсын, біз шапқаты келдік, болыс алдымызда ту ұстап жүріп отырсын, әйтпесе, көзін жоямыз», деп айғайлаған.

Шәймерденов өзінің манайындағы қарттар мен жақындарын казактармен тілдесуге жұмсап, көз байланғанша уақыт созып, қараңғы түскен кезде, атына жетіп, қырға қашып кеткен. Сонынан қуған казактар жете алмай қалыпты. (Бұдан әрі болыс қара жұмысқа шақырылғандардың өз ауылын тонап кеткенін және оларды кім бастап жүргенін егжей-тегжейлі баяндап берген.- С.М.).

...Осы оқиғаға байланысты №3 ауылдың елағасы Құсанов пен халық биі Кәрім Айтқожин полиция тергеуінде мыналарды айтқан. Болыс Шәймерденов казактарға жеткізбей қашып кеткеннен кейін, бұл казактар ағанды тауып бер деп болыстың қолына бұйырық сабаған. Дәлірек айтқанда, Нұрахмет Әбдіпейісов Әбубәкір Шәймерденовты сойылмен соққан. Бірақ, казактар дүние-мүлік алмаған, болыстың бірнеше қойын бауыздап, ыдыс-аяғын шашып, самаурынын сындырған, болыстың қатын-балаларын ұрмаған. Түнімен үйді қоршап тұрып, таң ата өз ауылдарына тарап кеткен.

Болыстың бәйбішесінің айтуынша, казактар оның үйіне басып кіріп, байыңды тап, бізге қосылсын, майдандағы қара

жұмысқа жетекші болғаны үшін үкіметке қарсы бірге соғысамыз, дескен...

Алдын ала тергеуде жауап алынған ...пристав Шевчик пен урядник Праницкийдің көрсетуі бойынша, болыстың отбасы мүшелері тарапынан мүлік тоналды деген өтініш болмаған, олар болыстың үйінің ішінде бүлінген-жарылған жағдайды көрмеген. Болыстың барлық киіз үйлерінің сырты бүтін, іші де аман-есен, шыны-аяқ сынбаған, болыстың әйелі мен балаларының көңіл-күйі көтеріңкі ...екенін айтқан. Тергеу кезінде болыстың өзі болған жоқ.

Прокурордың орынбасары Ютижинский
(қолы қойылған)

СКОММ 55-кор, 8-тізбе, 4-іс, 1-3-парақтар.

№25

1917 жылғы 26 қаңтар

ОБЛЫСТЫҚ «ОМСКИЙ ВЕСТНИК» ГАЗЕТІНЕН

Ақмола облысы бойынша қаңтардың 18 жұлдызына қабылданған қазақтардан әскери мекемеге 8147 адам өткізілді. Дәрігерлік қараудың нәтижесінде 8685 қазақ жарамсыз деп танылды. Кәсіпорындар мен мекемелерде қорғаныс мүддесіне жұмыс істеуші ретінде 10481 қазақ қара жұмысқа шақырылудан босатылды, Әскер мұқтажына астық дайындауға жегілген 1211 қазақты жөнелту уақытша кейінге қалдырылды.

СКОММ. 1370-кор. 3-тізбе, 138а-іс. 377-парақ. Көшірмеден аударылған.

№26

1917 жылғы 14 ақпан

ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ПЕТРОПАВЛ ОЯЗЫ ШАРУА БАСТЫҚТАРЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ХАТТАМАСЫНАН

Ояз бойынша шаруалардың егістік көлемі:
1914 жылы 145483 десятина,

1915 жылы 172125 десятина,
1916 жылы 173721 десятина
(1 десятина – 1.0925 гектар. - С.М.)

Егіс көлемінің бұлайша кенеюі күш-көлік пен соқа саймандардың молдығынан, әскери тұтқындар мен қазақ жұртшылығының көмегі арқасында көбірек жер жыртылғандықтан мүмкін болды.

1917 жылға жұмысшы күші жетпейтін түрі бар. Өйткені соғысқа 20 000 ер азамат алынды, 7981 қазақ азаматы (оның ішінде 4960 адам астық тасуда, 1491 адам әскери мекемеге өткізілді, 1530 адам жергілікті тыл кәсіпорындарында жұмыс істейді).

...Соғыс тұтқындарын, көлік айдаушы қазақтарды беруді сұраймыз, қазақтар үшін міндетті еңбек өтілін енгізу керек, соғысқа көмектесетін шаруашылықтарда жер жыртуға, астық, бау-бақша өнімдерін жинауға оқушылардан артель құру қажет.

СКОММ, 1370-қор, 3-тізбе, 138а-іс, 378-парақ. Көшірмеден аударылған.

II-бөлім

Ақмола губерниясында ел ішінен жиналған естеліктер

№27

АҚМОЛА ГУБЕРНИЯЛЫҚ «НАША ДЕРЕВНЯ» ГАЗЕТІНЕН

**Ақмола губерниясы казактарының көтерілісі
(Естеліктер мен құжаттар бойынша)
«I-Николай патшаның уағдасы»**

1926 жылғы 17 шілде, №46 (110)

Николай Палкин (I-Николай тарихта осы атпен қалған) 1834 жылы Ақмоланың аға сұлтаны Қоңырқұлжаның сұрауы бойынша казактарды алдағы 90 жыл бойы әскер қатарына шақырмау жөнінде уағда берген болатын. Казактар патшаның уағдасына кәміл сенді.

Алайда, патшалардың өз сөзінде тұрмайтыны жиі кездеседі. Өз ыңғайына қарай уағдасын бұза салуы қиын емес. Империалистік соғыс алқымнан алып, жан қысылғанда Ресей патшасы Романовтардың уәдесін бұзып «Қазақтарды қорғаныс ғимараттары мен әскери қатынас жолдарын салуға», қарапайым айтқанда майданда окоп қазып, жол салуға шақыру жөнінде жарлық берді.

Осындай аса маңызды және тұтас халықтың жан жеріне тиетін заңды қабылдаудың алдында оны түсіндіру, халық санасына жеткізу жұмыстары ескерілмеді. Әлбетте, қазақ халқы мұндай шұғыл жарлықтың мәнін түсініп, бірден қабылдай алмады, өзінің құқықтық бостандықтары мен азаматтық құқығын бұзу деп түсініп бас көтерді. Оқыған қазақтардың бірі патшадан: «Қазақ өкілдерінің алдында, өзіңіздің таққа отыру рәсіміңізде патша сөзін неге бұздыңыз», деп сұраған екен, оған жауап беруге де ерініпті.

СҚОММ, 268-қор, 2-тізбе, 2-іс, 83-парақ. Газет мақаласынан.

АҚМОЛА ГУБЕРНИЯЛЫҚ
«НАША ДЕРЕВНЯ» ГАЗЕТІНЕН

«Қанды қырғын есімізде», 1926 жылғы 17 шілде,
№46 (110)

...Жәбір көрген және езілген қазақ халқының күйзелісті наразылығы қаншалықты күшті болса да, жеңіске жете алмайтын еді. Көтерілісті айуандықпен басып жаныштады.

Петропавл және Атбасар ояздарында көтеріліс жедел және тез арада басып тасталынды, Омбы және Көкшетеу ояздарының кей жерлерінде ұзаққа созылған жоқ. Ал, Ақмола оязында, Атбасар оязының шығысында және қазіргі Шарлақ ауданында көтерілістің салдары күздің соңына дейін жалғасты

СКОММ. 268-кор, 2-тізбе, 2-іс, 83-парақ. Газет мақаласынан.

АҚМОЛА ГУБЕРНИЯЛЫҚ
«СТЕПНАЯ ЗВЕЗДА» ГАЗЕТІНЕН

«Мың тоғыз жүз он алты», 1926 жылғы 17 шілде,
№46 (110)

...Қыркүйекте келіп жетті. Ауыл-ауылда қара жұмысқа аттандықтардың тізімдері жасалып жатты. Осы кезде балалардың қолы қанданып, аузы майланған шақ еді. Қара жұмысқа бармаймын десең, паранды бер де жайына жүр. Қой мен қарияны берсең, бери қалды. Ал енді қора-қора қой мен құшақ-құшақ қандай кезде болады, әрине, байда болады. Демек, кедей баласын мұрнынан тіз де, айдай бер. Тіпті, мынадай сорақылықты естігеніміз бар. Бастық жағы карта ойнап отырып, көнге ақша салмайды, қара жұмысқа айдалған қазақты салады.

- Салдым жарты қазақты, - дейді ойнаушы. Оған ешкім танданбайды. Бір қазақты тізімнен шегергені үшін алатын параның жартысы деген сөз ғой. Пара болғанда, оны сұрамайды,

тартып та, алмайды. Тәртібі бар, алудың өзінің жолы бар. Ұйымдасқан паракорлардың белгілеп қойған бағасы бар.

Сол бір күзде дала күңіренді-ау, қазақ аспанын уайым басты. Өз еркімен баласын беретін, інісінен қиып айырылатын кім бар?! Халық колға қару алды. Көрік басып, қылыш пен семсер соқты. Сойыл мен шоқпар алды қолына. Мерт болатынын білсе де, аузынан ажал төгіп тұрған пулеметке қарсы шапты. Тайынбады. Шейіт болды. Қанша қазақ қырылды.

СКОММ, 268-қор, 2-тізбе, 2-іс, 28-парақ сырты. Газет мақаласынан.

№30

АҚМОЛА ГУБЕРНИЯЛЫҚ «СТЕПНАЯ ЗВЕЗДА» ГАЗЕТІНЕН

**«Тағы да 1916 жылғы көтеріліс туралы»,
1926 жылғы 2 қараша, №18**

...Қазақта тууы туралы куәлік болған жоқ. Тізімде көрсетілген жастың нақты дәл болмайтыны жиі кездеседі.

...Тізім жасау үстінде талай бұрыстықтар кетіп жатты: Жергілікті болыстар өзі кектескендерді жазып жіберді, тізімді саудаға салды, пара алды, неше түрлі алым-салық ойлап тапты. Бұған бюрократиялық жүйе қосылды. Ішкі істер министрі 27 маусымдағы жарлықты губернаторларға, қырдағы болыстарға жедел жөнелтіп, оны тез орындауды талап етті, кара жұмысқа 19 бен 31 жасты қоса алғандағы қазақтарды алдымен шақыртты.

СКОММ, 268-қор, 2-тізбе, 2-іс, 10-парақ сырты. Газет мақаласынан.

№31

АҚМОЛА ГУБЕРНИЯЛЫҚ «СТЕПНАЯ ЗВЕЗДА» ГАЗЕТІНЕН

**«1916 жылғы көтерілістің ұлттық сипаты»,
1926 жылғы 6 тамыз, №116**

...1916 жылғы көтерілістің негізгі себебі - орыс патшалығының қазақтар мен қырғыздарды ондаған жылдар

бойы шаруашылық және мәдени жағынан езіп-жаншып келгендігі еді. Мұндай езгіге шыдай алмаған халық, кездейсоқ себепті (тыл жұмыстарына шақыру) ушықтырып, көтеріліс отын тұтандырып жіберді.

Бұл көтерілісті толық мәнінде ұлттық деп айтуға болмас еді, оның ұлттық сипаты өте сирек жағдайда көрінді. Көбінесе, тіпті барлық жерде, қазақ пен қырғыздың рубасылары, сауда буржуазиясы мен интеллигенциясы патшаның сойылын соғып, көтерілісшілерге қарсы шықты. Демек, қазақ көтерілісінің таза ұлттық (ұлт-азаттық) сипатта болды деп айтуға болмайды.

...Сондай-ақ көтеріліс таптық, таза пролетарлық сипатта да болған жоқ. Өйткені, онда таптық пролетарлық қозғалыстарға тән - интернационалдық сипаты, басқа елдер жұмысшыларының қолдауы болған жоқ.

Көтерілген казактар алдарына мұндай мақсат қойған жоқ, ал сол кездегі Қыр өлкесі мен Түркістандағы отаршылдық рухта тәрбиеленген орыс жұмысшыларының сыннан өткен саяси ұйымы болмады. Олар қазақ-қырғыз бұқарасын қолдамақ түгілі, ниеттес те болмады, кейбір аймақтарда, тіпті көтерілісті басып жаншуға қатысты.

Көтерілістің ұлттық сипаты көрінген кезі – қазақ және орыс бұқарасының орыс атаулыға өштігінің асқынғанын айтуға болады. Патша әкімшілігіне деген кешірілмес өштік барша орыстарға қарсы бағытталып, ұлтаралық қатынастарды шиеленістіріп жіберді.

-1916 жылғы көтеріліс қазақ-қырғыз бұқарасының жер бетінде аман қалуы үшін, құрып кетпеуге қарсылық ретінде өршіл. Егер 1902 жылдан 1913 жылға дейін шаруашылығы тарып, жан-жақтан қысым көрген қазақ халқы сан жағынан аяғын ұлт ретінде бірте-бірте өшіп бара жатқан кезін еске алсақ, көтерілістің бұл сипатын түсінеміз. Халықтың аман қалуына ғана денсаулығы нашарлап, әлеуметтік ауыр қырғандардың асқынған тұсы сол болатын».

СКОММ. 268-қор. 2-тізбе. 2-іс. 34-парақ сырты. Газет мақаласынан.

«АҚМОЛА ГУБЕРНИЯСЫ
ҚАЗАҚТАРДЫҢ КӨТЕРІЛІСІ» ДЕГЕН ШОЛУДАН

1. Тізім жасау.

Қара жұмысқа шақыру туралы заңнан кейін билік басындағылар жер-жерге хат жібереді. (№9 құжатты қараңыз). Жергілікті әкім-қаралар бұл жарлықты бұлжытпай орындайды. Шақыру тізіміне тек кедейлер ғана ілігеді, тіпті отбасының басқа асыраушысы жоқ болса да, жазылып кете барды.

Тізім жасау барысында қазақтарға түсінік берілмеді, соның нәтижесінде тізімге шалдар мен әйелдер де қосылып кетті. Мұндай тізімдер түзетілген де жоқ, себебі, қазақтардың реніш білдіруге, наразылық айтуға құқы болмады. Ал, байлардың шақырудан босатылуы заң түрінде түсіндірілді. Арнайы құжат та бар. (№3 құжатты қараныз).

2. Шақыру мерзімін шегеру.

Қара жұмысқа шақыру туралы тізім жасалып болғаннан кейін, патшаның мейірімі түсіп, майданға алу мерзімі егін жинап алғанша, екі айға шегіндірілді. Бұл жақсылық, әлбетте, көтерілісті қайтсе де туғызуға жасалған қадам еді.

Мысалы Ақмола оязы мен Көкшетау оязының шығыс жағында және қазіргі Шарлақ ауданында мұндай «жеңілдіктің» берілгенін қазақтар бастықтардан емес, көлденең көк аттыдан естіді. Естіді де, бізге неге жеңілдік берілмейді, деп бастықтардан сұрады. Сөйтсе, қара жұмысқа алудың кейінге қалғаны туралы ешкімге айтпау, тіпті бұл жөнінде ояз губерния, орталық билік орындарымен хат жазысуға тиым салынған.

СКОММ. 268-қор, 2-тізбе. 2-іс, 83-парақ сырты. Газет мақаласынан.

АҚМОЛА ӨЛКЕСІН ЗЕРТТЕУ ҚОҒАМЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫНАН

1926 жылғы 8 шілде.

...Осыдан 10 жыл бұрын, жана стиль бойынша 1916 жылғы 8 шілдеде II-Николай патша қазақ жұртшылығын империалистік

соғыстың майданына, тылдағы қара жұмысқа шақыру туралы жарлық шығарды. Бұл шақыру тамыз айында жүзеге асуға тиіс еді. Патшалық биліктің бұл қадамы немен аяқталғаны көпке мәлім, қазақ халқы бас көтерді.

Соғыс кезінде қазақ өлкесі қараңғы, езілген, кедей, аш-жалаңаш, билік жүйесі парақорлыққа белшесінен батқан, шенеуніктер дөрекі әрі зұлым болатын.

Патша үкіметінің онсыз да аяусыз, қатал билігі соғыс жылдары мүлде асқынып кетті. Қазақ халқына ауыр салық салынды. Орыс жұртшылығының соғыс мүддесіне қосқан қайырымдылық көмегі мүлде аз болғандықтан, қазақтарда алым-салық түрінде үлес қосуға тиісті болды. Бірақ, бұл қаржы жоғарыдан төмен қарай әкімшілік құзыры барлардың жеке құлқынынан аспады. Осындай күйзеліс жағдайында, патшаның жарлығы халықтың өлшеусіз ашу-ызасын туғызып, жаппай наразылыққа ұласты. Ақыры келіп, саяси сипат алған алапат ұлт-азаттық қозғалыс қарулы көтерілістерге ұласты. Тиісінше, патша үкіметі көтеріліске қатысушыларды асқан қаталдықпен қырып жойды.

Қазақтар жүздеп қырылды. Қарапайым құралдармен қаруларған ерікті жасақтар мемлекеттің сапты әскеріне қарсы тұра алмады. Көтеріліс аяусыз басылды. мыңдаған құрбандықтардың қанымен мемлекетте тәртіп орнады...

СКОММ, 268-қор, 2-тізбе, 2-іс. 26-парақ. Газет мақаласынан.

№34

АҚМОЛА ГУБЕРНИЯЛЫҚ КОМИССИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫНАН

Қазақ көтерілісінің он жылдығын атап өту жөнінде

1926 жылғы 26 тамыз.

...Ауылдар мен қалаларды түнек басты. Қазақтардың оқу-білімге қолы жетпеді. Ауылда тым болмаса ең төменгі оқу орны да болмады. Бірен-саран миссионерлік мектептер сауат ашудан гөрі православие дінін баса насихаттады. Ильминский, Черван-

ский сиякты христос ілімін насихаттаушылар қыр халқына христиандықты күшпен таратты. Орта және жоғары оқу орындарына орыс әкімшілігімен бірге артта қалған қазақты аяусыз қанаған ауқаттылардың балалары ғана түсті.

Деректер былай дейді: Ақмола губерниясы бойынша татары мен қазағын қосып алғанда 31 мұсылман мектебінде 1298 бала оқыса, орыс мектептерінде 1052 бала оқыды. Бұл дегеніңіз мұсылмандардың 2340 баласы болса, Ақмола губерниясында оқитын барлық балалардың (орыстар мен казактар) 6 пайызы ғана. Осылайша қыр балаларының жүрегінде орыс бастықтар мен өз байларына деген қатты реніш қан боп қатты. Амал не, ақша мен қарудың күшіне қалай қарсы тұрарсың. Қазақтың мұны мен зары оның күйі мен әнінде ғана қалды.

Империалистік кескілесу басталып кетіп еді, онсыз да соры қайнаған қазақтың ауыртпалығы күшейе берді. Соғыс мүддесіне ізгілік көмек деген желеумен салықтың сан түрі пайда болды. Бұл төлемдердің басым бөлігі соғыстағы солдаттарға жетпей, орыс бастықтары мен казак байларының қалтасына құйылып жатқанын қазақтар білді. Білсе де аузын аша алмады. Аузын ашса атылатынын, сотсыз-тергеусіз айдалатынын білді.

Қазақ жұртшылығы патша мен буржуазия бастаған соғысты жақсы көрмеді деуге бола ма? Жан түпкірінде қазақ атаулы соғысқа қарсы еді, енді келіп патшаның өзі қазақтарды окоп қазу жұмысына аяқ астынан шақырып, мейірімсіз қадамдарға барды. Қазақтың төзімі таусылды, қолына найза алып, садақ көтеріп әділетсіз билеушілерге қарсы аттанды.

СКОММ. 268-қор, 2-тізбе, 2-іс, 2-парақ сырты. Газет мақаласынан.

№35

АТБАСАР ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ БАРЖАҚСИННІҢ ЕСТЕЛІГІНЕН

1926 жыл

...Қазақ арасында әскердің қара жұмысына шақыруға байланысты наразылық Алексей болысында басталды. Мұнда

Сәдбике руының қазақ жастары жүзге тарта кісі жиналып, Есет Жамбаев деген болысқа шабуыл жасап, кеңсесін тонады.

Жергілікті билік иелері Атбасарға қашып кеткеннен кейін Орта Арғын ауданы 8 болысының жастары ерікті жасақтарға бірікті. Оларды ауылдың игі жақсылары саналатын Хасен Жәнібеков пен Жақып Мырзағожин басқарды.

Он екінші Бағаналы болысының қазақ жастары ауыл фельдшері Жаңабай Ниязбековтың басшылығымен көтерілді. Жергілікті әкім-қаралар хабарлаған соң, Атбасар қаласы мен уезіне Ақмола губернаторы Кошуро-Масальский келіп Атбасарда болыстардың басын қосып, жиын өткізді. Сол жиында ол 24 сағат ішінде көтерілістің басшыларын тауып беріндер деп қысым жасады.

Алайда, жиналған болыс басқарушылары көтеріліс жетекшілерін білмейміз, деп ұстап беруден бас тартты. Жағдай осылай болған соң, Кошуро-Масальский сол болыстардың бірнешеуін өзі қамап тастады, қамалғандардың біразын артынан өзі босатып, жазықтыларды ұстап беретін болып келісті.

Бұдан кейін губернатор становай пристав Хамуллага 300 казак әскер беріп, қырға жазалаушы отряд аттандырды. Бұл отряд Желдіқара деген жерде Орта Арғынның 800 адамдық жасағына шабуыл жасады. Қазақ жағының қаруы нашар, қолдан соққан қылыш-семсер, білтелі мылтық, балта мен сойыл ғана болатын. От қарулы казактар екі пулеметпен көтерілісшілерді әпсәтте қырып тастады. Сол жерде отыз шақты адам жығылды, азық-түлік теңделген көп түйе, ат қалды. Көтерілісшілер бытырап, қырға сіңіп кетті.

Осылайша қарулы казак жасағы Орта арғын аймағын түгел қырып, бас көтергендерді жазалап, ауылдарды талап-тонап, көтерілісші жастары-ар деген 30 адамды атып кетті. Одан әрі жазалаушы отряды Бетбақдаланың аймағына беттеп, Қаражар деген жерде 30 адамдық Бағаналы жасағын тауып, оларды тарақтатып, жұқ теңделген түйелерді, казактың қанша азық-түлігін басып қалды. Казак жасағы жиырма шақты адамынан өлі айырылып, отыз адамы жараланып, азық-түлігін жоғалтып, тоз-тоз болды. Ал, казак ауылдары Бетбақдаланың құмыша қарай ауа көшті.

Хамулланың отряды казак жасақтарын Сарысуға дейін өкшелей қуды, жол бойы кездескен ауылдарды талады, тонады.

Оларға ешкім қарсылық жасай алмады, отряд Атбасарға қайтып келді.

Жазалаушы отрядты жасақтап, қырға аттандырып жібергеннен кейін, губернатор Кошуро-Масальский Атбасар-Ұлытау жолымен Қарсақбайға өтті. Жол бойы көшкен елді көріп, қашып бара жатқан көтерілісшілер екен деп, оқ жаудырған. Жараланған қазақтарды өзі жинап алып Қарсақбай зауытына апарған.

Жазалаушы отрядтың қазақтарға келтірген зарарында есеп жоқ, долбармен есептегеннің өзінде 40 мыңдай мал кетті.

Тоналған дүние-мүлікті, қолды болған, қырылған малды айтпағанның өзінде, сол жолы ғана отряд екі жүздей адамды атып кетті, қарсыласқан ұрыс кезінде алпысқа тарта қазақ шейіт болды.

...Қазақтардың жасақтары асығыс, ешбір жүйе-жоспарсыз құрылды. Оларды басқарушылардың арасында соғыс ісімен таныс бірде-бір адам болған жоқ. Қару аз, дәрменсіз, азық-түлік, ат-көлік жетпеді.

Баржаксин.

СКОММ, 55-кор, 8-тізбе, 4-іс, 4-6-парақтар. Түпнұсқадан аударылды.

№36

АҚМОЛА ОЯЗЫ АЛЕКСЕЙ АУДАНЫНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ ОҚИҒАЛАР ТУРАЛЫ Е. ЧУНТОНОВТЫҢ ЕСТЕЛІГІНЕН

1926 ж.

...Күзге қарай Алексей ауданына да жаяу әскердің 50-70 адамдық орыс солдаттарынан отряд жіберілді.

Арба жеккен отряд танертең жолға шықты. Бір қыстақтан 2-3 шақырым жерде көтерілісшілерге астық дайындап жатқан шекпен киген қазақ кездесті. Солдаттар оны бас салып найзалап тастады, тағы бір қазақ қорада тығылып отыр екен, оны да суырып алып шығып шанышқылап өлтірді.

Алексей селосынан 3 шақырым өткен соң, бір топ көтерілісшілер кезікті. Отряд дереу тоқтай қалып, көтерілісшілер тобына қарай пулемет ұңғысын кезей берді. Бұрқы-

ратып оқ атып еді, орыс отрядының өзі абыржып қалды. Зуылдаған оқтар аспан астын кезіп кетті, мұны күтпеген көтерілісшілер есін жия алмай, қарсы шығуға батпады. Пулеметтің берекесіз атылған оғы нысанаға тиіп те жатқан жоқ.

Орыс жасағы не істерін білмей тұрғанда, қазақтар далаға өрт қойып жіберді. Алға қадам басу мүмкін болмай қалды, солдаттар асығыс арбаға жармасып жатты.

Жан-жақтан өрт қаулап, көшірлер атқа қамшы басты. Көтерілісшілер мұны пайдаланып екі жақтан қыса бастады, арбадағы орыстар мылтық атқан болды, бірақ онысынан ештеңе шықпады. Артқы екі арба қалып қойды. Бірнеше солдат пен фельдфебель, шамасы 10-12 адам, арбаларға ілікпей, көтерілісшілердің қолына түсті. Қазақтар оларды найзалап өлтірді, әр қайсының денесінде 100-200 жара болғанын көрдім.

Мен де осы отрядта. салт едім. Бәріміз селоға қарай кашқанда, екі арбаның арасында қалып қоя жаздадым, дес бергенде атым тәуір болып, Алексей селосына келіп кірдім-ау. Отрядымыз осылайша маскара болып жеңілді.

Осындай оқиғадан кейін отрядтың беті қайтып, селодан шыға алмады. Артынан есаул (аты-жөнін ұмыттым) бастаған тағы бір отряд келді. Бұл – қазақ орыстар еді, көтерілісті басты-ау. Дәлірек айтқанда, оларға кешегідей қалың топ кезікпеді.

Қыстақтарға кірген солдаттар қыздар мен әйелдерді зорлап жатты, дүние-мүлікті тонады, қазанда қайнап жатқан етті қотарып жеп жатты.

Жоғарыда айтқан орыстың 10-12 солдатын Алексей селосына таяу жерде, көл жағасында-ау деймін, әрең іздеп таптық. Адам танымастай қинап өлтірген екен. Міне, осылайша, орыс жасағының қазақтарға деген кегі мен өші күшейе түсті.

Осы кезде Ақмолада орталық жақтан келген тергеуші, ~~Александр~~ Катянский болса керек, тергеу жүргізді. Мен стан приставы едім, оған көмектескен болдым. Бірақ, тергеуімізден ештеме шықпағанын білемін.

Аяқ астынан Ақпан төңкерісі келіп қалды, билік өзгерді, тұтқындар салтанатты түрде бостандыққа шықты.

СКОММ, 268-қор, 2-тізбе, 2-іс, 93-94-парақтар сырты. Түпнұсқадан аударылды.

1916 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚ КӨТЕРІЛІСІ ТУРАЛЫ
ТОРСКИЙДІҢ ЕСТЕЛІГІНЕН

1916 жылы өз ауылымның (Коммунист болысы, Благодать селосы) бірнеше адамымен бірге Екібастұзға сұлы апара жатқанбыз.

Екібастұзға тау ішімен, ағаш арасымен өтіп келеміз. Көтерілісші қазақтардың жиналып жатқан дабыр-дұбыр дауыстары естіледі. Тауға бойлап кіргенімізде, бізге қазақ балалары жүгірісіп келіп, өздеріне керегін алып қайта жүгіріп кетеді. Керуен тоқтамай ілгерілеп келеді, қайтсе де жүкті жеткізбекпіз.

Қарабатпақ деген жерге таяп қалғанда, екі қапталдан қазақ балалары шыға келіп, ат-көлігімізге жармасып, доғара бастады. Әрине, біз қарсылық көрсеттік. Сол кезде, жан-жағымыздан атты қазақтар қоршап алды, қолдарына түскенді қару етіп алыпты. Қаптарымызды жыртып, аттарына беріп жатыр. Ересек жолдастарымызды қазақтар өздерімен бірге алып, ағаш шапқызды, отынға, бөгет тұрғызуға тасытты. Олар орыс солдаттарынан қорғанбақ екен. Бізге барлық жұмысын істетіп алып, босатты, тапқан ақшаларыңды қайтарда беріп кетіндер, деп тапсырды.

Сонымен керуен баратын жеріне жетіп, жүгімізді тапсырдық. Қайтарда, басқа жолмен жүріп, аман-есен келе жатыр едік, екі тұста көмекке шақырған орыстардың даусын естіп қалдық. Бірақ, қол ұшын беруге шама жоқ. бәлкім сол орыстар қазақтардың қолынан өлген де шығар.

Новокаменка және Шоқай ауылдарының әйелдері мен балалары бір күні біздің Благодать селосына қашып келді, қазақтар шабуыл жасаған көрінеді. Кісі өлімі болмапты, біреудің үйі бұзылған, біреулердің малын айдап әкеткен. Сол кезде ауыл адамдары күзет жасағын құрдық. Қару алып, таң атқанша күзетте жүрдік, орыс солдаттарының отряды келгенше осылай күн кештік.

Бір күні Қарғалы деген жерге сегіз солдат жіберілді, онда екі-үш үй болатын. Солдаттар алаңсыз қонып жатса, қалың қазақ келіп қоршап алыпты, екі солдат қашып үлгерген, қалғандары үйге бекініп, қазақтармен атысқан.

Мылтықты солдаттардың берілмейтінін сезіп, қазақтар үйді өртеп жіберген. Түтінге қақалған бір солдат, далаға шыға келгенде, есік сыртында тұрған қазақ оны жарып өлтірген.

Үй өртенген соң, солдаттар да тұншығып өлген шығар деп, қазақтар аттанып кеткен. Сөйтсе, үйдегі екі солдат тұншығып өліпті, үшеуі тірі қалған екен. Көрші үйлерді де қазақтар талқандап, малын айдап әкеткен, үй иелері беті ауған жаққа қашқан, екеуі таяқ жеген.

Орыстар көтерілісшілерді аямай жазалады. Солдаттар мен қазақтар бейбіт жатқан қазақ ауылдарын тонады, қорлық-зорлық көрсетті. Әсіресе, казак-орыстардың қаталдығында шек болмады. Қазақтарды ұрып-соқты, бірнеше күн суық қораға қамап, үсітті.

СКОММ, 268-кор. 2-тізбе, 2-іс. 116-117-парактарсырты. Түпнұсқадан аударылды.

№38

1916 ЖЫЛ ОҚИҒАСЫ

(Авторы белгісіз)

I

Отарланатын ұсақ елдің жер-суы мен базарларына таласып, бір-біріне бақас болған Еуропаның ірі мемлекеттері екі жікке бөлініп алып, 1914 жылы соғыс бастады. Алғашқы кезінде көпке ұзамас деп шамаланған бұл соғыс барған сайын үдей беріп, Еуропа мен Азиядағы ірілі - ұсақ мемлекеттердің көбін қанды майданға сүйреп кіргізді. Ұлы Россия болу, түстіктегі мұсылман жұрттарына қарай кенею қиялымен жынанданған Россияның әкесүйек бай таптары бұл соғысқа алды - артына қарама - қойып кетіп, еңбекші жұмыскер, крестьян халқын мың-мәңгелік майданға айдап, жаһангерлік жолында құрбанға шатты.

Жер үстіндегі капиталшы жаһангер мемлекеттер арасындағы бақастық, күндестік сабасынан асып тасығандықтан, бұл соғыс мейлінше қызу, мейлінше екпінді болды. Әлденеше жылдар бұрын осындай бір айдын соғыстың болатынын алыстан көздеп, армансыз даярланған күшті мемлекеттердің бұл қағысуы тарихта болған бұрынғы соғыстардың бәрінен де асып түсті. Жердің жүзін дір-дір сілкініп,

адамның қанын дариядай ағызды. «тақия тастамақ ойнаса, таздың арты ашылады» дегендей, мұндай сұрапыл жұлқыста өнері кем, байлығы шамалы, қару-жарағы жеткіліксіз, ішкі тәртібі шатақ мемлекеттер өзгеден артық таяқ жемекші. Жерінің кеңдігі, халқының көптігімен мастанып, өнер-білім, тәртіп жөнінде Еуропадан әлденеше күш артта қалған Россия мемлекеті осы соғыстан жаман қаусады.

Германияның темір жұдырығы Россияның желкесіне келіп қона бастаған соң, мемлекеттің буын-буыны босай бастап, Россияның шаруашылық, саясат жүйелері ыдырауға бет алды. Соғыстың екінші жылы өтіп, үшінші жылына аяқ басқанда, оның шалқып жанған қызулы жалыны біздің қазақ халқына да келіп жетті. Оған шейін дүние, мал шығынымен бас сауғалап отырған қазақ халқы, енді жанымен қызмет істеуге майданға баратын болды. 1916-жылы ескіше 25-июньде патша үкіметі қазақ халқын соғыс артындағы (тылдағы. - С.М.) қара қызметке алуға жарлық шығарады. Қару-жарактың кемдігі, өнерінің аздығы, тәртібінің шатақтығы себепті соғыс майданында жеңілгенін де есепке алмай, барлық кемшілік адам жетіспегендіктен болған сияқты, патша үкіметі бұрын соғыс қызметіне алынбайтын ұсақ ұлттарды қанды майданға тағы айдамақшы болды.

Бұрын соғыс қызметіне үйренбеген, ескі үкіметтің орысшылдық, миссионершілдік, отаршылдық саясатымен езіліп, Россияның капиталшылдық, жаһангерлік талабына жан-тәнімен дұшпан болған қазақ халқына патшаның бұл жарлығы төбеден түскен жайдың оғымен бірдей болды. Ескі саясаттың барлық ащы жемістерін татып өткендіктен, үкіметтің сол соғыстан жеңілуіне тілектес болып отырған қазақ халқына майданға барып қызмет істеу - орыс байларының күшеюіне көмек беру, өлімнен жеңіл көрінген жоқ.

Соғыс басталғаннан-ақ, орыстың жеңілуін Түркиямен тілектес болған Германияның Россияны желіге байлап, тәубәсін есіне түсіруін жатса-тұрса тілеп жүрген қазақ жұртының басқаша ойлайтын қисыны да жоқ еді. Россия қоластына қарағаннан бері жер-су, салық, дін, оқу жөндерінен қазақ халқының ескі үкіметтен көрген кемдік-қорлықтары оны үкіметке, онымен бірге жалпы Россияға дұшпан қылып өшіктірген еді. Осы себептерден патшаның 25 июнь жарлығы қазақ халқының ескі

үкіметке қарсы жиналған барлық ызасын, кегін қозғап жіберіп, әр жерлерде үкіметке қарсы көтерілістер туды.

Патша жарлығының хабары шықпай тұрып-ақ, 15-жылдың аяғынан бастап, ел ішінде «Қазақты солдатқа шақырады екен» деген қауесет көтеріліп, жұрт елеуіріп жүретін еді. Кей жерлерде үкімет қазақты солдатқа шақырса қалай қыламыз, атты казакпен қатар, ат үстінде соғысуға ала ма екен, жоқ, жаяу әскер қылар ма екен, деген әңгімелер де болатын еді. Бұрын әскерлікке үйренбеген және орыс үкіметіне жәрдем беріп, оның сойылын соғуға көңілі болмаса да, қазақтың бірсыпырасы, акыры, әскерлікке алатын болса, атты әскер болған тиімді болар еді деген ойды да айтып жүрді. Бірақ, бұл туралы ашық сөз болмады. Үкіметтің қазақты әскерлікке шақырар-шақырмастан мәлімсіз күйде қалып, сонымен жиырма бесінші июнь жарлығы да келіп жетті. Оған шейін соғыс майданына барып қызмет қылмағанымен, қазақ халқы мал басы аман тып-тыныш отырған жоқ. Әскерге жәрдем деп болыстар арқылы уездің, губерниялық ұлықтардың нұсқауымен елде қанша дүние жиылды. Малдай, ақшадай, киім-кешектей, киіз үйдей жәрдемнен қазақ халқы кенде болған жоқ. Оның үстіне орыс поселкелеріне таяу жерлерде еркегі солдатқа әкеткен орыс үйлерінің егінін сатысып, қызметтерін істесуге де қазақ азаматтары алынды.

Сонымен 25 июнь жарлығы июль ішінде жалпы қазақ еліне көктен түскендей сап етіп, ой мен қырға тегіс тарады. Көтерілістің басталып кетуіне бұрыннан ескі саясаттың езгісімен қазақ халқының орыс үкіметіне дұшпандығы өсіп, қайнауы бір себеп болса, оның үстіне жергілікті отаршыл ұлықтардың осы жарлықты сылтау қылып, қазақты біраз жүндеп алғысы келгендігі де үлкен себеп болып кетті. Сыртқы жаудан жеңілгендіктен, ызасы ішіне сыймай, немістің кегін тыныш отырған қазақтан алуға тісін қайрап: орыс халқы соғысып қан төгіп жатқанда, мұнда бұлар рахат көріп жайына жүр деп, күнкілдеп, орыс бұқарасын қазақ еліне шағыстырып отырған кара жүрек залым төрелердің біраз ғана құмарын тарқатуға 25 июнь жарлығы уақытымен кездескен бір сылтау болды. Сондықтан, бұл жарлықтың мазмұны былай тұрсын, оның жүзеге асырылуы қазақтың көтерілісін тым жылдам қозғап жіберді.

Сонымен, 25 июнь жарлығы курап тұрған қауданға түскен бір ұшқын мысалында болып, ол ұшқынның дуылдап жанып жайылуына жергілікті төрелер өкпеден сокқан самал желдей көтерме болды. Елге насихат қылып, жөнге түсіріп, жарлықты еппен жүзеге асырудың орнына, олар аз нәрседен себеп тауып, ел ішіне қару-жарақты әскер шығара бастады, әрине бұл туралы айтты. Қара жұмысқа алу шараларын жалғыз жергілікті төрелерге ғана жүктеп, аударып болмайтыны белгілі. Бұлардың бұл істері одан бұрынғы қазақ еліне жүргізіліп келген жоғарғы үкіметтің отаршылдық саясатының жемісі, нәтижесі еді.

Қазақты айуан есебінде дүлей көру, жер суынан айырып қаңғырту, дініне, тіліне қарсы қастандық істеп, бір жағынан крестьяндықтан тартып, екінші жақтан надандық мәдениетсіздігін пайдаланып, тұқымын құрту, осының бәрі - ескі үкіметтің жергілікті төрелерге сабақ кылып, ұғындырған негізгі саясаты еді.

Мінеки, осы айтылған себептер жиналып келіп, 16-жылғы қазақ-қырғыздың үкіметке қарсы көтеріліс оқиғаларын туғызды.

II

Жарлықтың хабары шыққан соң, қазақ елі түршігіп абыржи бастады. Алдымен, кәрі-құртқа, қатын-қалаш даурығып, қойдай маңырап, қозыдай шулап, у-шу болды. Аткамінерлер бастарын тосып, сөзді бір жерге байлау үшін кенескенше болмай, ел ішіне өтірікті-шынды неше түрлі хабарларды алып-қашып: пәлен ел жігіт бермеске қаулы кылып, жарактанып жатыр, десті. Пәлен елге солдат шығып, орыс пен қазақ арасында қағысу болып қалыпты деген сияқты сөздердің есебі болмай, үсті-үстіне жайылып, күшейіп кетті. Сол арада, көп жерлерде жастар аттанып, болысқа, ауылнайға барып, көздеріне көрінгені солар болғандықтан, олармен шайқасып, болыс ауылнайларды ұру, соғу, мөрлерін тартып алу сияқты оқиғалар басталды. Тілмаштардың талайларын шаштарынан сүйреп, жандарын көздеріне көрсетті.

Оқиғаның осы шамалысы ол уақыттағы қазақ болыстарының қайсысында болса да, тегіс болды деп айтуға мүмкін. Ал енді, кейбір облыстарда оқиға бұдан да өршіп кетіп, қоныстан ауып, қаладан қашықтау жақтарға қарай көшу,

қаладан шыққан отрядтармен кездесіп, қағысуға дейін жетті. Жігіт берейік, соғысып орысты жене алмаспыз, деген бірен-саран аткамінерлерді өлтіру де әр жерлерде болды. Торғай, Ақмола облыстарының кей уездерінде оқиғалар әжептәуір күшейіп, орыстан да, қазақтан да адам өлімі бірталайға жетті. Жетісуда қазақ-қырғыз бен жергілікті казак-орыстың арасын өте шулы ғып, кәдімгідей соғыстар болып, қырғыздардың көбі Қытай шекарасынан өтіп, мемлекеттің сыртына шығып кетті.

16-жылдағы қазақ-қырғыздың көтеріліс оқиғасының басты себептері мен сыртқы түсінігі - осы. Бірақ, бұл оқиға осы күнге шейін толық тексеріліп, реттелген жоқ. Оқиғаның ескі үкімет жағынан шыққан себептері ел ішінде оның басталған жағдайлары болсын, облыс-облыста, уез-уезі, болыс-болыста болған оқиғалардың басталған, өршіген және барып тоқтаған.

Осы оқиғалардың ақырында қазақ еліне қалдырған ізі, нәтижесі болсын, осылардың бәрі де әлі күнге көмескі күйде жатыр. Одан соң, оның тап жөнінен қарастырылатын жақтары, казактың әр түрлі жіктерінің оған көзқарастары, әсіресе, оқығандардың ол оқиға туралы не істегендігі де, сондай-ақ, жалпы халыққа ашық көрсетілмей келеді. Әрине, мұнын да себептері белгісіз емес. Оқиғаның арты барып, қазақ жігіттерін қара қызметке алуға соқты, оның арты Россиядағы төңкерістерге, азамат соғыстарына, онан кейінгі оқиғаларға келіп ұласты. Сондықтан, орыс баспасөздерінде болсын, қазақ баспасөздерінде болсын, бұл мәселе ортаға түсіп қарастырылған емес.

Орыс қол астына анықтап қарап, оның саясатының ащы-тұщысын татқаннан кейін, жалпы қазақ тұрмысында туған бұл бір зор оқиға болғандықтан, 16-жылғы көтерілісті толық зерттеудің маңызы үлкен. Сол үшін мұны ескеріп, бұл туралы сөз қозғау, қазақ елінің әр тұсынан деректемелер жинап, оларды жүйеге салып сұрыптау - тарих үшін де өте қажет. Қазақ «өткен күнде белгі жоқ» дейді. Халықтың басына туған осы сияқты аумалы-төкпелі ауыр күндер дер уақытында зерттеліп, қағаз жүзіне түсіп қалмай, заман өткен сайын ұмытылып кетуі мүмкін. Бастапқы кезде ел ішінде құр әшейін, қысыр әңгіме орнында сөйленіп жүріп, бара-бара оның заманындағы адамдар өліп аусылған сайын, көмескі тартып, шын белгісі жоқ, бір ертегі болып қалуы анық.

III

Мұндағы оқиғаны туғызған себептер, онан туған нәтижелер, халық тұрмысынан оқшау нәрселер болмайды. Олардың бәрі тұрмыстың не олай, не бұлай болған бетін, жөнін көрсететін бұрылыстар болады. Сол үшін оны бұрынғыша, өткен күнде белгі жоқ деп, ескерусіз қоя бермей, баспасөзге түсіріп, анықтап қою осы күнгі жастардың міндеті.

Біздің Ақмола губерниясында бұл оқиғаның өте-мөте өршіген жері Ақмола уезі. Бұл үшін, әсіресе, Ақмола уезінің сол оқиға кезінде елде болған азаматтарында деректемелер мол болуға тиісті. Көргенін, білгенін, естігендерін өздеріне сақтамай, газет жүзінде жариялаудың қажеттігін білетін азаматтар, әуелі өздері басшы болып, одан соң, басқа ел адамдарын үгіттеп, баспасөз бетіне шығарулары тиісті. Онан соң, бұл оқиғаның деректемелерін жинағанда жалғыз ұрыс-қағыс жағын қарамай, елдің мекенін тастап, көшкенін, шабатын шөпті, оратын егінін қалдырып, шаруаларына қандай кемшілік келтіргенін де аса қарастыру керек. Оқиға нағыз егін-шөптің уақытына тура келгендіктен, оны шаруалауға кесір аз болған жоқ. Оның үстіне желіккен елдер көшуге бет қойып қозғалған соң, ауыл бетіне қарамай, бұл жөнінен де есепсіз көп ысырап істелгені анық, осының бәрі де оқиғаны дұрыс бағалауға керегі зор мағлұматтар.

Бұлардан басқа, елдің осындай бүліншілігінен және жастардың қызметке алынуынан өз бастарының пайдаларын іздеп, адам айтқысыз мал тапқан адамдар да аз болған жоқ. Ұлықтарға жақын болып, жеңгелік қылған, әр түрлі жергілікті қызметтерге адам алып, майданға жібермей қалатын мекемелердің бастықтарымен жемтіктес болып, елді талаған пысықшалар да әр жерде көп болды. Орыс тілін білгенін пайдаланып, тілмаштық арқылы қара халықты алдап соққандары да жоқ емес еді. Бұлардың да деректемелері жиылып қалғаны жөн. Қысқасы, 16-жыл оқиғасы туралы ел ішінен жиылатын деректемелер аз емес. Оның бәрі әлі елдің ішінде сайрап тұр. Қолдан келгенше әр азамат сол сыбырды толық суреттеу жағына ұмтылу керек.

БАКУРЕВИЧ ОТРЯДЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

(Авторы белгісіз)

Самсоновка қаласының манайында топталып жүрген адамдар бар деген хабар естілген соң, Жетісу облысының губернаторы Фольбаум пристав Бакуревичке бастатып, қол астына жүз кісі солдат беріп, карательный отряд жіберді.

Фольбаум отрядқа: кездескен казак-қырғызды қырып сат. ауылдарын өртеп жібер, деп бұйрық беріпті. Бакуревич сондағы оқиғаны инженер Веймарн дегенге әңгіме қылып, сөйлеп отырып, «Біз осы бұйрықты дәл айтылғандай қылып орындадық» депті.

Бакуревичтің өз аузынан естіген Волковтың айтуына қарағанда, ол бұйрық орындалғанда мынандай оқиғалар болған. Казак-қырғыздың жас қыздары қыз ойнаққа баратындай, барлық әдемі киімдерін киініп алып, казак-орыстардың көз алдарында жартастың басынан өздері құлап-құлап өліпті.

12 августа сағат 11-де Бакуревич бір жүз казак-орыс пен Төменгі манындағы Алатаудың бір асуы - Шәмсі асуына қарай жөнелді. Ол жерде топталып жүрген адамдардың барлығы анық болып шықты. Бакуревичтің өз айтуы бойынша, жиналған адам саны 1000-1500-дей екен. Бұлардың қарулары шокпар, сойыл мен найза екен. Барлығы 4-5-ак мылтықтары бар екен дейді. Тағы сол Бакуревичтің өзі айтуына қарағанда, сол арадағы соғыста 300 казак-қырғыз өлген. Аттан жығылып 1 казак-орыс пен бір казак-орыс жараланған...

Тағы сол 14-августта тұтқынға алынған казак-қырғыздың артынан соларды босатуды сұрап, Беловский қаласына келіп жүз казак-қырғыздар келді, базарда құр тамашаға жиналған жұрт әлі көп еді. Сол арада 600-ден артық казак-қырғыз жиналып қалды. Отряд оларды айналдыра қамап алып, болыс кенсесінің қорасына апарып кіргізді.

Жалғыз оқ шығын болмай, таяк, саржан ағаш, балтамен ғана бұлардың жұмыстары бітті. Өлген, шала жансар жатқан казак-қырғыздарды үйіп-үйіп арбаға салып, арбаны қорада өлімші болып жатқандардың үстінен жүргізді. Сондағы мақсаты

- әлі жаны шығып болмағандарын арбамен таптап, жұмыстарын сонымен бітіру.

Тағы да сол күні дружинаға (жазалаушы отрядқа өз еркімен барып көмектескен орыстар туралы сөз болып отыр. - С.М.) кірген орыстар маңайдағы болыстарға шығып, оларды шетінен қырып-шауып, талай бастаған.

13-август күні Піспек каласында (Қырғызстанның астанасы Пішпек. - С.М.) городовойлар үй-үйге жүріп, жалпы мобилизация жариялады. Казарма жапындағы алаңға жұрттың бәрін жиып алып, Піспектегі әскер бастығы Писаржевский мынадай сөз сөйледі: «Осында жиылған адам түгелдей осы минуттан былай әскер деп есептелесіңдер, үкіметке қарсы сөз сөйлесендер, әскери сотқа тартыласыңдар. Жергілікті халықтың (қазақ-қырғыз. - С.М.) тәубесін есіне түсіріп, төбесінен жай түскендей қылу үшін сендерден карательный отряд жасалады. Бұл жұрттың тәубесін есіне қалай түсіру керек екенін сосын түсіндіреміз. Әзірге бұл арасын наш қылуға болмайды, бұл әскери құпия. Онан соң, әрқайсысын қару-жарақ ала келуге міндеттісің, қаруымыз жоқ болды деген сияқты сылтаулар болып жүрмесін, өздеріңнің өлгілерің келмесе, темір айыр болса да алып шығыңдар. Іс насырға айналды. Бәрің салт атқа мініңдер, өздерінде ат болмаса, көршілеріңнен алыңдар. Бар атын бермей, қарсылық қылған адамды маған айтыңдар, ондайлар әскерлік сотқа тартылады.

Қайреддин Болғанбайұлы орышадан аударған
(Қ. Болғанбаев - Алаштың көрнекті қайраткері, көсемсөзші. Петропавлда. губерниялық «Бостандық туы» газетінде басшылық қызметте болған. - С.М.)

СҚОММ.1634-қор, I-тізбе.2- іс, 34-36. 37,38 беттер

№40

КӨТЕРІЛІСТІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСАТТЫҚ ТҮП СЕБЕПТЕРІ

Тұрар Рысқұлұлының мақаласынан

1916 жылы қазақ-қырғыз жұмысшыларын Жапон соғысының қара жұмысына алу - сол жылғы зор қозғалыстың басты себебі емес, сыныққа сылтау ғана болды.

Патша үкіметі алдын-ала ешбір дайындық істемей, қазақ-қырғыз жұмысшыларын жинауға кірісті. Бұл белгі отаршыл ел билігінің ескі дағдысы еді.

Қазақ-қырғыздан күштеп жұмысшылар алудың халықты көтеріліске шақырарлық онша үлкен саясаттық мәні болған жоқ.

Көтерілістің негізгі себептері: патша үкіметінің Қазақстан, Қырғызстан жайында қолданылған күшті отаршылдық саясаты және осы саясат салдарынан туған шаруашылық, саясаттық жөніндегі терең қайшылықтар, жағдайлар болды. Ресей Жапон соғысынан калжырап, әлсізденді. Бұл да қазақ-қырғыз көтерілісінің жылдамдауына бір себеп болды.

1916 жылғы көтеріліс Жапон соғысының үшінші жылында басталды. Бұл Ресейдің шаруашылығы күйзеліп, үкіметінің саяси әлсізденген жәнеде тез күннен төңкеріс болу мүмкіндіктерінің байқалған кезі еді.

Осы себептерден үкімет пен отарлардағы құлдықта болған халықтардың арасындағы қатынастың түрі бұрынғыдан көп өзгерді.

Қазақ-қырғыз қалың қара бұқарасы соғыстан әлсізденген патша үкіметінің билігінен құтылу жағдайын ойлап, бас көтерді.

Қазақстан жерлерінде тәртіп сақтап тұрған әскерлердің көбі соғыс майданына жіберілгендіктен, әлгі пікірдің (отаршылдықтан құтылудың. - С.М.) жүзеге асуына халықтың үміті күшейеді.

Не қылған күнде де патшалықтың негізі тозып, қақсауға ~~басталғаны~~ қазақ-қырғыздың ұлы тарихи оқиғаларды бастауына тездетіп жіберді.

Ресей патшалығы бұрын «халықтар түрмесі» деп аталып жүрді. Қазақстан мен Қырғызстан осы түрменің ең қараңғы, қиыр шеттегі бір аймағы еді. Отаршылдықтың не түрін, қысымшылықтарын көріп, соққысын жеді. Осы себептен өнер-мәдениеті де өктем болды.

САПЫРЫЛЫСҚАН САНДАЛЫС

(Болған оқиғаның ізімен)

Сыздықұлы Жақан,
«Бостандық туы» газетінің жауапты хатшысы

25 июнь еді.... Күн ыстық, жұрттың жағасы-жайлау, етегі-қыстау, жан-жануар масайрағандай, біздің ел екі бөлініп «Шулықайың, Кеңашы» деген жайлауға келіп қонған. Кешке таман, қой қотанға өрістен келіп жататын, ақсақалдар ет жеп, қымыз ішіп, бозбалалар ойын-сауықтан басқаны білмей, жазғы жарық түнде жастар алтыбақан тебетін.

Әсіресе, біздің ауыл Кеңашыда жайлап, өте қызық дәурен сүргендей болып отырды. Елдің бұл қалпына қарағанда, шаруасы күйзелместей, аспаннан оқшау пәле келместей еді.

Жалғыз-ақ, «Николай солдат алады!» деген болмашылау хабар бар сықылды.

Мен баламын. Әлі дәнеңе де білмеймін, бірақ көз алдымда, жүрегімнің түбінде қалған оқиғаны ұмытпаймын.

Сары знағын (патша үкіметі лауазым иесіне беретін төс белгісі. - С.М.) жалтыратып, Алдаберген ауылнайдың көңілі көтеріңкі екенін, біздің ауылға, «Кеңашы» жайлауына келіп, Рақымның Сұлтанын камшымен сабағанын, талай кедейлердің жылағанын білемін.

Болыснайдың дуаннан (уез орталығы. - С.М.) келе жатып, пар атпен қоңыраулатып Есім ағам үйіне келіп қонғанын, қазақтан солдат алады деп, айтып кеткенін ұққам жоқ.

Жұрт азырақ үрейленгендей болса да, «Патша қазіреті теріге жазған уәдесін бұзбасын, егер де қазақтан солдат алса, ант ұрар, қазақты жылатпасын», - дейді.

Жайлауда қымыз ішіп, қызып жүрген жігіттер: «Қазақтан солдат алатын болса, біз бармаймыз, соғыс жасап карсы шығамыз!» деген сөздерді айтып жүрді.

«Соғыс, солдат» деген сөздер көп ұзаған жоқ, шындыққа айналды. Жұрт қайғыға салынды. Жұрттың көзі кеш болса Ақ

дұран (Ақмола. - С.М.) жағынан қандай хабар келеді, не түрлі іс болады? деп аңыз қылысуда.

Ауылдың сырт жағында салт ат пен далақтап, сүйінші сұрағандай біреу келе жатыр, далада тұрған ауыл кісілері: -Болыснайдың поштабайы Кармош болар, бір хабар әкеле жатқан шығар», - деп күтісуде.

Атты кісі жақындағанда-ақ, Кармош поштабай екені білінді. Ол келе сала, ауыл ақсақалы деп «Жарғы» - бір қағазды ұстата берді де: «Мен Тәтекең ауылына, Жарыккөлге барамын», - деп далақтап кейін шауып кетті.

Бір жағы орысша, бір жағы мұсылманша жазылған бұйрық қағазы екен. Әйтеуір, Ғалиасқар ағайдың: «Дала жандаралы Сухомлинов жазған екен» дегені осы күнге дейін құлағымда. Бұйрықта қазақ жігіттері алынуы жазылған. Әлгідей болмай, ауылдың жігіттері, Сүлеке, Жанқожа, Сұлтан тағы біреулері жиылып қалды. Әлсін-әлсін бұйрықты қайталап оқып: -Осы елдің болыснайына бұл бұйрықты әкелген Кармошты да жаныштау керек еді», - деп бекінісіп қойды.

Ауыл у-шу, азан-қазан. Кемпірлер жылап жатыр, котандағы айғай құлағыңды тұншықтырады. «Қарағым, менін Батташым!» - деп сарнаған Бұршақтың дауысына адам шыдап тұра алатын емес. Түні бойы ұйықтаған ауыл жоқ, кәрі шалдар «қазыр заман орнағаны» деп уайым қылады. Біреу солқылдап жылап жатыр, біреулер баласына көрісіп: «бозқасқаға» құрмаддық айтып жатыр. Ертеніне жігіттер аттанып, Шолақ-қайын. Жарыккөл, Шарықтас барамыз деп, бір-бір аттарын сайлап, мініп алды.

Жанқожа, шіркін, қандай епті, атын ойнақтатып, қорыққан тәрізді Бұрыккөкті жаратып тастаған. Қайда барарын ешкім де білмейді. Сапырылысқан халық, ағылысқан жұрт, гу-гу деп жанысқан елдің шаруа ойлаған, тіршілік іздеген жанды көрмейді. Дүние астан-көстен, бар болғаны сандалыс.

Біреулер Жиделібайсыңға көшу керек, біреулер соғысу керек, кейбір жігіттер Омбыға барып, генералды өлтірсек, бұл бұйрық тоқтайды, - дейді. Кешке таман «Енді дүниенің керегі жоқ» деп, кейбіреулер шатырлатып қойған тоқтысын сойып жатыр....

Біраз күн өтіп кетті. Біздің Көкшетау болысының жігіттері соғысамыз деп жиналып қалған. Қызылжар уезінен там-

тұмдап Тайынша болысынан, Құлансу, Қады деген елдерінде жігіт қосылып қалыпты. «Сен соғысуға жарамайсың ғой, әлі баласын», - деп біздің үйге келіп отырып, Шайқы деген жігіттің айтқаны әлі есімде.

Шамасы мыңнан астам жігіт «Кеңашы» бойына келіп, екі күн жатты. Алыстағы жерлерге хабар жіберді: «Біз соғысқа әзірлендік, олар да қару-жарақ алсын, бәріміз Көкшетау қаласына жиырма шақырым тұратын «Ауызтал» деген жерден түйісейік», деп хабаршы-шапқыншыларды аттандырып жатыр.

Бір топ жігіт одағайланып шығып, «Болыснайды ұстайық, қажы ауылының жылқысынан ат мінейік, біз соғысқа аттанғанда, байлардың баласы отыра ма?» - деп жөнеліп кетті.

Бұлар кешке таман байлардан ат мініп, жастарын ұстап алып келді. Бірақ, болыснай қашып кеткен екен.

Жан-жақтан хабаршылар келіп қалды, алыстағы елдер де аттанбақ болып, уәде беріп, Ауызталда кездеспекші болыпты.

Қолдарына айыр, бақан, шигі мылтық, жаман алтытатар, бір-бір сойыл... жігіттер жапырылысып атқа мініп жатыр. Көбіне темірші Баймұқан найза соғып берді. Бабатай ақсақал бас болып, ақ жалау байлап қатар тізді. Халық сапырылысып, у-да-шу, жылау әлі басылған жоқ.

Байлардың көбі қашып кеткен. Мүрке балалары деген бес ағайынды жігіт: «Байлардың шаңырағын ортасына түсірдік», - деп шауып жүр.

Үлкендері бірынғай, орташасы бірынғай, жастары бірынғай тізіліп алып, дуанға қарай жөнелді. Молдалар азан айтып жатыр. Сусағанға керек деп, шайнауға ащы құрт алып, бір-бір торсықтарын байлап, бөктеріп алған. Дуанды керосин жағып, өртеуге керек деп бір-бір мысық алысты. Мысықты шүберекке байлап, от жағып жіберсе мысық көше арасына шауып өрт шығарады, - дейді.

Міне, жұрттың сандалғаны. Жігіттер дуанға (Көкшетау қаласына) жақындап қалғанда, алдынан Кенжеболаттың Кәрімі кездесіп: «Патша солдат алмайтын болыпты, бұйрығын тоқтатыпты, мен дуаннан шықтым», - деп , жігіттерді тоқтатқан. Бұл сөзге тоқтамай, барамыз, деп бәрі ұмтылса да, жігіттер Кәріммен серттесіп қайтысты. Егер бұл сөз өтірік болса, Кәрімді өлтірмек, оған Кәрім көнбек болған.

Сонымен, жігіттер қайтып келді. Ертеңіне-ақ әлгі сөз өтірікке шықты, Кәрімді өлтірмек болды. Бірақ Кәрекең Жосалы деген жайлауға қашып кетіпті. Кешегі жиналған жігіттер бір тарап кеткен соң, енді құралмады, бытырап кетісті. Ақсақалдар жиналып, патшаға кісі жібермек болысып, үй басы он сомнан ақша жинасты.

Көп ұзамай ел ортасынан Нығметжан, Әлжан тағы кімдер жүрісіп кетті. Бірақ, бұлар дәнеме бітірген жоқ. Орынборға барып, халықтан жинаған ақшаға әдемі пальто, алтын сақина сатып әкелді...

Жұрт тағы дағдарды. Тағы шулады. Приемға жігіт жинала бастады. Ауру қалады деген соң, көбі таз болып, басына ми тартып қолын жарақаттап, бөліне бастады. Ел іші жылауда болды. Приемға барып, көбі казармада жатып, Сұлтан, Ақмет, тағы бір жігіттер Псковке кетті.

Жанқожа Бурабай зауытына кірді. Ильяс, Мұхамбеттер кіреге кірісті. Балапан басына, тұрымтай тұсына әркім өз басын қарасты...

Болыс, билер, атқамінер пысықшалар, ауылнайлар елді сүліктей сорды. Момын шаруаға кеселін шенгелдеп тигізді. Тізімнен жасыңды артық қыламыз, немесе жоқ қыламыз, деп қыламайой тілмәштер елді жем қылды.

Айырсақал пристав келіп, елдің зәресін алды. Жүрегі суылдап тұрған қорқақ ел, онан жаман қойдай ықты. Пристав қасына әлденеше кісі ертіп алып, елді жүндей түтті. Болаттың Асанын. Әлжанның Қабдесін, Нүркеннің Әлімбегін Көкшетауға апарып абақтыға жауып тастады. Көтеріліске басшы болдың, патшаға қарсы болдың. деп оларды қатан ұстады...

Елдің басы қаралы. жүрегі жаралы. жаздай ұйқы көрмей тұр. Патшаға қарсы көбі кіре тартты. кейбіреулері шетке кетті. Патша қайжаң. тұрап қалды «Е! Құдай! Патша тұрап қалды дегенді білдірмейді» - деп қарғыс айта бастады.

Биылғы жыл - «ұлу жылы» еді. Ұлу жылы біздің қазақ ұлысы деп үлкендер аңыз қылысты. Елде әрі үрей жоқ, көбі шет жерге кеткен, қалғандары сартылдаған сары аязда кіре тартып жүр. Халық, аспаннан бірдеңе күткендей, әлденемені тілегендей...

Анда-санда Псковтегі және басқа жерлердегі жігіттерден хат келеді. Февраль айының аяқ кезінде Сұлтанның хат

келді. Хатында: «Қара құс ұядан ұшар, жақын арада, жазға таман қаз қаңқылдап жеріне қайтар», деген жұмбақшылау сөз жазған.

Ауылдың оқыған бала-шаға, кәрі-кұртаны: «қарақұсы» - патша, «қазы» - өздері ғой деп жорысты. Көп ұзаған жоқ, ел арасында патша түседі деген хабар ду ете қалды. Қысылған ел бір-бірінен сүйінші сұрап қоймады.

1917 жылғы жазғытұрғы уақыт. Жігіттердің алды келіп жатыр деген сөз де шығып қалды. «Патша түсті», деген хабар расқа айналды. Көкшетауға барып келген кісілер крестьянский начальникті сабап, кенелдік-ау! деп айтысып келді. Елде ес жоқ, әлде бір бостандыққа жеткендей, арқасы кеңігендей, күткен жұмысы орындалғандай болды.

Ауылдың жігіттері келіп те қалды. Кіре тартып жүргендер жүгін тастап, үйіне жатып алды. Сегіз айдан бері абақтыда жатқандар қайтып келді.

«Е! Біздің қарғыс қойсын ба!», - деп қоқиланып, шалдар қарқ-қарқ күлісті...

Кемпірлер балаларын сүйіп мәз болысты. Қара шаруаның көк шоқайы от басында быж-быж қайнады.

СКОММ 1634-қор, 1-тізбе, 4-іс. 1-9 беттер

№42

БӨРІЛІ КӨЛІНДЕГІ ЖИЫЛЫС

Шәймерден Қосшығұлұлы

25 июнь жарлығы таралғаннан кейін, Ақмола мен Көкшетау шекарасындағы Бөрілікөл деген жерде екі мың жігіт, ішінде ел ақсақалдары да бар, бас қосып жиналысты. Жиналғандағы мақсаттары - патша жарлығына мойынсұнбай, құрал күшімен оған қарсы тұру.

Жігіттердің басы қосылған соң, араларына қолбасшы қылып, Моншақ болысынан Бекберген дегенді, оған жолдас-тыққа Тәукен Данбайұлы дегенді сайлады. Сол көптің ішінде жүрген Сағындық Мәңкөбенұлы деген молда «Мұхаммбеттің үмбеті, дүниеге зарарлы патша үкіметінің тілін алсаңдар, күнәлі

боласындар, бұған тегіс атқа мініп, қарсы тұрған жарайды», - деп пәтуа берді.

Жиылған жігіттер керайыл тартып, жақсы аттарға мініп, арттарына азықтарын артып алған. Қолдарында найза, айбалта, қылыш және мылтық бар. Құралды қаруды ұста соғып беріп тұрды. Жігіттерге керек құралдарды тауып, баптап, соқтырып беру жұмысын Қосайдар, Мәули деген ақсақалдар басқарды.

Жиылған көптің жас жағының ойы - соғысқа бел байлау болса да, ақсақалдардың, ел адамдарының ойы - ақ патшамен бір тілдесуде болды. Менің жиылған жігіттер арасына барып - шығуымның бас себебі де осы еді.

Маған бірнеше ақсақалдар: «Сен ебін тауып ақ патшаға бір телеграмм сок», - деді. Мен, көріне телеграмм соғуға болмайтындығын түсіндірдім. Өз жанымнан үлкен кісінің атынан соғу керек деген пікірді ұсындым. Олар бұл пікірді мақұлдаған соң, қасыма Қали Малғозыұлын, Сағындық Мәңкөбенұлын ертіп алып, Қотыр қаласына келіп, Смакутин деген адвокатқа бес жүз ауыз сөз телеграмм жаздырып алып, аяғына Моншак болысы 4-нші ауылда әлдеқашан өлген Молдыбай Байзақұлының қолын қойдық.

Июльдің жиырмасы күні Смакутин телеграмды Шортан қаласынан соғып келді. Пошта начальнигі мұны соғушы кім дегенде, Смакутин бұған ертіп барған Ахмет Алдабергенұлын көрсетіпті. Квитанциясын мен алдым.

Үш төрт күннен соң, бұл телеграмм соғылу хабары Үкімет тыңшыларына сезіліп, бұған себепкер болғандар іздетіле басталды. Мен алғашқы кезінде сезіктеніп, Торайғыр тауына тығылып, онда ынғайым келмеген соң, Жөкей көліне барып панаташым. Ол арада Моншак еліне Ақмола уезінің пошта-мейстері шығып, Молдыбай Байзақұлын сұрапты. Ел оған Молдыбайдың әлдеқашан опат болған адам екенін айтыпты. Тексере келгенде, телеграмм соғылуға басшы болған адам аса зерттелуге түсті. Елден бұл туралы июльдің жиырмасы кезінде Қотыр, Шортанға барған адамды білесіндер ме? деп сан анықтама алынды.

Құз, қыс бойы қашып жүріп жан сақтасам да, 1917 жылы 15 февралі күні қолға түстім. Бір жандарм, екі стражник мені тұтқын қылып, Макин қаласына айдап апарды. Ертеңінде менен пристав жауап алды: «Ақ патшаға берілген телеграмманы сен

соқтың ба?», - деді. «Мен білмеймін» деп тандым. Сонан мені бір суық үйге апарып қамап тастады.

20 февраль күні Күрме деген орыс үйіне тамақ ішкелі шыққан кезімде, тұтқыннан қашып шықтым. Көп ұзамай Қызылжарға келіп, сегізінші март күні Государственный думаға жігіттерді қайтару туралы телеграмм соқтым. Сол күні Қызылжарда шығатын, «Приишимье» газетіне жігіт алынууда болған жолсыздықтарды көрсетіп мақала жаздым.

1917 жылы сентябрь жұлдызында «Көктерек» деген жерде баяғы Смакутин жолдасыма кездестім. Ол телеграмма жазғандығы үшін Қорған шаһарында ұсталып, көп бейнет көріп, февраль төңкерісінен соң босанып шыққан екен...

СКОММ 1634-кор, 1-тізбе. 4-іс. 10-13 беттер

№43

ОРТАҚШЫЛАР БОЛЫСЫНДАҒЫ ДҮРБЕЛЕН

Елдің шөп шаруасын орталап келе жатқанда, 31 мен 19 арасындағы жігітерді жиятын болыпты, - деген сөз бұрк ете түсті.

Күн сайын хабар жинала бастады. Бірінші және екінші ауылдардың ауылнайларын (ауылдағы жергілікті өкімет билігінің басшысы. - С.М.) болыс шақыртып, соған кетті деген де естіліп қалды. Августын төртінде ауылнайлар болыстан қайтып, елге келді. Елден жігіт жинау туралы шығарылған бұйрық қағазды әкеліп, елге естіртті. Бір табак қағаздың бір жағында орысша, бір жағына қазақша тасқа басқан, аяғына генерал губернатор Сухомлинов деп қол қойылған.

Он тоғыз бен отыз бірдің арасында балалары бар адамдарда да, бұл екі ортада жасы бар жігіттерде де үрей қалмады.

Жұрт әлсін-әлсін жиналады. Құтылу, бармаудың амалын қарастырады. Не қыларын білмей, құрғақ тарасады. Үсті-үстіне бұйрық жиілене берген соң, ел абыржыды. Асты-үсті, күндіз-түні дамыл жоқ, сергелденге түсті. Шөптегі жігіттер шөпті тастады. Нан жинау, мал асырау, қысқы жұтқа ұрынбау деген ойлар ұмытылды... Жалшылыққа тұруға жасы іліккен жігіттер де байдан шығып, үйлеріне келді. Ауылдың тізімінде 60-70

жігіттен ілінген. Көпшілік жағы кедей, төмен аталардың жігіттері.

Бәрі де атқа міністі, лек-лек болып, бастарын қосып, ақылдасады. «Соғысқа барып ит пен құсқа жем болғанша, бармай елде өлейік, не Бағаналы жағынан жігіттері жиналып жатыр дейді, соған қосылып соғыс ашайық», дегенін айтысты. «Ауылнай болыс тізімін бермесін, берсе - өлтірейік, жігіт беруге басшы болғандардың қандарын ұрыттайық», деп гуілдеседі.

Бұзау тіс, дырау қамшы мен сойылдан басқа құрал жоқ. бұл жарлыққа демесін болғандарға елдің жаны қас, өштік күшті.

Сол кезінде ретсіз мінез, ел ішінен, не ауылнай, болыс-тан сезілсе, өлтіруі де анық еді, әсіресе бірінші ауыл жігіттерінің беталысы жаман. Қызу деген болысқа Уәлихан ұлы Махмед келді. Елмен ақылдасты. Есеп тізімін жан алқымына келгенше бермейтін болды, іңірде бірсыпыра адам келіп тартып әкетті демекші болды.

Патшаға өкіл сайлап, Сыздық қажы Қойлыбай баласын жіберді. Ол түк бітіре алмай, жолдан қайтып келді. Жігіттерді жөнелтсін, списоктарын жіберсін, деген бұйрық үсті-үстіне келіп жатыр.

Ел бұрынғыдан гөрі қатты дүрбеленге кірді, әркім өз баласын, өз жақындарын қалдыруға амал іздей бастады. Отыз-қырықтай қорғансыз кедейлердің, әлсіздердің балалары, қалуын қолдаушы жоқ. Олардың қалуға қыры да жоқ еді. Ауыл поштабайы, ауыл мұғалімі, ауыл молдасы қалады дегенді естіп, әлді тұқымдар соған үйін соғып, балаларын қалдыруға жасырын приговор жинағандығы естілді.

Сыпыра қорғансыз жігіттер жікке бөлініп, олардың үйіне шапты, ұстап алып қыздарын тартып алмақ болып, соңдарына түсті. Ұстаса, табанда өлтірмек болды, бірақ олар ұстатпады. Сібір сықылы қулық қылғандарына бүйідей тиді. Бірақ кісі өлімі болған жоқ. Әлсін-әлсін: «Жігіттерді алмайтын болыпты», деп сүйінші сұрап шауып келді, кішкене дене жадырап қалады. Іле, ол бекер деген хабар келіп қалады, ақыр заман қайта орнайды.

«Сарбаз құрмалдықта» дамыл жоқ, кемпір-шалдар бата қылып отырып, еңкілдеп жылайды.

Қазақтан солдат алмаймыз, деген антын бұзған патшаны ант соқсын, төбесіне жайы түссін, деп қарғайды (сол кезеңде

июнь жарлығының жолына шығарған малдарын есепке алса, әлденеше миллион болар еді).

Ойын-күлкі қалды, түшіркеніп ұйықтау қалды; бай мен ақсақал балаларынан жігін айырып, бөлініп шыққан отыз-қырықтай жігіт ақтық ақылға жиналды. Біразы кашуға, біразы соғысуға, үйде өлуге: біразы, «елді қиратады, қашып құтыла алмаймыз, қамшымен сойылдан басқа қаруымыз жоқ, мал-жан талауға кетеді», десіп, бір жерге ақылдарын қоя алмай дал болды. «Ортақшылар болысының жігіттері соғыс жеріне бармайтын болыпты. Махмед болыс начальникпен сөйлесіпті, бидай тартып құтылады» деген хабар келді.

Жігіттердің қызуы бұл хабарды естіген соң, бәсеңдей берді.

Сентябрдің орта кезінде «Саумалкөлден 150 солдат шықты, Октябрь болысының жігіттерін жөнелтіп жатыр, екі кісіні атыпты, беттері жаман», деген шапқын келді. «Ертен Ортақшылар болысының бірінші, екінші ауылдарына келеді. Басқа ауылнайлардың жігіттері барыпты», деген сөз естілді.

Түнгі дүрбіліске жүруге қамдану басталды. Жігіттер түнде тағы да ақылдасты: «Бидай тартқыздығаны рас болса, көнейік, бекер болса, сол жерде қырдағы елге қашырайық», десіп уәде байласты. Жігіттер жүруге аттанды. Үйде тірі жан жоқ, барлығы Құбажонда. Зарлау, дауыс қылу, жылау бүкіл Құбажонды күнірентті. Төрт шақырым шыға бергенде, жүз елудей атты казак-орыс солдаты сау ете түсті. Ішінде Жыланды болысының Сәберлі деген елдің Әбіш деген қазақ жігіті бар.

Көкшетауда тұратын урядник екен, жігіттердің списогын түнде алып жөнелтті. Бір уайымы - жігіттердің қалғандары аз болды, алғандары қыс бойы дамыл жоқ, бидай тартты көліктері қинады, өздері болдырды. Дүние-мүліктің шығынында есеп жоқ...

Тұралап қалғандары да болды. Енді қайтеміз, деп отырғанда патша құлап, елдің арқасы босады. Сол кездегі мықты елдердің табандарында жүргендер кеңес үкіметі еңбекшілер табының әперген еркін бостандығы арқасында осы күні ел ішінде бастық болып, ел менгеріп отыр.

ҚОТЫРКӨЛ БОЛЫСЫНДА

Қантарбайұлы Мұхамедия, «Еңбекшілер» болысы,
«Бірлік» кооперациясы

Менің жасым 16-да еді. Сол жылы тізімде 25-те болып шықтым. Біздің елдің болысы Жұманұлы Әлімжанды Көкшетауға, уйезге шақыртып алып, июннің жарлығын естіртті. Болыс елге келіп, жігіт алу туралы болған жарлықты хабарлап, жұртқа жайды.

Ел жылады, зарлады, осыдан аман қалуға амал іздеді. Елдің «кылышын сүйреткен қысқа» жабдық даярлайтын уақыты еді. Байтал түгілі, бас қайғы болды. Дес беріске біздің жанымызда консерві заводы бар еді, бастығы ағылшын болатын. Сол адам өзіне керек жігіттерді алмақ болынты, деп естіп біз заводтың жұмысына кіре бастадық.

Басқа жұрт қолы епті тілмаштарға жастарын шегертіп, қалай қалудың амалын іздеді. Өздері жол таба алмаған адамдар, заводтың сол күндегі приказшигі (өндіріс буынының басшысы. - С.М.) Мақсұтұлы Қасымға, Қабылұлы Жалмұхамбетке жалынды. Бұлар Итқараға (болыс. - С.М.) жеңге болып, аталыдан жүз сом, атасыздан 500 сомнан өздері деңгетай (пара. - С.М.) алып, жұмысқа кіргізді. Пұлсыз кедей балалары бір-бір қарасын алып келіп, жоғарғы адамдарға тарту қылды. Туғалы жұмыс қылмаған бай балалары өз орынына қорқытып, үйіндегі малай-ларын кіргізді. Бұл жұмысқа көнбей, Қажыкенұлы Төлебай деген жігіттерді ертіп, Ақмоланың көтерілісіне қашып кетеді.

Біздің қылатын жұмысымыз 12 сағат. Басымызда басқа да ерік жоқ. Аяғың қылдан тайып кетсе, Опытка деген көк шалбар (киіміне карап, казактардың қойып алған аты. - С.М.) урядник апарып қамап, уезге жөнелтіп жібереді. Талай жігіттерді ерегесіп Челябинге жөнелтіп те жіберді. Бір күні заводтағы күллі жігіттерді бір түні алып кетеді екен деген әңгіме де елге естілді. Соны біліп Әлімжан Сыздық балаларын жұмысқа кіргізбепті дейді, олардың балалары жұмыс істемей, Ақмолаға қашуы сол себептен еді.

Осындай басымызда қараңғы бұлт, қайғылы түн тұрғанда, аспаннан түскендей февраль төңкерісі келді. Сондағы оқиғаны көз көрген жігіттеріміз ұмытпасын.

СКОММ 1634-қор, 1-тізбе. 4-іс. 18-19 беттер

№45

МАЙДАН ҚЫЗМЕТІНЕ БАРЫП ҚАЙТҚАН ЖІГІТТІҢ АУЫЗЫНАН

Әлімжан

(Көкшетау уйезі)

1916 жылы 25-ші июль жарлығы естілгенде біздің ауыл Қоянады жайлауыда еді. Сонан, төбеден түскендей, болыс-ауылнайға қазақтан жігіт алатын бұйрық шықты. Оны естіп, кәрі-құртаң кемпір-шал: бұл не деген сұмдық деп зарлап, бір өңкей жастар дүниені естен шығарып, астарына жаксы аттарына мініп, әзірлене бастағандай болды.

Бұрын қазақ-қазақ болып орысқа бағынғаннан бері қарай естілмеген сөз болғандықтан, жаңа бір түрлі ғажап, жаңа бір түрлі қорқыныш болып көрінді. Сонымен: «Мекенге барып қалайық, қатын-бала, кемпір-шалды барлығын бір жерге апарып тастайық», деген ниетпен алды-артына қарамай, ел асығыс көше бастады.

Аз күнде ел шөп шапқанда отыратын орнына жиналып: «Енді өлсек те, қалғанға тіршілік керек», деген оймен шет пұшпақтап шөпке түсе бастады. Әйтсе де, бір өңкей отыз бір мен он тоғыздың аралары енді бізге дүние не керек, соғысқа барып қор болғанша, кір жуып, кіндік кескен өз елімізде шейіт болайық, деп сайман қамдап қазақ ұсталарына найза, қылыш, айбалта, қанжар секілді қару соқтыра бастады. Осы екі арада, екі күнде бір алыпқашты сүйінші хабар естіліп, қазақтан әскер алмайтын болыпты, деген өтіріктен құлақ сарсыды.

Елдің басшылары, ақыл иесі болған адамдары қара жұмыс подводка (көлікпен жүк тасуға. - С.М.), қазынаның етігін тігуге болыс ауылнайлармен ақылдасып, балаларын, жакындарын орналастыра бастады. Мұндай жүргізген ақылға, әсіресе, кедей жағы отыз бір мен он тоғыз аралары, әлгіндей

қорғап алып қалатын қамқоры жоқтары, үгіт-насихаттарға тоқтамай, желіккен қалыппен топтасып бас қосып, сол орында соғысып өлуге, бір-біріне тіс қаққан уәделерін берісті.

Ел ішіндегі болыс пен ауылнайларға тілін алдыратын беделді адамдар өзінің балаларын орналастырып алып және орыспен, патшамен соғысып біз жеңе алмаспыз, деген сұлу сөздері бізге ақыл екен деп, оларға дарыған жоқ.

Қысқасын айтқанда, осы жиылыспен сентябрьге шейін бардық. Оның ішінде, енді қазақтан солдат алмайтын болыпты, деген өсекті күн ара бір естиміз. Ендігі біздің халіміз осы қызметте, қазақ жастарын солар алғыздырып тұрғандай көріп, ел ішіндегі ақыл айтқан ақсақалдармен, ауылнай болыстармен болды.

Бір жағынан карастырғанда, оларды жек көретін ретіміз де бар. Біздің ендігі ниетіміз. өзімізше ойлап тапқанмыз: «Арғы жердегі герман соғысы болып, патшаның бар күші соған сарып болып жатыр. Бұл төңіректегі аз ғана әскерді осы найза, қылышпен-ақ жеңіп тастаймыз ғой», деп тығыз сеніп жүрміз. Өзіміз жиналып, тағы басқа жердегі жиналғандармен қатынасымыз болып жатады.

Сонан кейін біздің дуан шабамыз деген хабарымыз естілмей тұра ма, күнде алынбайтын болды, деп уезден хабар келеді, сол әлекпен жүріп, Ақмола уезіне қараған Ақкөл маңайындағы Қызылтопырақ, Мойыншақ, Қарабұлақ болыстарының жастары түгел жиналып, Ақкөлден басқа қаладан да бір үш-төрт матушқаларды өлтіріп тастапты деген лақап естідік. Сонан олар: «Бір жерге жиналайық, Атығай жігіттері мұнда келсін», деген шақырумен біраз жігіт сонда барып жаттық. Ол кезде халық қандай меймандос, күні-түні ет жеп, ас-суында жұрттың аяры жоқ, жаттық. Соның артынан Ақкөл қаласынан 60 солдат шығып келе жатыр, деп естіп жиналып жүрген жігіттер олардың сегізін өлтіріп, екі пар көк арба атымен қазақ қолына қалды.

Біздің қазақтан Ахметжан молда болса керек, атын ұмытпасам, сол оққа ұшты. Жаңабай Қуандық дегеннің жақсы кара аты оққа ұшты, басқа оққа ұшқан аттар тағы да бар. Сонан қалған солдаттар қалаға қашып барып, енді қайта қазақты оңай көріп, шығуды қойды.

Енді біздің Атығай деген елден барған азғана жігіт елге қайтып кетісті. Сонан енді Керейге қосылмаймыз.

Кендірлі деген жерге бас қосып Арғын, Қыпшақ болып, мың жарымдай жігіт «қой қамаған» ағаштан шатыр тігіп жатып алдық. Бұл мезгілде жерге қар түсіп, арты суыққа айналған соң, ішімізден мыңбасы, жүзбасылар сайлап, қашан хабар тигенде, даяр болуға пәтуәласты тарастық.

Соның артынан енді бізге келетін жау жоқ деп үйге келіп жатқанымызда, Қараөткелден шыққан саны белгісіз атты-жаяу көп әскер Ақкөл қаласына келіп, сонан біздің Кендірліде жиылған қазақ бар деп естіп, тұп-тура соған келді. Манағы тарасып кеткен азаматтар енді бас қосып, оған қарсы тұруға дәрмен болмай, байлап жүрген бір-бір атына мініп беті ауған жаққа қаша жөнелді.

Сол күні Кендірлінің ішіндегі мал бағып жүрген шалдардан, ағаш кесіп жүрген азаматтардан кез-келген жиырма шақты адамды әскер атып тастап, қып-қызыл жосадай қылды. Сол бетімізбен біз қашып отырып, Калутон барып, бас қостық. Ол күні патшаның жендеттері Қыбыш қаласы деген жерге барып қонған.

Ертеңіне бұлармен бір шайқасып өлейік, деген ниетпен мың шамалы кісі жер қайыстырып Қыбыш қаласына қарсы жүріп, қара санымызды көрсеткен соң, алдымыздан әскер де шығып сайын далада бірімізге-біріміз қарсыласып жақындаған кезде, алдан қарсы шапқан мезгілде пырт-пырт пулеметтердің дауысын естідік. Оған да тоқтамай, бір шақырымнан жақын қалған кезде алдымыздағы ағаштың ішінен Бектасұлы Ахметжан дейтін жігіттің астындағы құла аты ойнап шыға келді. Оның жығылып қалғанын көрген соң, бәріміз де осының жолын құшармыз деген қауіппен, бетімізді бұрып алып, қаша жөнелдік.

«Қашқан жауға қатын ер» дегендей, патшаның әскері тобын жазбай бізді қуа берді. Сол сапарда қазақтың басына Ақтабан шұбырынды болып қалғандай, есінен айырылып, мал-жанынан түгел үміт, үзіп қиямет күні болғандай болды. Не керек, енді басымыз қосылып, қарсыласатын дәурен болмай, бытырап біраз күн қашып жүріп, енді өз бетімізбен қызметіне барайық, шамамыз келмес, деген пікірге келістік.

Бағанағы ерте уақытта орналасып, тыныш отырған елдер бізге мынау қашқындардың кесірі тиеді деп, арамсына бастаған кездер де болды. Қысқасы, дуанға барсақ, бір жағынан приемдап алып жатқан жастарды көрдік. Ауылнай, болыс, билер барлығы дуанға жиналған. Бір жағынан: «менің сөзімді қалай тастайды», деген пысықтар да жүр. Әуелде тегін жазыл деген пошта тасу, етік тігу, көлік тарту - барлығы сатулы, оларға тұру үшін пәлен жүз сомнан ақша керек.

Осылайша, параға құныққан қызмет басындағы уезі бар, ауылнайы, болысы бар, сол екі арадағы пысықтардың биесі құлындап, құдайсып екеу-екеу сыбыр көбейіп, ақшамен балаларының басын сатып алып қалуға кірісіпті. Баласының орнына жалдап және орнына салып жібер деп, басқа біреуді кіргізіп жіберушілер де көп болды. Сонымен қойдай маңырап, козыдай шулап приемға алындық...

Елдегі жиылысқа басшы болғандары: «Сендер бунтовщиксіндер», деп барлығын тізіп абақтыға жауып, ұрып-соғып көрсетпегені жоқ. Сол жылы қыс бойы қара қызметте болып, май ішінде (1917 жылы) қайттық. Егер 1917 жылы февраль өзгерісі болып, патша тақтан құламаса, патшаның қара жұмысындағы жігіттер тұтқыннан аман босанып, ел болып, біздің қазақтың басы құра алады деген үміт болмас еді.

Бұл сапарда, бұл дүрбеленде қазақтан шыққан шығын ауызбен айтып газет көлемінде енгізуге мүмкін емес. Ақыры, қазақ халқы кеңес үкіметінің арқасында азат болып, сана сезімі оянып, ілгері басуға және патша саясаты қандай, халық ақылымен болған кеңес үкіметі қандай екенін айыруға үлкен сабақ, үлкен тәжірибе болды.

СКОММ 1634-кор. 1-тізбе. 4-іс. 20-26 беттер

№46

ЖАУАР ЕЛІНІҢ КӨТЕРІЛІСІ

(Көкшетау уйезі)

Сәбитұлы Мәжит.

Июньнің аяқ кезінде көктен түскендей, патша қазақтан жігіт алатын болыпты 19 бен 31 жастың арасын жимақ, деген

хабар елге жайылды. Жұрт нанарын да, нанбасын да білмей, аңтаң болды. Жылау-сықтау, еніреу-боздау көбейді.

Жұрт осылай не қыларын білмей, дағдарысып тұрғанда, бір қағаз келді (қайдан жазылғаны белгісіз). Онда былай деп жазылған: «Құрматлу дін мұсылмандар! Біз Қызылжардың Жолдыөзек бойын жайлаған елдер және Көкшетау айналасындағы Қарауыл, Атығай елдері патшаның бізден жігіт алатындығы айкындалған соң, Айғабақ деген жерге жиылып, патшаға қарсы соғыспақшымыз. қапы қалмандар, жиналайық, соғысайық», - деген.

Бұл хатты оқыған сон. өзі дел-сал болып тұрған жұрт, мақұл көріп, соғысуға даярланды. Бір-бір жақсы аттарын даярлап, сойыл, айбалта, екі жүзді қанжарларын қайрап қамданды.

Түнде бір түрлі хабар келді. Әр түрлі сөз келді, жұрт әлі де болса қамданып, даярлануда. Бір күні анау күнгі хат бекер екен, Айғабаққа жиналған жұрт жоқ, деген хабар тағы келді. Мұнымен белді бекем байлаған ел жасыған жоқ. Әлі қамдануда, майданда соғысып өлеміз, патшаның зұлымдығына көнбейміз, дейді.

Біздің бұлай қамдануымыз үкіметке де жетіп қалыпты. Көкшетау маңайындағы елдерге: «Жауар еліндей бунтовщик болмандар», деген сөздер сөйленіпті.

Ел дағдарды, жастар қайғыланды, жер күніренді, ақсақалдар ойға түсіп Омбы қаласына Құлмағанұлы Құсайын дегенді жіберіп алды. Бұл кісі Омбыға барып әр жерден біліскен екен, жауырынға бір сипап қоя беріпті. Қысқасы - күннен-күнге патшаның жігіт алатындығы байқалып, анықтала бастады, жұрт желігіп көтерілуде.

Сентябірдің үші. Бір күні болысымыз Шәкен Шақаманұлы жанында пристав, қырық шамалы казак-орыс солдаты бар, жанымыздағы Қырыққұдық (Ақмола мен Қырындас) қаласына келіп, қалаға жақын Қожас тауының қасын-дағы ауылда елдің ақсақалдарына хабар айтыпты, ел адам-дарына пристав үгіт-насихат айтпақшы екен.

Жиналған казактарға пристав үгіт-насихат айтпақ түгілі, барған адамдарды қамап тастады. «Сендер желігіп патшаға қарсы болып, әлі күнге дейін жігіт беруді создыңдар», деп бұларға ақырды, жекіді, көрмегенді көрсетті. Барған адам-

дардың осылай қолға түскенін көргеннен кейін, не де болса да соғысып өлеміз деп, мыңнан астам жігіт приставты жақтаған ауылға екі шақырымдай келіп, қамап, қыр көрсетті.

Осылай келе жатқанда (қазақ қандай аңқау) солдаттар Қожас тауына келіп қалыпты. Солдаттар арғы жағынан жылысып таудың басына шығып, қалған, жиылған жұрт таудың алқымында тұрып қалды.

- Ал, қарап тұрамыз ба, соғысты ашайық, қарсы шабайық!, - деген айғай шыға бастады. Жұрт тауды айнала шабысты.

Солдаттар тау басында қарбандап жатқан сықылды еді, бір уақытта оқ зу-зу етіп ала жөнелді. Менің астымдағы атыма оқ тиіп, етбетінен түсті. Біреудің тымағына, біреудің құлағына оқ тиіп жатыр. Біраз кісімізді ұстап та алды...

Айбалтамен келген қазақ пулеметке қарсы тұра алар ма? Жұрт тым-тырақай қаша жөнелді. Пристав солдаттары қуып кетті. Ел мұнымен тұрған жоқ, бір жұмадан соң, Қожас тауының маңына тағы да жинала бастады. Ақмола уезінің Ереймен, Моншақты тауына жиналып жатқандарға кісі жіберді, хабарласты. Мұнан келген шабарман: қазақтар өздері іштерінен хан сайлапты, деп айтып келді.

Мұны ести сала, жиылған жұрт орталарынан хандар сайлай бастады. Достайхан, Қатақыхан, Қапархан, Бекболатхан деген хандыққа бөлінді. Бұлар жігіттерін сайлап алысты. Жарамайтындарды шығарып тастады. Өздерінше сұрыптау жүргізді, тәртіп жасады, ақыл үйретті. Халық шеру тартып жиналып, бір өзеннің бойына барып, қос тігіп жатысты.

Жан-дүние, мал-мүлікті ойлаған жан жоқ, жұрт азан-казан, күні-түні мал сойыс, жұрттың бәрі жомартқа айналды, ойын, ат жарысы, күреспен көңіл көтерді.

Ақмола уезіндегі Моншақты тауында жиналып жатқандар хабарласып тұрмыз. Бір күні жіберген шабарманымыз: «Олар жеңіліпті, ақсақалдарын ұстап, елін қырып жатыр дейді. Орыстың қаруына бұлар қарсы тұра алмапты», деп хабар әкелді.

Мұны естуі мұң екен, жұртта үрей күшейді. Халық екі тарап болды: біреулері Ерейменге кетпек, біреулері Моншақтыға қосылмақ, біреулері жігіт беру керек десті, не қылғанымен, жұрттың берекесі кетті. Халық тарады, хандар өз басын ойлап, үйді-үйіне тартты.

Мен қасыма 6-7-жігіт ертіп алып, Ерейменге жөнелдім. 5-6-қоналқа шыққан соң, артымнан әке-шешем кісі жберіпті. Әке-шешемнің көз жасын кимай, үйге қайтып келсем, жігіттердің тобы приемға кетіп жатыр. Ауырып қалды дегенмен, приемға барушы жігіттер таз, ақсақ, соқыр болып жатыр. Денесін пышақпен тіліп, алмас салып, аяқ-қолдарының екеу-үшеуін шауып тастап, кейбіреулері құр дәрілеп мылтықпен өзін атып, бүлдіріп жатыр. Байлар баласының орынына жігіт жалдады.

Біз де қорқа-қорқа Көкшетау қаласына жеттік. Менің жүрегімнің ауруы болатын, содан қалдым, бір ағам өтірік ауру болып қалды, екі ағам алынды, алынған жігіттерді алысқа айдады.

Мал шашылды, жан шошынды, жұрт шаруаның не екенін, тыныш тамақ ішуді ұмытты. Өткенге көз салып, ой жіберсек жалғыз біздің Жауар емес, жалпы қазақ осылай болған. Патша түсіп, ел теңдік алып, жауыздардың қарасы өшті. Октябрь төңкерісінің арқасында ел мұны шешілді.

СКОММ 1634-кор. 1-тізбе, 4-іс. 27-31 беттер

№47

ҚАЛИ КӨРІСІП ЖЫЛАДЫ... СӘРСЕНБАЙ ХАН

(Авторы белгісіз)

Ауыл Қарақұдықтың басында. Шәкен болыс алдында қазақтан жігіт алады деп, ел ду-ду етіп, біресе сөз рас деп, біресе сөз өтірік деп шала нанып тұрған кез. Біздің ел Омбыға қараған елмен қырындас, арамыз 5-6-шақырымдай тұрады. Омбыға қараған Айсары-шорман деген елде менімен достас болып жүрген Қуаныштың Қалиы деген досым списоктың жуан ортасында болыпты. Елінің Баймен деген болысы жігіт беретін болып, список беріп қойған соң, қолынан келер ешбір қайла қалмай, өкіріп-бақырып жылаудан басқа шамасы жоқ, не қыларын білмей, атын ерттеп алып, қасында 2-3 жігіті бар Ғаббас, Қалжан деген, маған келді. Мен үйде отыр едім: «Ой, бауырым!» деген дауыс шықты. Сасқанымнан жүгіре шықсам,

баяғы Қалиым құшағын жайып ұзатқан қыздай келе жатыр. былық-сылық етеді, екі көзі былаудай. Жүрегім тас төбеме шықты, не болғанымды білмеймін.

Өзімді бас салып көріскен соң, мен де құшақтай түстім. Ал жыла, ауыл у-шу. Бір заманда Ғаббас өзі жиен, өзі күйеу елден қыз алмақшы болып жүрген жігіт, күйеулігінде жұмыс жоқ, нар түйедей бақырып, ырсылдағанда жан тұрар емес. «Қайын қылайын деп едім, қайран елім», дегенде сай-сүйекті сырқыратты. Жыламаған жан жоқ. Баяғы алам деген Сарқыт қыз он алты жасында шіркін, пісіп тұрған алма, артта қалып бара жатқан соң қайтсын, екеуі құшақтасып, көріскенде жан айыра алмады.

Алдында ғана отыз жетіде құда болып, жасырын бір-екі рет келіп кеткен. Бағанағы менің Қали досым үйге кіріп, киіз үйдің белбауына көрісіп, қайран үйім дегенде, сай-сүйегімді сырқыратты-ау! Бар ақылым таусылып кірерлі-шығарлы есім бар.

Ойлаймын, мені алмас, жасым он жетіде ғой деп, сөйтсе де біздің қазақтың жасты тура беретіні бар ма? Алдында ауылнай есеп алғанда, артық берген онды болады деп, әкем үш жасымды ілгері берген.

Жасым толмайды деп отырған басым, әлгі есеп берген есіме түсіп, менің де көріспеген жаным қалған жоқ. Сонымен не керек, қонағасы жеп отыратын уақыт жоқ. Жылаумен - ішкені ірін, жегені желім болып у-шуменен олар да аттанып кетті.

Келесі бесін уағында далбақтап біреу шауып келеді. Шошынып тұрған жүрек тағы ауызға келді. Қарасам, Байымбеттің Бұлқайыры екен. Жүгіріп-жүгіріп барсақ: «Құдай ұрды біздің болыс список беріп қойыпты. Сейпіл қажы, не көрсек, біз көреміз беріп қытылу керек, деп үш ауылнайдың списокын түгел енгізіпті. 20-ында жігіттерді жүргізбекші, 26-ында дуанда болып жігіттерді приемдатпақшы. Болыс орыстың ар жағында, бетіне жан шыдар емес», дейді.

Елге келер болыс жоқ. Қалада жатып алып, бұйрықты тығыздап жатса керек, не қылса да отыратын шама жоқ. Тым-тырақай қолға жүген алып, ат ұстап, жалғыз көк ат бар еді. Жаз жайлаған алаңқайдан ені бар көк ат ұстап мініп, дүрілдесіп ауылдың жігіті жиыла бастады. 20 шақты жігіт өзіміздің ауылда дуылдасып: «Неге жігіт берем деп айтады. Бергені рас

болса, алдымен Сейпілді жарып, сонан соң болысты өлтіреміз», деп тұс-тұс жаққа хабар салды. Сол Сейпілдің баласы, менімен түйдей құрдас, қасында екі жылқышысы бар қостан келе жатқан беті екен, Құтабақтың үйінде қымыз ішіп отырып әлгі әкесінің списокты бергенін естіп, мені шақыртыпты. Шақырушы келгеніне мен де барып қалдым.

Сол арада жігіт жиналып, әңгімені далаға құрмақшы болып Азынабай деген қалың қарағай бар еді. Соған бар жігіт жиналып, әңгіме қорыттық. Ақырғы сөзіміздің қорытындысы: «Соғыс ашып, қарсы келген бай болсын, болыс болсын, қажы болсын, зорлаған зорлығына көнбей, қарсы тұрмақшы» болдық. Бір-бірімізден ант алғанда ант берген жігіт 56 болды. Бірінші мәселеміз - сол жігіттердің көбінің аты нашар, оған байдың жылқысынан қолымызбен ұстап, сенімді, жау қолында қалдырмайтын ат таңдап мінгізбекші болдық. Әлгі Сейпілдің баласы жігіттердің басшысы болмақшы болды. Ол сол арада ант бергеннен кейін айтқан сөзі: Өзінің үлкен шешесіне сақтатқан мың жарымдай ақшасы бар екен, мына қаулыны білдірмей жасырын ғана сөйлесіп, әлгі ақшаны қусырып алмақшы болдық. Ар жағымызда тағы жиын елдің жігіттерін қосып алып, бір жерден соғыс ашпақшы болдық. Сол сөзді ішінде тыңдап отырған бір жігіт Мұхамеджанға хабар беріп қойыпты. Соны естіп ашуланып, Мұхамеджан үйге келсе, ақша алуға келгенді сол жерде бас салып ұстап, аяғына кісен салайық деп ақылдасыпты. Онысын білген жан жоқ. Жылы жүзбен келіп ақшаны алмақшы болған Шәріпті шап беріп ұстап алып, кісен салған атына да, өзіне де.

Қасындағы 4 жігіт ұстатпай қашып келді. Сонан соң отырған 20 шақты жігіт гуілдесіп: байлардың шаңырағын ортасына түсіріп, Шәріпті тартып аламыз десті. Сөйткенімен, ел іргесі оңа ма? Өйтіп ауылдың бала-шағасын қиратқанша, ерген жігіт ерсін, ермегені қалсын. Список бермеген болыс болса соған барайық, деп тұрғанда Қызылжардан мал айдап барып қайтқан Саранбай деген шал, астында торы аты бар, бізге кез болды. Қасымда Торлыбайдың Алтайы және Қабанның Қабдошы бар, Желқызылдың қасында сөйлесіп тұр едік. Мәнжайын сұрап білген соң шал бар білгенін айтты:

Шалдың жүрмеген жері жоқ екен. Неше жыл Қытайда жүрген екен. 40 күншілдік шөлі бар, 2 күншілдік асу тауы бар,

патшаға карамаған ел. Қазақша қаны бар Асан қайғы әулиенің өлген жері, Құланөтпес Жиделібайсын жері бар деді, жолын мен оңды білемін деді. Сонымен шал бізге басшы болып, бізді бастамақшы болды. Жолшыбай соғысып жатқан қазақ болса, қабат соғысқа кірісіп, жеңіле берсе ақыры соған таяуға ақылдастық.

Манағы ант берген жігіттерімізге келіп, әлгі Саранбайдың айтқанын айттық. Олар ұнатып, енді жүрейін деп тұрғанда Нұрғали, Шәйсұлтан деген екі жігіт: «Ойбай, бұл патшадан құтылып қайда барасың, олардың құрығы ұзын, қырып тастайды», деген соң, сол арада ант қылған жігіттен отыз жігіт көніп қалды, қалған 26-мыз жүрмек болдық. Сонымен кешке ақсарбас-құрмалдық айтып жігіт басы бір-бір тоқты сойып, жер де май, көк те май таң атқанша ұйқы жоқ. Таң аппақ атқан соң, күн шыға жөнелдік, молдалар азан шақырғанда қиямет қайым болды.

Ғарасат майданы болды деп, қорқытушы еді, сол қиямет осы болар дегендер де болды. «Шотқоянның» арғы қабағы 10-шақырым биік қырқа еді, сонан ары асып қараймыз, жоғалғанша қарасындарыңды көріп қаламыз деп кемпір-шал, қыз-қырқын, бала-шаға шулап аттан қалмай шұбырып отырды, неше рет қайт деп айтсақ та болмады, ақыры шаршап, көбі қалғанда, әсіресе, Қапыштың екі қарындасы аттан қалмай еріп отырып, әлгі қырдан асқанда зорға қалды.

Сонымен, 70 шақырым жүріп болып, шеті Қаңдыжауыр деген елге келсек, дүрілдесіп олар да жиылып жатыр екен, ат-көлігін сайлап қойыпты. Біздің құда, менің жалғыз апамның атасы Тоштай хан сайланып, школ салып, бір ауылнайдың баласын оқытып, бір болысты биілейін деп тұрған, Жомарт деген баласы бар, өздері ағайынды алтау. Беттеріне жан карамаған Тоштайдың үлкен баласы Мүсейіт кигізден сауыт киген - оқ өтпестің амалы.

Біз 21 жігітпіз. Біздің жобамызды суреттеп өтейін: бір-бір оңды ат, бір-бір ақтабан сойыл, басында темірден жиілетіп қаққан шегесі бар: артымызда бөктерген қоржын, бір басына құрт, бір басына қарынға салынған сары май; бесеуара бір қара шайнек, бір-бір темір шәшке; шіркін, мал арзан, бесеуара бір тоқты сойып, түнімен әңгімелесіп, ханмен ақылдасып, не қылса да сол арада Қожас тауына соғыс ашпақшы болдық.

Бағанағы список берген үшінші ауылнайдың баскасы хан Тоштайға бағынбақшы болды, не айтса, соның әмірінде болмақшы. Таң аппақ атып, күн шыға атымызды ерттеп, қымыз ішіп отырғанда, бір шаң көрінді. Келіп қалған солдат екен деп тұра-тұра шапсақ, басқа елдің жігіттері екен. Ауыл у-шу болып қалды.

Сол жерде 150 жігіт болып жиналды, сөйтіп, сөйлесіп тұрғанда күн ұясына қона берді. Біз 21 жігіт ақылдасып, екі жігітті Одырай деген биік төбе ағаш бар еді сонда қарауылға жіберіп, қыстауда отты жағып, шайды бұрқылдатып қайнатып, алдымыз ішіп, артымыз ішпей, хабарға жіберген Қабдөш және Айтым деген екі жігіт шауып келді. Ал, аттан! Бірталай кісі жиылып қалыпты.

Орыс солдаты, ішінде болысы бар, айнала қамап алған, қашып кетер жер жоқ. Атыс жаңа басталғанда, біз хабар беруге кетіп қалдық деп айтқан соң, таң бозарып атып келеді, тұра-тұра шаптық. Арасы 38 шақырым, күн көтеріле біз де келдік. Келсек, атыс болып, біразы өліп, 17 кісіні байлап алып кетіпті. Жігіттер быт-шыт жүрегі қайтып қалғандай көрінді. Мән-жайды білген соң, бұдырдан біз шықпайық деп, ақылдасып-ақылдасып, бағанағы шалды тауып алып, жүріп кеттік.

Содан, екі қонып, Сілетінің өзеніне жеттік. Күн кеш болып, бір жерге қондық. Сәске болды, жол бойында жолыққан адамнан сұрап отырып, Сәрсенбай ханның үйіне түстікке келдік. Келсек, Сәрсенбай жиылысқа кетіп, қатыны мен қызы біз келген соң шай құйып, бір қой сойып, үлкен шарамен сапырып отырып, қымызға қандырды-ау!

Етті жеп, асты жиып, серуенге шығып, ат ерттеп жатқанымызда, қасында он жігіті бар, Сәрсенбай келіп қалды. Сөйлесіп өзіміздің мән-жайымызды айтқан соң, Сәрсенбай риза болып, міне, жігіт, - деді. Біз де сайланып жатқан соң жобамыз осылай деп, айтпаған сыры жоқ. «Сарытөбенің арғы бетінде өзенде тосып жатайық, сонымен қара жол келеді, орыстың келер беті», деді Сәрсенбай.

Сонымен жүріп кеттік, ендігі бетіміз – Шәйсұлтан деген жігіт. Ол екі жүз жігіт жиып жатыр деп естідік. Өзі біздің Қанайдың қызының күйеуі еді, соған қонаға келдік. Шәйсұлтан алдымыздан қарсы шығып, сыйлап, құрметтеді, сонда төрт күн жаттық. Төрт күннен соң, Шәйсұлтанның жігіттерімен жиылыс-

қа бардык. Кісі басы бір-бір сойыл, қайсыбіреуінде тармағын сындырған темір айыр, қолдан соққан айбалта, бауыры ара, сырты пышақ бір кез жеріне шейін.

Айналасы бір мың осы жерде кісі екі күн жаттық. Орыстан хабар келген жоқ, сонан соң, Сәрсенбай хан бізге: «Сендер елге барындар, біз орыс келсе, хабар береміз, аттарың арып қалар», деген соң елге қайттық. Елде алты күн жаттық, әлі ешбір хабар келмеді. Сөйтіп жүргенде, жиырма шақты күн болып қалыпты. Манағы екі жігітке басшы болатын Шәйсұлтанның 20-30 қойының тең жартысын жедік.

Сонан соң, даладағы жігітер қайтып келді. Орыстың кеткен жолына Сәрсенбай той қылды: екі бие, бір сиыр, уақ қойдан оншақты қой тұяғы бар шығар. Жер ошақтың бір шетінен ат шабыс, саба-саба қымыз... Жиылған жаннан адам баласы адасып қалғандай, есебін айтып болар емес. Бізге бесеу ара бір табак, екі саба қымыз әкелді.

Қымыз ішіп, ет жеп болған соң, хан Сәрсенбай кісі жіберіп шақыртылты. Барсақ, биік төбеге екі жар болып отырған кісі, төрт өлеңші, бір сырнайшы өлең айтып жатыр. Біз келіп тұра қалғанда хан Сәрсенбай насихат сөйледі. «Шырақтарым, жақсы елдің баласы болған соң, шақыртып жатырмыз», деді. Мына біздің өз билігіміз өзімізде болып, баяғы қазақ заманы қайта орнап осындай дәуірде тұрған соң, ойын-сауықпен өз көңілімізді өзіміз көтерудеміз. Күрес, атшабыс болсын, ән салғаннан кейін, екінші әнші Балқан: «Жүйрік аттарың болса шығар» деді.

Ішімізде Айтым деген жігіт тұрып: «Ақсақал, мұның дұрыс, бізде бас жүйрік, бас балуан, бас әнші болмаса да, қарап тұрмаспыз», деп өлеңшіге мені шығарды. Жаңа өлең айтып жүрген кезім, ат үстінен айғай салып, өлеңменен біраз қыздырдық. Жат елдің әні кандай тансық болады, Сәрсенбайдың хандық дәуірі екі есе көтерілді.

Қабдөш палуан бас бәйге алды: бір тоғыз, құндыз бастатқан бұйым – қызылды-жасылды матасы бар, қара шапаны бар, бізге алып келді. Ішіндегі қызыл матасын алып, бөліп-бөліп аттың жалына, құйрығына байлап алдық. Қызылынан басқасын хан Сәрсенбайға жаптық. Отыз алты ат шауып еді, үш аттан соң атымыз келді. Оған және бәйге алып, қайырымнан болса да, бос қалғамыз жоқ.

Кіші бесінде той таркады. Сонан соң, кешке қыз ойнақ болып, сегіз ғана үйге қыз-бозбала сыймай, ойын болды.

Күн сәскеге шейін сонан бір айға жуық жатып, орыс келмеген соң, Ереймен-қанжығалы соғысып жатыр, солдаттар сонда деген соң, соған тарттық, тоғыз жігіт. Өңгеміз әлгі елде қалды. Бірсыпыра жүріп, ертең сәскеде жетеміз деп отырғанда, артымыздан төрт жігіт қуып жетіп, бізге ел хабарын айтты. Бағана қалған жігіттер приемға барып, неше түрлі өздеріне жара салып, жасырын лөктірге (дәрігерге. - С.М.) ақша берген. Өз көзін өзі шығарғандар бар. Не кылса да, көп жігіт қалды. «Сендер ақшамен, айламен қаласың», деп азғырса да болмай, сөйлесіп екі күн жаттық. Сонан соң қасымдағы сегіз жігіт қайтпақшы болды. Мен жалғыз қалатын болдым, ақыры мені қймай бір жолдас берді, Шәйімнің баласын. Өзге жеті жігіт қайтып кетті, мен әлгі жолдасыммен Ерейменге жүріп кеттім...

СКОММ 1634-кор, 1-тізбе, 4-іс. 31-43 беттер

№48

ТЫҢШЫНЫҢ ХАБАРЫ

(Ақмола губерниясындағы 16 жылғы көтеріліс тақырыбындағы Омбыдағы жандарм мекемесінің істерінен табылған дерек)

Көшірген Уәлиұлы 1926 жыл 29.IX

Қызылжарда патша кезінде уезге тілмәш болған Тұран-ұлы Дүйсенбай Омбыдағы жандарм мекемесінің бастығына мынадай хат жазған:

«Ардақты Николай Наумович! Шүбәсіз анық орынан алған хабарымды сіздерге білдіремін: Ақмола уезінің оңтүстігіне Шу бойындағы жайлаудан Ақмола уезінің екі болысының қазағы ел-мүлкімен Қытай жеріне кошкелі жатыр. Бұларға Семей облысынан да бірсыпыра ел қосылмақ...»

Бұл дерек «Қазақ» газетінің 234 нөмірінен «Еңбекші қазақ» газетінің (582) 145 нөміріне көшірілген екен мен мұны сонан алдым.

Біздің Тұранұлы Дүйсенбай ескі Омбы уезі Қорған болысының қазағы, осы күні Қызылжарда тұрады.

1916 жылдары Ақмола губерниясының қазақтары арасындағы патша саясатына қарсы болған көтеріліс хабарын Омбыдағы жандарм мекемесіне жеткізіп тұрғандығы сезілді. Тұранұлы Дүйсенбайдың мұнан басқа да жандарм мекемесіне жазғандары бар шығар.

Губерниялық архив Омбы архивінен Қазақстанға тиісті ескі қағаздарды, ескі деректерді алғанда жандарм мекемесінің Қызылжардағы хабаршысының жазған басқада хаттары шығуы мүмкін. Бұл өте ескерілсін.

Қызылту болысының қазағы
Қ.С.ұлы.

СҚОММ 1634-қор, 1-тізбе, 3-іс. 8-7 беттер

№49

АЯҒЫН ЖИНАП БЕРСЕ ЕКЕН...

Ел аузынан жинап, мұрағатқа тапсырған «Бостандық туы» газетінің қызметкері Мәжікейұлы Мұқаш

Абылқаш, 1926 жыл 27.IX

1916 жылғы 25 июнь жарлығы. Аспаннан түскен жайдай қазақ елінің үстіне түсіп, ешкі-қойдай шулап жатқанда, атақты жас ақын Ізтөленің Баймұхамбеті (Баймағамбет Ізтулин. - С.М.) бірер ауыз өлең шығарған екен. Азын-аулақ қолжазбалары бандылардың қолына түскенде, өзімен бірге кетіп, өлеңдері кей жерде ғана жастардың аузында қалған көрінеді.

Төңкеріс болысы жетінші ауылының азаматы Ақынжан Тілемісұлының аузынан сол өлеңінің бір-ақ шумағын естідік:

«Бір ор бар алдымызда терең қазған,
Құлай ма, деп қорқамын талай (тағдыр. - С.М.)
жазған.

Қол сермеп, көз ұшынан құтылатын,
Шыңғыс хан, ақсақ Темір заманы озған».

– деп бастайды екен, бірақ аяғы жоқ. Бұл өлеңдер ауыл жастары арасында ауыздан-ауызға тарады.

Қызыләскер болысының бірінші ауыл азаматы Біржан Берденұлы қара жұмысқа барғанда, он шақты ауыз өлең жазып жіберген екен, қағаз бетінде қалыпты. Бірақ түгел жинап алуға маған кезі келмеді. Сол елдің азаматы (Орынбордағы мед-техникумының оқушысы) Кеженұлы Сыздық жолдастан төменгі екі ауыз ғана басын естідім:

Иә, Алла мен бір құлын, зағип тұрған,
Арылмай, бастан мекнат талып тұрған.
Жастардың ұзақ жолда көрген ісін,
Сөз қылдым, жинап-теріп атым Біржан.

Жазайын көргенімдей елге барын,
Жай ғана бос сөз демей, миға салғын.
Тарихта естен кетпес бір оқиға,
Әр адам бұл бейнеттеп ғибрат алсын, - деп
бастайды.

Біржан өзара тарих бетіне қалсын дегендей қылған екен және жігіттер рахат емес, бейнет көрген. Көрген бейнеттерін суреттегенге ұқсайды. Әрине, бұл аймақтану (өлкетану. - С.М.) ісіне үлкен құрал.

Бұл өлеңдердің аяғын жинап, аймақтану комиссиясына тапсыруды өз жанымнан сол елдердің саққұлақ азаматтары деп, әсіресе: Оранкеұлы Нығыман мен Мәметұлы Ғалау (Мәметов Ғалауетдин. - С.М.) екеуіне тапсырамын. Басқа да қолына түсіріп алып, комиссияға тапсырған азамат болса, алғыс айтар едім.

СКОММ 1634-қор. 1-тізбе, 3-іс. 6-5 беттер

№50
БЕЙНЕТҚОР БОЛЫСЫНДА

С. ұлы Қадыр. 1928 жыл.

1916 июнь жарлығы Бейнетқор болысында Ұзынкөл басында жиырмашақты ауыл «Елдің жайлауы, биенің ауылы» ішкені май, жегені тоқ, жұрт тыныш, ойда ешнәрсе жоқ, каперсіз жатқан уақытта, 19 бен 31 алады деп, бір-ақ күнде жаман хабар сап ете түсті. Елдің төбесінен жай түскендей болды. Күн сайын хабар үсті-үстіне жеделдетіп келе бастады. Ауылнайларды болыс шақыртып, соған кетті деген де естіліп қалды. Бір уақытта ауылнайлар болыстан келіп, елден жігіт жинау туралы шығарылған бұйрықтарды елге естіртіп жатты.

Бір жазылған бұйрық алмай қоймайды, - дейді кейбіреулер. Патшаның анты бар, неге алсын, бері жағындағылардың қулығы шығар десті.

Молдалар ләухул мақпұзда да (тағдырдың жазуы деген мағынада. - С.М.) жазып қойғанынан да аспайды деп бір жағынан шариғатты соғып, жылаған - еңірегендердің көңілін аулайды. 19 бен 31-ге жасы келген жігіттер де есі қалмады. Баласы ілінген адамдар да әуре-сарсаң болды. Көл басындағы көп ауыл у-шу, шыңғыру, еңіреу-жылау, кемпір-шалдар жалғызы үшін өкіріп- бақырған дауыстары иен даланы басына көтерді, жерді жаңғыртты. Ері үшін жылаған келіншектер, бауырына, ағасына жылаған қыз-балаларда сабыр қалмады. Бозбалалар бір-бір ат мініп, қарына сойылдарын іліп, бүгін солдат келіп айдап кетеді, деген хабарды естіп дүрлігіп, қорқып, қобалжып, тағат қылып шыдап тұра алмай, бес-алты шақырым «Шағалалы» деген шұңқыр көлге барып, жасырынып жатады. Артынан тыныш-ырақ болса, үй-үйіне қайтып келеді. Алмайтын болыпты, деп кейбіреулер «сүйінші» сұрап, шуылдап, жылап, еңіреп отырған елді қуантып кетеді.

Кісіге жалданғандар үйіне қайтып келісті. Шаруа жабдығы деген мүлде ойға келмей, алдыңғы қыстың қамы үшін бір кедей дихан енбек еткен жоқ.

Бір күні жігіттерді Қызылжарға приемға шақырған тығыз бұйрық сап ете түсті. Баласы бар деген адамдар пар-пар ат жегіп Қызылжарға балаларын әкетті. Артында қалған кемпір-шал «ақсарбас» құрмалдық айтып, «жолыңа жаным құрмалдық»,

деп жер бауырлап жылап қалысты. Қатын-қалаш, бала-шаға, қыз-қырқын азан-қазан, у-шу болып, жер күңіренітіп, артынан «ой, бауырымдап» жылап жатыр.

Ел жайлаудан шығарға қарай. бытырап көше бастады, Қызылжардан шапқыншылар да келіп қалды. Жігіттерді окопка алады, кара жұмысқа. Оған шейін елде жүре тұрады, - деп. Қазынаның жұмысына, «подрядка» байларға жігіт керек деген лақап бар, сондайларға кіреміз деп ізденіп, орын қарастыра бастады. Острен (шетелдік кәсіпкер. - С.М.) байға бірсыпыра жігіт орналасты. «Булаев» станциясына «котлован» көл қазушыға алпыс жігіт керек болып қалды.

Оған алпыс жігіт кіріп орын алды. Алтыдан аса жігіттер Мазай деген заемкадан Қызылжарға қазынаның сазанын тартуға орналасты. Ел ішіндегі кулар, жалмауыз байлар, ауылнайлар, пысықшалар елдің көзінен қанды жас ағызып, жылауда болғандардан пайда түсіріп, малына мал қосты, олжа түсірді. Сұрағанды алды. Әсіресе, параға сатылған жауыз начальниктерді пара беріп өзіне қаратып алып, көңілі сүйгенін жұмысқа кіргізіп, көңілі сүймегенін кіргізбей. ойына келгенін қылды.

Начальниктермен жемтіктес болды, олжаны бөлісіп алысты. Көл қазғандардың расқұттары (ауыртпалығы. - С.М.) күшті болған жоқ, бірақ өмірінде көрмегенін көрді. Көңілі шаршады, қажыды, ауырды, сырқаттанды, мехнат көрді; сазан тартқандардың расқұттары басынан асты, езіле күйзелді, үйін күйзелтті, жүдеді, қымбатын арзанға сатты. шабылып. шашылып жолға жұмсады; мүлкі жоқтары барын сатып ат алды. Өзінің мехнат көрмеуін есептеді. Қыстай сақылдаған сары аяздан сазан тартты; күні-түні дамылсыз жүрді; балонға қакалды, мұзға шашалды, аяқ-қолы домбықты; суық ауруға шалдықты, расқұтына дүние шақ келмеді; аты өлді, сайман бүлінді. Ит көрмеген бейнетті көрді, жүгі далада қалды, ит қорлықпен қарды кетірді (көктемге жетті. - С.М.). Көп кешікпей жаймашуақ болып, жұмыстағылар үйді-үйіне қайтып келісті; жауыз патша тақтан құлады, жалпы әлемге теңдік тиді, кара тұман айықты, көнерген бұлт серпілді. Міне ауыл үкімет орнап қолымыз теңдікке жетті.

Жасасын, совет өкіметі, коммунистік партиясы!

СКОММ 1634-кор. 1-тізбе, 3-іс. 4-3 беттер

ҚАРАҚОЙЫН ЕЛІНДЕГІ КӨТЕРІЛІС

Мәжікейұлы Мұқаш,
Атбасардың уездік халық ағарту бөлімінің ағартушысы.

Осы күнгі Қарақойын болысы бұрын «Он болыс орта арғын» атанған арғынның Қуандық-Сүйіндік деген атақты руларынан болды. Байлық жағынан Ақмола губерниясында бірінші қатарда тұратын. Үй саны көп болмағанымен, байлықтың мастығы мырзаларды желіктіріп, өзіне ерген елді бөлек болыс қылдырған. Атбасардан 200-250 шақырымдай.

I

Июнь айында болған Атбасар базарының тарқауында қалаға губернатор Сухомлинов келіп, соғыс майданына қазақтың 19 бен 31 арасындағы жастарын қара жұмысқа алатын болды, деген патшаның жарлығын естіріп, болыстардан бересіңдер ме, деп сұрағанда: Асан қожа мен Мейрам қажы: «Береміз, біздің қазақ халқы патша хазіретіне қызмет қылудан бас тарпайды», деп сөз беріпті ғой, деген лақап ел ішіне жайылды. Кемпір-шал, бала-шағалар үрпиіп, шаруа баққан ауыл адамдары не қыларын білмей дағдарысып, жастардың да үрейленіп жүрген шағы еді. Кебіреулері: «Қой, жарықтық Асан қожа мен Мейрам қажы қазақтан солдат береміз, деп айтушы ма еді және патша ағзам қазіретінің де солдат алмаймын деген уәдесі бар еді ғой, өтірік шығар», деп көңіл жұбататын.

Бұл дақпырт сөз күннен күнге расқа айналды. Жастарды алуға қаладан орыстар шығады екен, деген қауесет жайылды. Ел састы, тығыла бастағандары да болды. Көпшіліктің көшуге де, қашуға да көңілдері кетті.

«Солдат алмайтын болып манифест шығыпты», деп сүйінші сұраушылар да көбейді. Суткасына бармады, бәрі өтірікке айналды. Жігіттер сендей соғышлысты. Күндіз күлкі, түнде ұйқыдан арылды. Топтанып, ат үстінде жүретінді шығарды. Асан қожа мен Мейрам қажы көрінсе, жеп қоятындай болып жүр. Ақырында ел: «Өлмей кісі бермейміз, соғысқа барып өлгенше, өз елімізде, өз жерімізде соғысып ақ қазадан шейіт

болайық», десті. «Ақ сарыбас» құрмалдық шалысты. Топ жазбасқа серт кылысты. Күнде құдайы ас.

Июнь жұлдызының аяқ шенінде Терісаққан өзеніндегі Сарыоба бекетінде төрт болыс Сүйіндіктің Сарытау, Қызылкөл, Терісаққан, ...болыстарының сайлауы болды. Мұнымен бірге әскерге ат алушылар да келіп жатыр, әйтеуір, Атбасар ұлықтары түгел.

Келегендер мыналар еді:

1. Уездный начальник (ақсақал);
2. Чрезвычайный съезд председателі Братников;
3. Податной инспектор (салық жинаушы, ат алушы);
4. Крестьянский начальник Пономарев;
5. Бұл да крестьянский начальник Паршевский;
6. Пристав Камулло Даниил Иванович;
7. Учитель Григорьев Иван Григорьевич;
8. Урядник Иванов;
9. Атбасардың атакты байы Белов Петр Петрович;
10. Тілмаш Мартиньян. бұлардан басқа жеті-сегіз доктор (дәрігерлер. - С.М.) бар.

Айналасы жиырма-отыз шамалы орыс докторын алатын қазақ жастарын қаратуға әкелген екен.

Сайлауы бар, ат беруі бар, жиналған жұрт көп еді. Төрелері сөзге кірісті. «Патша соғыс майданына 19-31 жас арасындағы жастарынды сұрайды. Ризалықтарыңмен беріңдер, бермесіңдер бүлінесіңдер, жарыласыңдар, еріксіз бересіңдер. Қолың байлаулы, аяғың тұсаулы тұр. Ешқайда бара алмайсыңдар. Құдайдың бұйрығы екі болмайды. Патша жарлығы қайта болмайды. Қайткенде де біз орындай аламыз», деп күштерін көрсетіп қойды. Ұлықтардан ел шошыды, өтінді, жылады. Патшаның айтуы, бұзау терісіне жазған, қазақтан солдат алмайтын, деген уәдесінің барлығын да айтты. Айтқандары тыңдалмады. Болмаған соң, кемді күнге рұқсат сұрады, болмады. Не қылғанда жарлықтың табанда орындалуы керектігін және орындалатындығын айтып, ұлықтар сөзді қысқарта берді. Көзбе-көз қарсы сөйлесушілер де табылды. Құр сырттап мақтаған болып жүр.

Ел ақылға шықты. Мырзақожаның Жакыбы жанына бірнеше азаматтарды ертіп, кісі бермеуге бел байлап, кімде-кім

кісі беру жағына шыкса, сонымен жауласуға серт қылып, халыққа басшы болды. Халық түгел бұларға ерді. Жанайдарұлы Мейрам қажы орысты жеңе алмайсындар, абыройсыз беруден қасиет жоқ, көтерілісті қою керек, деп ақыл берді. Жақыптың жалғыздығын айтып, пәлеге ұрынарысың, койсаң қайтеді, деді. Бірақ оны ақыл сөз деп құлағына ілген жан болмады.

Мейрам қажының губернаторға солдат береміз деген бастапқы сөзі рас екен ғой деп, жұрт қайта өзін жау көріп алды. Мейрам қажы қорыққаннан, сыртымен халыққа бәрекелді десе де, ішімен орыстың ақылшысы болып, абырой алғысы келгені көрініп қалды. Бірақ, оның бұл ақылы іске аспады. Өйткені, өзі аңдуда болды да, ұлықтарға сөзі жетпеді.

Ұлықтар тым «бол-болдың» астына алып, қысып жатыр. Ақыры, тез құрылмаса жастарды қолдарымен шетінен ұстап ала бермекші болды. Отыз шақты орыстың, рулы елдің барлық жастарын ұстап әкетеміз деуін жұрт қорлық көрді, шыдамады.

Өзі ашулы ел қалаға барып қиратқанша, сазайын бере тұрайық, деп ұлықтарды дүрелей бастады. Қылыш, мылтықтарын тартып алып, мойындарына шылбыр салып, ат бауырына алып сойды. Жыртылмаған киім қалмады. Көкала торғайдай болды. Не орыс, не қазақ арашашы бола алмады. Ұлықтардың жан сауғалап қол көтерулері де себеп болмады. Не қылғанда, төрелердің сыйлығы молайды (сазайын тартты деген мағынада. - С.М.).

Бозайұлы Қуанышбайдың сондағы айтатыны ғой:

«Көрсетті заң - законмен жайып бәрін.

Қазақтың тыңдамады айтқан зарын.

Орыстың беті қатты болғаннан соң,

Азырақ дүрілдеді бұл жастарың.

Законмен оралғанша бір мықтады,

Ақыры кім біледі, не боларын» - деп.

Ұлықтарды дүрелеп жөнелткеніне ел бір арманына жеткендей болып қалды. Таяқ жегендері есепте жоқ, шыбын жанын олжа қылып, ұлықтар кетті, қалаға барды. Он шақты күн больницада жатты.

Сол екі арада Бағаналы (Қарсақбай) елінде де сондай бүлікшіліктер бар, деген хабар келді. Қалаға барысымен, үш жүз казак-орыс солдатын шығарды. Олар Қарақұйынға қайтарда соқпақшы, жазаламақшы...

Бұл мұнымен тұра тұрсың, енді елдің не қылып жатқанына келейік.

II

Ел үрейлене бастады. Жастар лек-лек ат үстінде жүр. Шаруа деген бір жан жоқ.

Сөйтіп, толқынданып жүргеннің үстіне солдат сұрайсың деп приставты бауыздап өлтірген Ақмола уезінің оңтүстістігіндегі шектес отырған бес болыс «Тіналы» еліне бес жүз әскер шығып, үлкен соғыс болыпты. Қазақтар жеңіліп, мал мүліктерін таратып, үй қораларын өртетіп «Сарысу». «Сары» деген өзендерге қарай ауысты деп естідік.

Алексей болысында (қазіргі Атбасар болысы). Бекежанұлы Дайырша деген жігіт Есет есімді болысты жарып тастапты. Кентүбек, Бесоба, Жарғайың жақтарында да елдің қозғалулары болса керек. Ұрыс-жанжал қай жерде болса да, болмай қалмас деген сөздер келіп жатыр, жер жаңғырықтырады.

Аттанның дауысы қайдан шығады. деп отырған ел бұрынғы ма - одан жаман үрейленді. Енді жанымыз қалып, мал малданарымыз-ау, деген ой ешкімге де кірмеді. Түнде ұйқы, күндіз күлкі жоқ, ішкен ас, жеген тамақ батпады.

Мырзақожаның Жақыбы төрелерді дүрелеуді бастаған ер жігіт еді. Қара жұмысқа алынатын баласы да жоқ, өзі болса қырыққа келген, ерлігі бар жігіт қой деп, жұрт жиылып келіп, соған ақылдасты. Жақып: «Сендер үшін жалғыз жанымды өлімге қидым» деді де, жұртты бастап Бабастың Жүсібіне барды. Бұл да бастапқы жанжалдың жуан ортасындағы кісі. Жүсіп қостады. Жақсыкелді, Бакыткелді деген екі баласын қосты, өзі бірге жүрді. Өз үйінен жиырма бес мылтық шығарып берді, екеуі он екі атылатын Бұқар мылтығы. Бір өзінен жиырма бес мылтықтың шығу себебі: кезінде Жүсіптің әкесі Жарқын Кенесарының бір деген батыры болған екен. Кенемен бірге қырғыздың қолына да түсіпті. Мына қарулар Жарқынның сондағы жинағандары еді дейді, білетіндер. Ал, бұқар мылтықтары жиырма екінші жылы қазынаға алынылды. Басқа саймандардан елде қалғандары болса керек.

Жақып та ауқатты жігіт. Союға жарағанның алдынап шыққан жоқ. Бұларға қосшылыққа ержүрек жігіттің бірі Әжбай-

дың Достаны ерді. Сасықұлы Шөп. Адырбайұлы Айдерке
легендер жанында болды.

Елден жинастырып Жақыптың тапқаны жүз мылтық
болды (берденке, шиті). Басқаларына ұсталарды жинап алып,
найза, айбалта, сап соқтырып берді. Сөйтіп, айналасы сегіз
жүздей сарбаз Жыланды деген тауға жиылды.

Жанынан үміт етіп жүрген бірі жоқ. Тәкпір, тәпшыриқ-
пен айтқан салауат жерді жаңғыртады. Бұл нағыз сентябрь
айының іші еді. Сондағы Қуанышбай ақынның айтатыны ғой:

«Шабыңдар, азаттық деп, қолың жайып!

Жүруің ойнап-күліп енді ғайып.

Бір ауыр, бек қабағат жұмыс болды.

Түсті ғой елге қайғы көп мұңайып», - деп.

Бұл тілегіне Мейрам қажы қосылмады. Жақып пен
Жүсіп сарбаз жинап жатыр деп қалаға хабар салды. Қаладан
әскер шығыпты, деген хабар тағы келді. Ел үрікті, шаруасын
тастап, босып кетті. Жұрт азан-қазан, қиямет бүгін болғандай.
Шошайып мола қалды, күңіреніп қора қалды. Ел ата-мекенін
қимай, қиналды. Ілгері басқан аяқ кейін кетті. Бір көшкен
жерден екі көшті. Қайта айналды. Жау беті күшті. Тұрақтай
алмады. Тағы босты. Сол бетімен алды Сарысуға жетті.

Осыларды көргенде Қуанышбай ақынның зарлайтыны
ғой:

«Шошайып Ақмоланың моласы тұр.

Күңіреніп Терісаққанның қорасы тұр.

Дыбысқа солдат - деген көңіл қорқып,

Бұл күнде біздің қазақ әуреді жүр.

Күңіреніп ей, Терісаққан, кейін қалдың!

Қия алмай ата қоныс қайда бардың?

Жайқалған жапырағың аралап ем,

Баса алмай, аяғымды есім танды», - деп.

Сонымен, ел босып Сарысу кетсін. Енді патша әскерімен
қазақ сарбазының түйісуіне келейік.

III

Октябрь айының іші. Жыланды тауында жиналып қазақтың сарбазы жатыр. Бағаналыдан үкімет әскері қайтып келе жатыр, деген хабар келді. Жакып жансызғып Адырбайдың Айдыркесі мен Сасықтың Шөбін жібереді.

Әскер келе жатыр деген соң, Мейрам да қарап жата алмады. Алдынан баласы Омарбек болысты шаптырды. Омарбек Арғанатының бекетінде кездесіп, Жакып пен Жүсіптің сарбаз жинап, төбелеске қамданып жатқандығын хабар қылуға келгендігін айтты. Сол күні дәл октябрьдің жиырма үші еді.

Мұны естіп әскер бастықтары Архангельский мен Хамулло: «Малша жайылған ит киргиздің бейбастақтығын қарашы. Оларға тыю салармыз. Ит есебінде көрерміз», деп ашуланып, Арғанатыдан шыға бере, Әйтен-Сейтен ауылына келіп, сегіз қораны өртеп, қанша мал-мүліктерін талады. Тіней-Тоқпан деген елге келіп, жеті қораны өртеп, сол ауылдың бастық адамы Кенжеболат Тоқпанбаласын кескілеп өлтіреді.

Кенжеболат: «Омарбек-ау, тым болмағанда, екі бас намазымды оқытып өлтірсейші», дегенде Өмекең: «Ақ патшаға қарсы тұратын сен итке не намаз керек,» - депті. Онда да Архангельскийдің рұқсатымен екі бас намазын оқыған соң, табанда турап, кескілеп өлтірген екен, деп ел аңыз қылысады.

Бұдан шығып, Қарашаттағы Айтпай ауылынан он жеті қораны өртеп, Айтпайдың бес үйінен жиырма бес көк арба бұйым алып, кешіне Мейрамға келіп қонады.

Сол түні Жакып жансыздарының хабарымен, әскердің атын сыпырып алып, жаяу тастауға көп ториды. Ала алмайды.

Ертеңіне, октябрьдің жиырма бесінде, Бекназар жалында (жер аты. - С.М.) орыс пен қазақтың үлкен ұрысы болды. Қазақ жалдың үстінде, орыс етегінде. Түске дейін бірін-бірі ала алмады, пулемет құрылды. Мылтық атылып жатыр. Оқ жаңбырша жауады. Екі жағына да дарымады. Түс ауған кезде, екі жақтың оқтары таусылып, әскері қажыды.

Бір мезгілде аты есте жоқ Дәулетбекұлы деген бір жас жігіт сарбаздан жеке шығып, шауып келіп, бір орысты найзамен шаншып түсіргенде, өзі оққа ұшты. Мұны көре салып, қазақ сарбаздары қойдай дүркіреп, қашпасы бар ма. Орыс қуды. Қашқан соң не береке...

Жақып қайрат қылайын деп еді. көпке топырақ шаша алмады. Бас сауғалап кетті.

Әскер таудың арғы етегіндегі қазақ сарбаздарының костарына келіп, он бір кісіні өлтіріп, жетпіс қос, сексен бір түйе, қаншама киімдерді олжа қылды. Жақыпты ұстауға қанша талпынғанмен, Жақып қолға түспеді.

Сол күні кешіне орыстар Шашты тауындағы елге келіп, елу қораны өртеп, барлық дүние-мүлік, малдарын сыпырып алып, Жантайұлы Жүсіп деген ауыл адамын жанындағы екі жолдасымен өлтіріп, екі езуі құлағында, мұрты қисаймастан, мәз болып, әскер қалаға қайтты.

Дәл төбелес күнгі өлген кісінің саны жиырма жеті болған екен. Өртенген қора сексен екі. Әскердің елден талап алған дүниесі қалаға екі жүз елу көк арбамен келген. Малдың саны жеті-сегіз жүздей болды. Киім-кешек сансыз көп.

IV

Ноябрь айында елден жігіт алуға үш жүз солдат карательный отряд (жазалаушылар. - С.М.) шығып, Тілекей деген орыс қаласына келіп орнап, сексен үй тіктірді. Қанша мал сойыс сойдырды, бірақ әскер бұл тіккен үйлерге жатқан жоқ, орыс үйлеріне жатты. Бұлары - кәдімгі қаскүнемдіктері.

Мұның бастығы тағы Архангельский мен Хамулло. Болыстарды шақыртып алып, тезден жігіттеріңді жинап бермесендер, өздеріңді өлтіреміз, деп қыспаққа салып, шатырлап жатыр. Жеңген жауға қатын ер, деген-дағы, не керек, бес күннің ішінде екі мыңдай жігіт алды. Қалғандарын жинап бере қоймадыңдар, деп бес болысты атипақшы болған соң, жиырма мың сом акша беріп, бастарын сатып алып, болыстар қалған жігіттерді қалаға өздері апарып бермек болып, подпискаларын беріп қайтарды.

Сонда Жаңа Теңіздің болысы Биғараның Смайылы жігіт қалдыруға бір ғана Ағыс деген елден жиырма бес ат, бес түйе, отыз кілем пара алды ғой, деп осы күнде ел тамсанып, жағасын ұстайды.

Карательный отрядтың бес күнгі тамақ шығыны былай тұрсын, тігуге алған сексен үйдің киіз, бау, шилерінен сау тамтығын қалдырмай, бөліп-бөліп алып кетіпті ғой.

Осы жолғы қыспақтың кесірінен, алпыс үй қалқаман, алты үй ағыс, қару үстінде көшіп, Торғай еліне барып, Әбдіғаппар ханға барып қосылған екен. Екі жылдан соң, бытшыт болып шұбырып, қайта келісті. Сол көш қашқан елдің бір жігіті Жұмабекұлы Есімсейіт қайтып елге келіп, одан қашқын деп болыстың көрсетуімен қолға түсіп, көрген бейнетін айтып отырғанда, адамның дәті шыдар емес.

Декабрь айында Жакып бастық болып, мал ма, жан ба тыныштық беретін емес, мазам кетті. Жанымнан қорқамын деп, Мейрам қажы уезге арызға кетіп, басын қорғатуға манағы Архангельскийді бастық қылып отыз солдат алып қайтты. Барысымен, Жакыпты іздетіп, қояр да қоймай жүріп, таптыртып алды.

Архангельскийдің тікелей карательный отрядтың бастығы болып келіп жатқанда алған қатыны бар да, ол қатынмен Адырбайұлы Айдеркенің таныстығы болса керек, ақыры сол қатын арқылы Айдерке араға жүріп, 400 сом ақша, бір түлкі ішікке Жакыптың басын сатып алады.

Архангельский тамаққа сатылып жүрсе де, Мейраммен өш екен. Жакып үкіметке қарсы кісі емес, халықтың әуенімен жазықты атанып жүрсе керек деп Жакыпты ақтап, Мейрамның өзімен араз болып, 45 күн дегенде әрең қайтты.

Архангельскийдің бетінен ауып кеткендігін сезіп, Жакыпты енді қудалауға Мейрам беттей алмады.

V

Ел жастарын бергісі келмеді, бұлқынды, тулады. Өз отының басына өзі бүлік салды. Өз жерінде ақ қазадан өліп, шейіт болуды тіледі. Сарбаз жинады, ұрысты-соғысты, мезгілсіз уақытта шаруасын күйзелтті, қорасын өртетті, дүние мүлкін талатты. Жазықсыз талайдың қанын төкті. Қолынан түк келмеді. Лажысыздан өзі келіп қолға түсті.

Үріккен ел орнына қайта келді. Жып-жылмағай, дым жоқ. Өлместің күнін көріп қана жатыр, жылау да, сықтау.

Патшаға бағынып, әмірі екі болмасын деген ел жоқ. Орыстың құрығы ұзын. Құдайдың тағдырына көнбей, пенденің лажи жоқ, деп көңіл жұбатты. Балаларын қолдарынан апарып берді.

Қаладан пристав келіп, прием болып жатыр деп, лай судан балық аулаушылар да көбейді. Тізімге іліккен құр болған жоқ. Біреудің жасарып, біреудің ер жетіп, он тоғыз бен отыз бірдің арасында ілігулері болыс пен тілмаштың қолында болды. Кедейдің елу бірі отыз бір, қырық тоғыз болуы екінің бірінен табылды. Болыс-екеңнің есінде келесі сайлау да жүрген көрінеді.

Не қылғанда, дүние судай төгілді. Шамасы келген бай балалары орнына кісі жалдады. Шамасы келмегендер, приемға алынды. Қан жылап, майданға кетті. Өңкей жөн білмейтін, ауылдан бір шақырым жер шықпаған дүлейлер кеткелі екі-үш ай болды. Аман-жаманнан әлі хабар жоқ.

Бір күні... март туған кез. Патша тағынан түсті. Жұрттың бәріне теңдік, бостандық туды. Билік ел қолына көшетін болды, деген лақап дүңк ете түсті.

Үш жүз жылдан бері патшалық дәуірін сүріп келе жатқан Николай тағынан түсті. Қазақ сықылданған езілген елге теңдік берілді. Жұрт нанбады, сонда да көп ұзамады, бұл лақап расқа айналды. Қан жылап майданға алынған жігіттер қайтып келе бастады. Болыстар, ауылнайлар орнынан түсіп билік ел қолына беріліп қалды.

Ел қуанды. Мәз-мәйрәм болды. Көктен тілегеніміз жерден болды. Уәдесін бұзған Николай патша тақтан түсті, жардан ұшты. Бозарып таң атты. Киіз туырлықтың (қазақтың. - С.М.) оңынан ай, солынан күн туды, деп ошақтың үш бұтынан тілеген қариялардың, Бейсенбай, Сәрсенбайлардың сөзі түгел аңыз болды.

Өткен күнде белгі жоқ-ау, сол көтеріліске биыл он жыл болып калыпты ғой. өлгенше естен кетер емес.

Қазақ даласы қызыл қанға боялып еді. Патша үкіметі құламаса. Октябрь төңкерісі болмаса, ел не болар еді? Қыспақтан қыспақ қазақ-қырғыз елі құрыр еді.

Теңдікке қолымыз жетті ғой! Заман тынышталып, шаруа да қаз қалпына түсіп келеді. Құдайдың бергені ғой деп, осы әңгімені сөйлегенде орта Арғын елінің көтерілісті көрген азаматтары ауыр бір күрсінеді де, жүздеріне жылы шырай алады.

Міне, қазақ-қырғыз елі қасапшыға мал қайғы, қара ешкіге жан қайғы. деген мәтел - сенің басыңа келген ауыр күн,

мың тоғыз жүз он алтыншы жылдың жиырма бесінші июні. Сол жылға дәл биыл он жыл толды. Ол күн ұлы октябрь төңкерісінің ұшқыны, қазақ-қырғыз тарихының ұмытылмас дерегі. Енбекші ел, есінде тұт.

СҚОММ 1634-қор, 1-тізбе, 5-іс. 1-16 беттер

№52

1916-ЖЫЛҒЫ ТОРҒАЙ ҚАЗАҒЫНЫҢ ЖӘЙІ

Смағұлұлы Қожахмет, атбасарлық.

1916 жылғы 25 июньде 19 бен 31 арасындағы қазақтың жастары қара жұмысқа алынады, дегенді естіген соң-ақ, Торғай уезіне қараған арғын-қыпшақ 11 болыс ел дүрбелеңге кіріп, дүрліге бастады. Орыс патшасының қоластына келуге қарсы тұрып, соғыс ашуға ұйғарысты. Әйтеуір, жігіт беруге қарсы, жігіттер баруға қарсы.

Августің 25 жұлдызында Торғай өзенін қабырғалап ағатын Қабырға өзені бойына 8 мың кісі жиналды, ішінде ақсақалдары да бар. Патшаның жарлығына қарсы болғандардың дені осы сегіз мың кісінің ішінде. Неше күндей кеңесіп талқыға салып-салып, ортамыздан Әбдіғаппар Жанқожаұлын сарыала ту бие сойып, ақ киізге салып, жоғары көтеріп, хан сайлады. Патшамен қарсы тұрып соғысуға бел байласты. Жиналған адамдар Әбдіғаппар хан не айтса да, орындамақ болды.

Көмекші ретінде Амангелді Иманұлы, Кейкі деген жігіттерді белгілеп, мерген батырларды даярлап, осы қылған бірлік-пәтуаны құлақтанбастан, бұрын шет қала Торғай дуанын шауып алайық, деген оймен, жұрт аттанысқа бел байласты.

Сентябрь жұлдызының бас кезінде самсаған сары қол сарбазбен бірге, жексенбі күні таңертеңгі сағат 4-5 кезінде қалаға тиді. Қала хабарды күні бұрын құлықтанып қалып, ортасына қорған істеп, казарма, банкке, қалалық мектепке жиналып бекінген екен.

Қаланың тұс-тұсынан от салып, найза, айбалта, қылыш, мылтықпен соғысқа кірісті. Қоян-қолтық кездескен уақыттар болды. Кешке дейін соғысып, ымырт жабылған кезде тарасты. Екі жақтан да өлген кісілер бар. Қанша екені мәлімсіз.

Орыстардың бекінгенін ертеңіне білген соң, қазақтар елдеріне тарасты. Соғысқан уақытта Арғын орыс жағында, Қыпшақ жағы сарбазбен соғыс қамында болып, екі жік болды. Соғыспай қайтуға себеп болды. Елге келген соң, халықты қайта жинап, күш-көліктерін нығайтып, бір жерден ханға орда орнатып, сарбазды ықшамдап, іріктеп, сақадай сайлап алды.

Ылғи мерген, батыр, найзагерлерді бірыңғайлап алып, өз халқын сақтау, қалаға тағы да қару қылу еді. Сарбаздарды үш жүзге ықшамдады.

«Жүз елу солдат Қостанайдан Торғай уезіне шығыпты, Торғай қазақтарымен соғысады», деген хабар ілінді. Келу жолы Наурызым болысып басып, Торғайды қуалап, өрлеп шығады, деген естілді. Амангелді деген мергенді басшы қылып, Күйік қопасында екі әскер кездесіп, бір күн соғысып, бірсыпыра орыс әскерлерін өлтіріп, кейін қашырып, жіберілген сарбаздар түгелімен аман келді.

Март ішінде: «Торғай қазақтарымен соғысып, ханды өлтіруге екі жүз солдат шықты», деген хабар естілді

Батпаққара дейтін қызыл үйге бекініп, ол жерге орыс солдаттарын келтірмеуге, алдынан сарбаз шығарылды. Бірақ, солдаттар күш бермей, айтылған қызыл үйге келіп түседі. Екі жақтан да қарауылшы қойылып түнде екі қарауылшы бір-біріне кездесіп қалғанда, Кейкі батыр 8 орыс пен 1 қазақты атып өлтірді.

Ертеңіне, орыс пен қазақ Торғай өзені бойында Ақөткел деген жерде кездесіп, бір күн соғысты болады. Орыстың жүзге жақын солдаты өледі. Қазақтан үшеуі өлтірілген. Ертеңіне орыстар қаласына, қазақтар өз жайына тарасты.

Тұрғын казактар үй, қора, малдарын тастап, қыстың аяқ кезінде көл-копаға паналады. «Қырық мың солдат шығарып, Торғай казактарын кыргызуға дайындалып жатыр, патшадан бұйрық шықты», деген хабарды естіп, қалтақтап тұрғанда, 16 мартта патшаның құлап, халық кеңшілігін алды дегенді естіген соң, Торғай казактарының етек-жеңі кеңіді.

Ескерту: сол 16 жылда өз басым қара жұмысқа ілегетін болғандығымнан Әбдіғалпар ханның еліне барып, жап сақтадым. Келесі жылдары келдім, сонда жүргенде азды-көпті мағлұматым осы түрде ғана, толық түрде емес.

«Бостандық туы» газетінің басқармасына

Осымен сіздерге жіберемін: 1916 жылғы Торғай қазағының жайын білген шамамша және сіздерден өтінемін. Мүмкіндігінше жай материал аларсыздар. Толық жазылмады. Оның себебі, бірінші жағынан ерте дайындалмағандық, жинап жүрмегендік, екінші жағынан сабақтан қол босамағандықтан, толық түрде жаза алмадым. Айыпқа бұйырмаңыздар.

Қожахмет Смағұлұлы,
Тасөткел болысының 1 ауылы

СҚОММ 1634-қор, 1-тізбе, 5-іс. 19-23 беттер

III-бөлім

1916 жылғы көтеріліс туралы тарихи жырлар

(Бұрын жарияланбаған, араб әлібімен жазылып мұрағатқа 1926 жылдың аяғы мен 1927 жылдың басында өткізілген. Облыстық мемлекеттік мұрағат қорынан алынды).

1926 жылы әйгілі «1916 жылғы июнь жарлығының» 20 жылдығына байланысты үкімет қаулысы бойынша материалдар жиналады. «Бостандық туы» газеті бас болып, газетке хабарландыру шығарады. Жер-жердегі мұғалімдер, хат танитын көзі ашық оқырмандар 1916 жылғы оқиғаларға байланысты көрген-білгендерін, естігендерін жазып жіберуі сұралады. Мұндай хаттардың бірқатары сол 1926 жылғы газеттерде басылған. Ал, редакцияға жиналған басқа көп материал 4 бума болып облыстық архивке тапсырылған. Дәл қазір облыстық мұрағаттың 1634 жылғы қорында 1-6 деген рет санымен осы жұмыстар сақталған.

Бұл материалдардың өте құнды болатын бірнеше себебі бар. Алдымен, оларды жинағандар облыстық газеттің қызметкерлері, болашақ үлкен қалам қайраткерлері. Солтүстіктен шыққан қадірлі азаматтардың қолтаңбалары сақталғаны бүгінгі ұрпаққа үлкен олжа болмақ.

Екіншіден, көтерілістің тірі куәлері берген естеліктер, сол қырғында қаза тапқандардың әке-шешесі, аға бауырлары тапсырған естеліктер тарихи оқиғаларды неғұрлым шындық тұрғысында бағалауға көмектеседі.

Үшіншіден, бұл естеліктер мен өлеңдер қазақ әдебиетінің ерекше бір кезеңінің куәсіндей, өткеннің ақиқат белгісіндей көрінеді.

Мысалы, бірінші бумада мынадай өлеңдер бар: бір өлең немесе топтама сол материалды жіберушінің, редакцияға тапсырушының атымен таңбаланыпты. Кейбіреулері автордың есімімен тіркеліпті. Сол есімдердің кейбіреуін атап көрсетейік. Мәжікеев Мұқаш, Сыздықұлы Жақан, Ізтөлеұлы Баймұхамбет (Баймағамбет Ізтулин), Оразов Ыбырай, Серкебаев Бекмұхамбет, Рысқұлов Тұрар, Мақатов Ахмет, Құсайынов Шахмет, Берденов Біржан, Жақанов, Кенбаев, Қасымқожа, Сырымбетов

Нәдір т.б. Бұл бума қаттанып тігіліп, 1926 жылғы 14-желтоқсанда архивке өткізілген.

Сол өлеңдердің кейбіреулерінің сыпаттамасы мынадай:

1. «Нарманбет ақынның баласы жырлайды». Екі жарым парақ, бұл өлең 1926 жылғы 25-шілдеде «Бостандық туына» басылған.

2. «1916 жылы соғыс майданына қазақтан кара жұмысқа жігіт алғанда Баймұхамбеттің шығарған өлеңі». Бес парақ.

3. «Ыбырай Оразұлының шығарған өлеңі». Сегіз парақ.

4. «1916 жылғы қазақ-қырғыз көтерілісі. Көтерілістің саяси-шаруашылық түпкі себептері туралы Тұрар Рысқұлұлы былай дейді». Екі жарым парақ.

5. «Ысқақ Қанағатұлына арналған өлең».

6. «Әскер өлеңінен». Бір парақ.

7. «Жұма намазын оқығанда», Бегішевтің өлеңі деп берілген.

8. Сыздықұлы Жакан «Есінде ме». Үш парақ.

9. «Қопайұлы Қарсақ ақынның өлеңі». Төрт парақ.

10. «Біржан Берденұлының өлеңдерінен». Екі парақ.

11. «Есмағанбет Кенбайұлының жазған өлеңі». Бес жарым парақ.

12. «Сымабайұлының шығарған назы».

13. «Смайылұлы Қадірдің шығарған өлеңі».

Істің аяғына «1927 жылғы апрель. Ақмоланың губерналық архив бөлімінің саяси бөлімін басқарушы Нүркейұлы» деп қол қойылған. Бұл – құжаттама және мұрағат ісімен айналысатын мемлекеттік қызметкер.

Мәжікейұлы Мұқаш 1926 жылғы 31-тамызда «Ізтөлеулы Баймағамбеттің шығарған өлеңі» деген жалпы тақырыппен отыз бес шумақ материал тапсырған. Өлең былай басталады:

Құдайым жамандықтан құтқара ма?

Пәледен азат болып жұрт қала ма?

Қорқынышым қайғы-зарым

Атысып... тоқтала ма?

Ай, заман мұндай болып кеткенің бе?
Тарлықта қайран дүние-ай өткенің бе?

Осы жинаққа Б. Ізтөленнің өлеңдері толық берілді.

Қызылжар болысы 9-ауылдан жинаушы Ж. Айсаұлы деген азамат Ыбырай Оразұлының алты бет өлеңін тапсырған. Осының жанында Нарманбет ақынның 25-июнь жарлығына байланысты:

Сарыарқа сайран жерлерім-ай!

Салқын да самал белдерім-ай! – деп басталатын өлеңі басылған. Төменде бұл өлеңнің толық мәтіні жарияланып отыр.

Әбдікеш деген азамат 1926 жылғы 28-қыркүйекте Мәметұлы Ахметтің «16 жылдың құрбаны қырғыз азаматы Ысқақ Қанағатұлына арналған өлең» деген тақырыппен жазған өлеңін басқан:

Қиын-қыстау кезінде жанын салып ортаға
Қасарып алып көнбеген.
Қара жүзді қасқырлар,
Қара албасты басқырлар,
Артынан түсіп ермеген
Панасын жұрты айдалып,
Көгенделіп жатқанда
...(танылмады. - С.М.) қолын бермеген

Әскер өлені

Патша саған не болды мұнша алдап,
Жігіт алғың келеді бізден таңдап.
Қорыққандар көп қуса батыр болар.
Қарсы шықтық бұл күнде қару қамдап.

Қиянатты әуелде дінге қылдың,
Жер-суды тартып алып елге қылдың.

Жұрт қатар право да бола алмадық
...(танылмады. - С.М.) малындай күйде қылдың

Осындай күй болды ғой басымызға
Солдат сұрап жабыстың жасымызға
Тәуекел, бел байладық шәйіттікке,
Молдалар азан айтар жанымызда.

Бұл өлеңді «Салқынтау соғысы басталар алдында керей жігіттері айтып жүргені» жазылған. Қолжазбамен жұмыс істеушілер өлеңнің аяғына мынадай ескертпе берген: «...Бірақ өлең түгел емес. Осы күнгі Азат болысындағы, сол кезде қолбасшы орынбасары болған Тәукен Дәнбайұлынан тексті толықтырып жіберуі сұралады». Құжат 1926 жылы 16-қыркүйекте Петропавлдағы мұрағатқа тапсырылған.

Бегішұлының жұма намазында оқығаны

Дұшпанның достығына сене берме,
Соңынан шын көңілмен ере берме,
Жүз кісі жұма намаз оқып едім,
«Әпжылан» ұшып келді төбемізге

О, құдай көрінеді... (танылмады. - С.М.).
Жерің жоқ паналайтын қашқаныңда
Сәлемге бұрылуға шамаң келді.
Халіңді айтып болмас... (танылмады. - С.М.).

1. Қарсақ Қопабайұлы ақсақалдың жазған өлеңі.
Жинаған Мұқаш Мәжікейұлы.

2. Бегішұлының алты бет өлеңі. Жазып алған Жақан
Сыздықұлы.

3. Есмағамбет Кенбайұлының өлеңі, өзі жазып беріпті.

4. Баймағамбет Ізтөліннің өлеңі. Он шумақ.

Жарқыраған күн туар... деп басталады да,

Жас құрақтай жайкалып

Жастық күні өле ме?

Берсе құдай тілекті,
Мұратқа алла бере ме?

1916 жылы әскерге кара жұмысқа барған 3-ауылдың азаматы Сымабайұлының жүрегі қатты ауырып өледі. Залым начальниктің зардабынан. Әкесі Сымабайдың сонда жазған өлеңі:

Арнап жаздым сізге мен,
Қағаз-қалам қолыма ап,
Ел-жұртымды сағындым... барлығы тоғыз жол.

**1916 жылы маусым жарлығы шығып дүрбелен
болғанда, Смайылұлы Қадірдің шығарған өлеңнің
мұрағатта сақталған нұсқасы**

Мұсылман қайғы тартып, күйініп тұр,
Жаралған иесіне сыйынып тұр.
19-31-ді алады деп,
Ас өтпей тамағына түйіліп тұр.

Ел-іші тыныштық болмай, бүлініп тұр,
Сел болып, көзден жасы төгіліп тұр.
Балауса балғындары кетпекші боп,
Қабырғасы кемпір-шаддың сөгіліп тұр.

19-31- де өншен боздақ,
Кәпірдің кармағына ілініп тұр.
Лаж жоқ қолдан келер бұл турада,
Бастарын құрбандыққа беріліп тұр.

Бастарына ауыр қайғы тұман орнап,
Бұлты бостаншылық серіліп тұр.
Заманға қиын-қыстау душар болып,
Ұпайың бұл уақытта желініп тұр.

Ішкенің, жегеніңмен у болып тұр,

Көргенің, жылауменен, шу болып тұр.
Ойын - күлкі мереке замандарың,
Төгілген жерге сіңіп, су болып тұр.

Белгісіз қай турадан адам жазары,
Заманың айғай-ұйғай ду болып тұр.
Ау, десең іштен шыққан жалындайын,
Секілді қара мұнар. бу болып тұр.

Нешелер саңлақтарың сүрініп тұр,
Қан түсіп, аяғына мүдіріп тұр.
Басынан ерік, тізгін кетіп,
Бұл күнде тоқтау түсіп, керіліп тұр.

Арғымақ бесті асаудай өңшең қыршын,
Кез болып, қазған орға жығылып тұр.
Бір Алла беттеріңнен жарылқасын,
Шынжыр тұзақ алдыңнан құрылып тұр.

Қадір Смайылұлы.¹⁴

Қой қозыға қол салдық,
Бұрынғыдан мол салдық,
Бұған да қырсық тиеді.
Азаматтар құл болып,
Асық жарлар тұл болып,
Жүректері күйеді.

Балам қайда кетті деп,
Кемпір-шеше жылайды.
Кемпірінен жасырып,
Шал да көзін бұлайды.
Бала жетім, келін тұл,
Құдай қашан иеді?

1916 жыл¹⁵

¹⁴ Қ.1634, Т.1, Іс 1. 43 бет

¹⁵ Қ.1634, Т.1, Іс 1. 42 бет

Назым

Арнап сізге хат, қағаз-қалам қолыма ап, елім-жұртым
сағынып, бар ықыласпен жаздым.

Әлденеше күрсініп,
Көздің жасын іркіп ап.
Торға түскен біз ғаріп,
Кез болған соң қыл тұзақ.

Еркін ұшқан түйғынның,
Қалқылдаған суылдап.
Қилы заман маңдайға,
Біздің үшін болды бак.

Осы күнгі біздің хал,
Әйтеуір жан саламат.
Күннен-күнге қалындап,
Ішіміздегі қасірет.

Шенеуніктің жарасы,
Жүрегімде барды хат.
Өз ісіне күйінер,
Мұратына (танылмады. - С.М.).

Өзің мақсұт бермесен,
Хақ тағдыры өзің тап.
Жел айдаса кемені,
Бет алдымен кырындап.

Жүріп кетсе еркіне.
Қайда барып ұрынбақ.
Әр адамның басында,
Өкініш пен бар мұрат.

Мұсылманда бір дәру,
Иә, құдайым өзің тап.
Хат-хабарды алып тұр,
Десем, сізге аманат.

Хатың келсін көргендей,
Дәл өзіңдей болып шат.
Бір көруге жаза гөр,
Жаратушы жалғыз хак.

Түсінік: Авторы Қарсақ акын. Атбасар уезі, Тасөткел болысы, төртінші ауыл азаматы. Заты Қарауыл, оның ішінде Тоқтауыл руынан.

Патша үкіметінің дәуірлеп тұрған кезінде, біздің елдің жерлеріне хохол араласып (халықтың орыс көрсе ат-тонын ала қашатын шағы) жақын қазақтардың мазасын ала бастаған. Бұл қорлыққа көніп отырғаннан, мұсылман атты елімнің қарасын көріп өлгеніміз артық, деп 1912 жылы қырық шамалы үй Бұқар жағында Қызылқұм, Көлеп деген жерлерге көшіп кеткен.

Есілде туып өскен адам мен мал ол жерлерге барғанымен, жерсінбей, аштыққа, жұтқа ұшыраған, сөйтіп, бейнет, михнат көріп жүрген үстіне. 1916-жылғы 25-июнь жарлығы шығып, балапан басына, тұрымтай тұсына. әркім өз басымен қайғы болып, оларға барған жерінде де жақсылық болмапты.

Міне, сол 40-үйдің ішінде Қарсақ орыстың жарлығынан қысылғанда, мынау 1916 жылы қазынаның кара жұмысқа барғанында шығарған «Назымы». 3-ші ауылдың азаматы Қарсақ Смайылұлының жүрегі ауыратын қатты сырқат пайда болып, өледі. Залым Николайдың зардабынан әкесі Смайылдың жолын қуатын қадірлі бір азамат топырағы торқа болсын.¹⁶

Есмағамбет Кенбайұлының жазған өлеңдері

Жинаушы: 19-болыстық мектеп оқытушысы:
Д.Кенбайұлы

Қолына Есмағамбет қалам алшы,
Пәш етіп өнерінді жаза салшы,
Көрген бұл сапарда оқиғаны,
Байыптап шамаң келсе хатқа салшы.

¹⁶ СҚОММ.1634-қор.1-тізбе. 1-іс. 41-40 парақтар

Жазайын білгенімді түгел хатқа,
Жайылсын тегіс алаш азаматқа.
Мүсәпір мақпұызлардың зары екен деп, (пенделердің. -

С.М.).

Жамағат сал құлағыңды мына жатқа.

Қолында жауыз патша тұрған халым,
Қасірет бұл тұтқында тартқан зарым.
Құрметтесу, құдандалы, дос-жарандарым,
Сіздерді бір көруге ынтызармын.

Тұсында жақын бардық жауған қардың,
Түсіңсін ... міне жазған жырдың. (түсініксіз. - С.М.).
Жылында мың тоғыз жүз он алтыншы,
Я, рәббім, ойламаған халге салдың.

Ноябрь бізге болды үлкен қатер,
Қағазға бәйіт жазсам, шерім тарқар.
Жиылған қазақия бір эшелон боп,
Шілденің он төртінде қылдық сапар.

Мың кісі шойын жолға міндік бірге,
Көрмеген барады алып түрлі жерге.
Бұл жолда көрген істер ұмыт болып,
Қайтатын заман бар ма, қайран елге.

Ағайын жөнелтуге жиылғаны,
Жастары көздерінен тыйылмады.
Анықтап, кош десуге келе алмадық,
Алланың сол-ақ болды бұйырғаны.

Тәннен жан айырылғандай, болды қиын,
Салған сон алла басқа көнді мойын.
Сол қалпы есім кетіп ойлағанда,
Тұрады қорғасындай балқып бойым.

Біз шықтық бұл себеппен Қызылжардан,
Рыздығын татпақпыз тәңірім жазған.

Келетін қайта айналып замап бар ма,
Босатып рахметімен осы тордан.
Біз бардық Челябинің қаласына,
Сиындық бір алланың панасына.
Бөлінген әр тарапқа жол көрінді,
Қарасак станцияның арасына.

Бір сөтке мұнда тұрып, кеттік жүріп.
Қараймыз әр тарапқа мойын бұрып.
Дамылсыз күні-түні тынбай жүріп,
Түсірді Пермьіге алып келіп.

Қазақтың сонда көрдік киіз үйін,
Тігулі бізден бұрын тұрған жиын.
Жастық жоқ басымызда, аста төсек.
Суықта жатуымыз болды қиын.

Бұзылды көңіліміз үйді көріп.
Уақытымыз тігіліп тұр, болып мұндық.
Бір үйге отыз бестен кісі кіріп,
Түсті ғой ғазиз басқа ғарыпшылық.

Бір жұма киіз үйде қалдық тоқтап,
Күн сайын есептейді бізді шоттап.
Андулы басқан ізін санаулы боп.
Ұстады пленный ғып бізді мықтап.

Перьмде бәрімізге шешек екті,
Болмайды деді егілсе, ешбір дертті.
Кескілеп пышағымен тәнімізді,
Қорқытып шыбын жанды тентіретті.

Көрмеген орыс әндем бағзы жандар,
Шошынып, жарақаттан есі кетті.
Ішінде дәрісі бар машиналы,
Темірмен тызылдатып кеудем тесті.

Сабырлы тәуекелшіл біз ғарыпке,
Көрсетті Қадыролла мұндай істі.

Жаткызды суық үйге бізді емдеп,
Үш уақыт қара нанмен тұрды жемдеп.
Солдаттың жобасына бізді салып,
Көрсетті әр тараптан қазаққа өрнек.

Ақ нанды сатып жедік ақшамызға,
Әркімнің өз басына мұндығы бар.
Шама жоқ сұрасуға басқамызға,

Сыйынып бір алладан тілеп жаттық.
Бұйырған осы городтың дәмін таттық,
Жеңілдік ... тәңірім айлап (танылмады. - С.М.).
Төрт күнің шамасында шипа таптық,

Перьмнен тағы жүрдік әрі қарай.
Көзге жас көкірекке түсті санай,
Тұсынан әр шаһардың жанынан өтіп.
Барамыз тамашаға қарай-қарай,

Петроград, Екатеринбург үлкен қала.
Жер-судан алыстадақ, бара-бара,
Бетіміз күнбатысқа тураланып.
Шаһарға Псков деген жүрдік және.

Псковтың бізді апарды түрмесіне.
Қамады толып жатқан бөлмесіне,
Мехнатқа ғарып пәнде шыдайды екен.
Көзі жетті қазасыздан өлмесіме.

Жататын жазалының мекені екен.
Қояр ма, енді бұған кірмесіме,
Екі күн мекен етіп қонып жаттық.
Қазақтың қарата ма, көнбесіне.

Айдады үшінші күн казармаға.
Лайық қой көргенімді шын жазарға,
Жер екен, төрт шақырым, әрең бардық.
Ауыр боп тамақ, киім арқаларға.

Біз жазып мың кісіні бөлді онға,
Номерлеп шүберекті тікті қолға.
Шығарды переводчик - писарь молда,
Мінбекші және болдық шойын жолға.

... талай жерден кеттік өтіп, (танылмады. - С.М.).
Ойлаған жерімізден әрі кеттік.
Барайын қандай халға салса да деп,
Алланың рақымынан тілек еттік.

Мағұлымсыз болды сонда барар жерім,
Сұрасақ, шынын айтпай төрелерім.
Декабрь жұлдызының бесеуінде,
Жеткізді шаһарына ... (танылмады. - С.М.).

Бір шағып станцияға түгел түстік,
Етті ғой дін душманы бізге күштік.
Қара нан, жылы су мен балық сорпа,
Көшеде жапырласып тағам іштік.

Көнеді баска салса, мұндай халды,
Кім аяп, мүсіркесін біздің жанды.
Жейтұғын сары қазы, жал мен жая,
Заманың қайран ерлер, қайда қалды!

Тоқтадық бұл шаһардың маңайына,
Қамады қашқындардың сарайына.
Күн батса, дүние жүзі шам жаққандай,
Болыстық қауіптеніп лайымында.

Немістің ракета аты айласы екен,
Әскерін сақтайтұғын пайдасы екен.
Естідік зеңбіректің қатты даусын,
Жиылған екі жақтың ордасы екен.

Тұрушы Сахарада қазақ едік.
Ойламай, алдағы істі қайғы жедік.
Жан үшін су мен жерден безсек-дағы,
Орыстың қызметіне акыры ендік.

Не лажы, патшаға қараған соң,
Бытырап, оймен қырға тараған соң.
Орысқа болысымыз ақыл қосып,
Өзіне зұлымдығы ұнаған соң.

Амалсыз біздер кеттік бармақ шайнап,
Қарусыз кемеңгерлер көзі жайнап,
Күтініп өнер қуған халық болсақ,
Алмас па ек, кегімізді я, құдайлап!.

Бір солдат он казакты қойдай айдап,
Мылтығын қолына ұстап қылар айбат,
Бір қойсаң, жұдырықтан шығар емес,
Қойған соң, еркінсітіп не қайла бар,

Немістің көкте көрдік қаршығасын,
Өнері баскалардан артық басым,
Қай күні қаза тауып қаламыз деп,
Қайғырды қауыпланып әркім басын,

Қауіптен қаны ақса да, әзір аман,
Сақтаушы бір ғарыпты Хак тағалаң,
Оқуға бір күн намаз жиылып ек,
Гүрілдеп жетіп келді бізге таман.

Келсе де, тастамады бізге добын, (бомбасын. - С.М.).
Жиылған көрсе-дағы жұрттың көбін,
Бетімен зиян салмай, жүре берді,
Қараңыз енді мұның ақыл емес.

Біз көрдік снарядтың жарылғанын,
Қара жер салмағымен қазылғанын,
Көз көрер естілгенде заман болды,
Окоптың тамаша еттік шұқырларын.

Жеріне ат мінетін жүрдік жаяу,
Қасына позицияның бардық таяу,
Мехнат неше түрлі басқа түсті,
Болар ма аяр күнің, бір құдай-ау!

Қаламым, енді тоқтау болды шамаң,
Алланың тағдырына бар ма шараң,
Қылмаған шүкір ананың кінаратын,
Бар шығар таратұғын біраз жараң.¹⁷

**Бегішұлы жұма намазын оқығанда
1926 жылы 29 қыркүйек**

Жазып тапсырған Біржан, деп жазылған,
(Берденов болуға тиіс. - С.М.)

Дұшпанның достығына сене берме,
Соңынан шын көңілмен ере берме.
Жүз кісі жұма намаз оқып едік,
Аэроплан келді ұшып, төбемізге.

Аққудай, көрінеді аспандағы.
Жерің жоқ паналайтын қашқандағы.
Сәлемге, бұрылуға шамаң келді,
Халыңды айтып болмас, сасқандағы.

Жұма күн жұмыс қылмай, күнімізде.
Мейрам деп тілеп алған дініміз де.
Жұма түгіл, басыңмен қайғы болып,
Қашып кірдік Бадақ деген інімізге.¹⁸

Ішінде сол школдың біраз тұрдық,
Істетсе қандай жұмыс, мойын сұндық.
Декабрьдың числосының 11-інде
Кірісіп, тас казуға жұмыс кірдік.

Бір-бірден қолымызға сүймен берді.
Ұрамыз қопаруға сүйген жерді.
Біз тұрған жер орыстың батысы екен,
Айналаң күнде тарсыл атыс екен.
Полға тас төсетуге міндет алған,

¹⁷ СҚОММ.1634-қор.1-тізбе, 1-іс. 36-32 парақтар.

¹⁸ СҚОММ.1634-қор.1-тізбе,1-іс. 22-парақ.

Халқы да тілі басқа латыш екен.

Бұл жақтың күні жаңбыр, жері жазық
Мұндай ауыр жұмысқа неден жаздық.
Ұзыны жиырма саржан өлшеп берген,
Өне бойы тереңдігі үш кез қаздық.

Өтеді қасымыздан келер әскер,
Ішінде қайғы жұтқан нелер жас бар.
Бәрі де барлық жанын босқа берген,
Еріксіз қолға түскен өңшең жастар.

Дамылсыз өткен солдат ерсіл-қарсыл,
Айналаң бір тоқтаусыз, түнде жарқыл.
Ракета аспанға атар, от жайнатып,
Шапқылар казак-орыс жау жайлатып.

Алды-арты вывескенің он шақырым,
Өтеді қасымыздан сырнайлатып,
Тартқан оқ , парлап жегіп алты атпенен,
Алды әрі артында солдатпенен.

Шаман аз, қайда айдаса, жортасың да,
Көз көріп мұның бәрін қорқасың да.
Айналаң күрсіл-дүрсіл, тарсыл-жарқыл,
Біз жүрміз дәл бәрінің ортасында.

Төбеңде аэроплан жүрген ұшып,
Өлгендей көрген жанның жаны шошып.
Жеріне өзі сүйген бомба тастар,
Манайын киратады жерге түсіп.

Бетінде Курляндский дунаның,
Еуропа бөлігінде дүниенің.
Январьдың жиырма үші, түс кезінде,
Аэроплан келді ұшып Германиядан.

Далаға шығып едім сол күні түсте,
Немістің аэропланы жүрген үсте,

Сол күні бұлт жоқ, жалтаң еді,
Көрініп аккумуля-ақ жоғары ұшты.

Жан-жақтан біздің әскер оны атты,
Тұс-тұстан пулеметпен тарсылдатты,
Жарылар жеткен жерде бір бұрқ етіп,
Жалынмен аспан-көкті жарқылдатты.

Үш минутта қырық жеті атып еді,
Дарымай, жалғызы да жөнін тапты.
Жарылар кейбір октар жақын жетіп,
Кейбірі жоғарылап асып кетті.

Тисе де, тимесе де токтар жерде,
Жарылса, түтін шығар бір бұрқ етіп.
Алдан атса шегінер артқа таман,
Ол емес біздікіндей жалқау шабан.
Өзіне ок дарытпай жалтарып-ақ,
Сонымен құтылып тұр есен-аман...¹⁹

Есінде ме?..

Сыздықұлы Жақан

(1916-жыл оқиғасына арнадым)

Кеше қазақ, не көрмедің, көп көрдің,
Не көрмедің, құса болып өліп ең.
Сансыз боздақ ерке-ұлан балаңды,
Жауыз патша құрық салды, беріп ең.

Кеше қазақ, құрық салды балаңа,
Симап едің еркін-сайран далаңа.
Ең даланың берекесін шайқалтып,
Есінде ме?...қамағаны қалаға...

¹⁹ СҚОММ. 1634-қор.1-тізбе,1-іс. 31-30 парақтар.

Кеше қазақ, қайғы түсті шуладың,
Күні кеше зарлы мұнмен уладың.
Күндіз күлкі, түнде ұйқы көре алмай,
Есінде ме?... бетті жаспен жуғаның.

Кеше қазақ, не көрмедің, көрдің ғой,
Жауыздардың тепкісінде өлдің ғой.
Болыс пен би, арамыздан ауылнай,
Не сұраса, даяр қылдың бердің ғой.

Кеше қазақ, еркін кетті, сабылдың.
Көзің жасты, жүрер жолдан жаңылдың.
Малың талаң, күнің қараң жабырқап,
Есінде ме?... неге солай шабылдың.

Кеше қазақ, азаматың айдалды,
Дәрменің жоқ, тіл күрмелді, байланды.
Айтсыз күні құрбан шалып, сиынып (әскери қарауыл. -

С.М.).

Есінде ме?... қан сасытқан майданды.

Кеше қазақ, қарсы тұрдың айналдың,
Көріп ең ғой, не қылғаның байлардың.
Ең далада мейірімі жоқ пристоп,
Аралады, жаралады, байландың.

Кеше қазақ, не қылып еді жанарал,
Жанаралы бұйрық жазды, жан алар.
Сарыарқаға сарыуайым төнгенде,
Ойлап па едің. бастан қайғы таралар.

Кеше қазақ, жарық көрмей, тарлығып.
Бой күйез боп, солғын тартып жабығып.
Күдер үзіп дүниеден, мал-жаннан,
Арып-ашып, қайғы кернеп, қамығып.

Кеше қазақ, көрдің тұрмыс азабың,
Алтын пысық (түсініксіз. - С.М.) төрелердің мазағын.
Төрт аяғы тас төбеңе ойнаған,

Есінде ме?... қара шаруа қазағым.

Кеше қазақ, қара бұлт түнерді,
Токтау салып, кісендеді жігерді.
Көздің жасы бетің жуған заманда.
Есінде ме?... сол жасынды кім көрді.

Кім құрғатты сорғалаған жасынды?
Кім жеткізді шын теңдікке басыңды?
- Еңбекшілер! Бостандыққа жеткізіп,
Қара тұман, тұйық бұлт ашылды.

Ұмыттың ба, кешегі өткен күніңді?
Ұмыттың ба, қан жылаған үніңді?
- Ұмытқан жоқ! Әлі есінде... есімде,
Тарих сені бағаламақ бүгін де.

Бүгін - тарих бағалады, сол күнді,
Қайғы, қапа зары мұңы мол күнді.
Қазақ елі ұмытқан жоқ, есінде,
Мен де ұмытпай отырмын ғой, ол күнді.²⁰

Әскер өлеңінен

Ш.Қ.

Патша саған не болды мұнша алдап,
Жігіт алғың келеді, бізден таңдап.
Қорыққанды көп қуса батыр болар,
Қарсы шықтық, бұл күнде қару камдап.

Қиянатты әуелі дінге қылдың,
Жер-суды тартып алып, елге қылдың.
Жұрт қатар правода бола алмадық,
Шаруаның малымен бірге қылдың.

Осындай күй болды ғой, басымызда,

²⁰ СҚОММ.1634-қор.1-тізбе.1-іс. 25-23 парақтар.

Солдат сұрап жабыстың жасымызға.
Тәуекел, бел байладық, шәйіттікке,
Молдалар азан айтар қасымызда.

Бұл өленді Салқынтау соғысы басталар алдында Керей жігіттері айтып жүрген екен. Бірақ өлең түгел емес. Осы күнгі Азат болысындағы сол кездегі қолбасшының орынбасары болған Тәукен Дәнбайұлы өлеңнің кемін толықтырып жіберілуге сеніледі.²¹

1916 жыл құрбаны қырғыз азаматы Ысқақ Қанағатұлына арналған өлең

Мамытұлы Ахметжан

Қиын қыстау кезінде,
Жанын салып ортаға.
Қасарып алып көнбеген.

Қара жүзді қасқырлар.
Қара албасты басқырлар.
Артына түсіп ермеген.

Панасыз жұртты айналып,
Көгенделіп жатқанда.
Қияға қолын сермеген.

Қан тасыған қылыштан.
Қара үкімет кезінде,
Көңіліне қорқу келмеген.

Жүректе қаны қарайып.
Ашуы тасып, шыдамай.
Бұлдырап көзі көрмеген,

Көлденендеген көк найза.

²¹ СҚОММ.1634-қор,1-тізбе.1-іс. 21 парақ.

Көкірегіне кіргенше,
Қолынан адам бермеген.

Алатауын аралап,
Қарсы болып сан қолға.
Найзасын жонып еңірген,

Ергенді алып қасына.
Көнгеннен өлім артық деп,
Артына азық теңдеген.

Қолында жөнді қару жоқ,
Реті келсе тайынбай.
Қанына жауыз шөлдеген,

Сол жолы бір ер оққа ұшты.

Арасында Алатау,
Мұнар тартқан көлденең.

Арманың жоқ асыл ер,
Ер өлімі өлімің!

Дүниеде кім бар өлмеген.
Меншіктеп отыр осы күн.
Сол Алатау қонысын,
Қырғызың өсіп, өрбіген.²²

25 июнь жарлығы

Нарманбет

Сарыарқа сайын жерім-ай,
Салқында самал белім-ай.
Сандалдай тауым тізілген,
Өлкелі өзен көлім-ай!
Сансыз қара айдаған,
Шалғынға бие байлаған.

²² СҚОММ. 1634-қор, I-тізбе, I-іс. 20-19 парақтар.

Сары қымызды сапырып,
Шілдеде мас боп ақырып,
Кемпір-шалдар ойнаған,
Сарыарканы өрт алды.
Мезгілінен ерте алды,
Көк тарлауы қуармай,
Көк ала түтін қаптады,
Ішкен асым батпады.
Жүрегімді дерт алды.
Мал - садақа, жан - пида.
Бала сұрап ерік алды.
Ата - анада зәре жоқ.
Мұнан үлкен пәле жоқ.
Боздақтарым сандалды.
Жалпы қызмет келді ғой,
Жан басына билік жоқ.
Жалқау қалған біздің ел,
Ғылым да жоқ, бірлік жоқ.
Құламасқа не қалды?
Мал мен жаннан түңілдік.
Жыламасқа не қалды?
Патшаның жарлық болысы.
Тағдыр қосқан жұмысы,
Ұнамасқа не қалды?
Мойында, жұртым, мойында!
Бар ма еді, бұл іс ойыңда.
Шыдамасқа не қалды?
Жан қысылды, жат еттік.
Бір жасаған иені,
Болыс, тілмаш, ауылнай.
Жығылғанға сүйенді.
Қандыбалақ қаршыға.
Тоятына қаз берсе,
Қанатына мәз берсе.
Отложка, ауыру,
Деген пайда тиеді
Подрядчик көп шықты.
Құтқарамыз деп шықты.
Бетке сүртіп күйені.

Жалап-жұтып жеп шықты.
Жасы кате жазылған,
Отыз бірден артықтар.
Араласып кетті ғой,
Мертік пенен шортықтар.
Ауру кетіп, сау қалды,
Алды-артында дау қалды.
Кім табады жүйені?
Барған жігіт жұмыста.
Қалған жігіт зауытта,
Кіре салып тынышта.
Әтшу! деп жүр түйені,
Жаз құлындап жүретін.
Бұл жануар буаз деп,
Бір жымындап күлетін,
Базарға саттық биені.²³

1916 жылы қазақ жігіттерін оқопқа алғанда

Ыбырай Оразұлы

I

Нендей іс қиыншылық қазағыма,
Жат елдің түсірмесін назарына.
Мұхаммбет үмметіміз, сакта Алла,
Зәредей іліндірмей бұл азапка.
Губернатор Сухомлинов бұйырғаннан,
Майданның кіріп тұрмыз базарына.
Тағдырда болатын іс, болмай қалмас,
Көз жетпес бір Алланың жазарына.
19-31 мен жас жігітті,
Қойма, Алла, кіріптар қып жазалыға.
Бір өлім кәріп жанға келмей қоймас,
Атқан оқ кез келеді қазалыға.
Білмейсің, қазақшылық дәстүрінді,
Ішпейсің, жөнділікпен астарыңды.
Қырық жыл қырғын келсе де, ажалды өлер,

²³ СҚОММ.1634-қор,1-тізбе, 1-іс. 15-14 парактар.

Қорғама, әрқайсың өз бастарыңды.
Атылмыш жігіттерді алып кетсе,
Бір шықса, таба алмайсың қостарыңды.
Жылқыдан айғыр, сиырдан бұқа айтып,
Соймасаң, қой ішінде қошқарыңды.
Басыңа қиыншылық іс келгенде,
Бір жүрген танысың достарыңды.
Кел, сахара көк орайға бие байлап,
Қазағым, білмедің ғой, тасқаныңды.
Мал-басың бірге өсіп тұрғаныңда,
Бойыңа сыйғыза алмай басқаныңды.
Сіз деген, ойын-күлкі салғырларың,
Көкорай көлге біткен шалғындарың.
Басыңа қиын-қыстау іс түскенде.
Сынбайтын майысса да, алғындарың.
Балалық, мейірбан әрі қызмет,
Көгілдір жан бір кедей алдырғаның.
Еріксіз қызметке алса, тіптеп,
Жүрегің оттай болып жандырғаның.

II

Мың тоғыз жүз он төртте,
Числосында июльдің.
Білмедің бе, қазағым, бір оқиға боларын,
Тамаққа тұрған тойындың.
Соғыс ашып патшан,
Солдат тартып күні-түн.
Тынышың кетіп күйіндің,
Сені, орыс біріннен-бірін айрылып.
Қатын-бала жыласа,
Оған да жатып сүйендік.
Болыснай мен ауылнай,
Ылау бер. деп шапқанда.
Жұмысымнан қалдым, деп.
Ішкен астан түйілдің.
Жеті патша соғысып,
Қан төгісіп бір жерде.
Зор апаты тиер деп,
Ойламадың, қазағым.
Осындай болған жиынын.

Германия жеңді деп.
Сиырдай мойның шүйірдің,
Екі жылдай былқылдап.
Тыныштығыңды кетірмей,
Келіп едің халайық
Бір кісі келді бүйірден.
Жалғызың бол, көбің бол,
Үй ішінде отырған,
Айырылдың ғой үйірден.
Жер үстінде патшаның,
Халқынан қазақ асты деп.
Мақтау-зауал болды ғой,
Наданшылық күйіңмен.
Жер ортасында Еуропа,
Қырылып тұр қан жұтып.
Шүкірлік қыл, қазағым,
Қалсаң осы сиынмен.

III

Жинаушы: Ж. Айсаұлы

Мың тоғыз жүз он алтыда,
Түсерме екен қазағым,
Бұрынғы өткен салтына.
25-июньнің патша жарлығын шығарды,
Сиынар орыс ұлтына.
Соғыс жерде окопқа,
Барады деп шақырды.
Оғлан етіп жұртына.
Ішіңе түскен салқын сөз.
Қаңтардай суық болған соң,
Мұздай қатып мұртыңа.
Он тоғыз бен отыз бір жігіттерін алад деп,
Германский фронтына.
Төбеден түскен бұл жұмыс,
Үкіметтің ісі деп.
Жол тауып бұдан өтем деп,
Қазағым шықты бұлқына.
Кеңшілік бер, деп сылтау қыл,

Ұлықтардан сұрап ең.
Көнбеді сөздің ырқына,
Мал мен жаннан безерміз.
Өлеміз колда дегеміз,
Келмеді оның ырқына.
Көнбесең, егер мизамға,
Пулеметпен қырам деп.
Айналдырмай сыртына.
Ұзақ сапар кез келсе,
Ат пен тонын сайлайтын,
Жібермей, қазақ ғұрпына.
Айтқан сөзде тұрыссаң.
Майданға шығып ұрыссаң.
Қатын - балаң қалатын
Дұшпандардың қолында.
Жаннан кешіп, ер болған,
Малдан кешіп, шер болған.
Бола алмадық бұл сапар,
Бұрынғының жолында.
Бір шіріген жұмыртқа,
Уақытында көрсін, деп.
Кейінгі жастың сорына,
Көңілге медеу айтасың.
Шіреніп пайда табатын,
Мал мен басың аман боп.
Ақылыңның молында.
Жаратып, сайлап ат міндің.
Бозбала қайда бұл күнде,
Кәпірдің қалды-ау, торында.
Тәуекел қып бозбала,
Артын тіле, құдайдан.
Не меңнат көрмеді,
Не сарбаздар бұрында.
Бұл жобаны шығарған,
Премьер-министр.
Қызың қырымға жылай кетсін,
Ұлың сенің ұрымға.
Алатын ару секілді,
Алды-артқа қаратпай.

Тыныш бермей, тынымға,
Мінілмеген асаудай.
Далада аңдар еді, қазағым,
Түсті-ау, енді қиынға!
Патшаның қаласы Петроград.
Арасын Шәкір атты қазақ жол қып.
Келмеді ол да сиымға.
Сөйтіп сасып тұрғанда.
Кеңшілдік берді бір Алла,
Үш ай ... қатардан.
Жұмысыңды бітіріп,
Киімің тігіп қамданып.
Малың болса сатардан.
Ақырын тілеп қалайық.
Қорқыныш бойға жасырылып,
Өліп кетер қатерден.
Тілекті беріп бір Алла,
Жұмыс тапты сол уақытта.
Петропавл қаладан.
Патшалық бидай тартсын деп.
Ер басы екі ат даярлап,
Асып кетпей шамадан.
Құдайдан панасыз деп ең,
Балкашин деген орысты.
Басыңа қылды панадан.
Шар үстіне бозбала,
Осыны орын қылып тұр,
Көңілі әзір тынып тұр.
Шығарма Алла қанадан...²⁴
(Өлеңдік қадірі қазіргі талапқа жауап бермегендіктен,
бұдан арғысын қысқартуға тура келді. - С.М.).

²⁴ СҚОММ. І634-қор.1-тізбе,1-іс. 13-6 парақтар.

Баймұхамбет Ізтөлеулының шығарған өлеңі

Жарқыраған күн нұрын,
Қараңғы тартты, бұлт басып.
Қалың тұман көз байлап,
Шырмалды, қалды адасып.

Ұйқыда жатқан көп халық,
Шошып тұрды, бек сасып.
Үркісе де шошынып,
Құтылмайды еш қашып.

Көздемеді өлерін,
Ерте күннен көз ашып.
Жириенем деп өнерден,
Қор болып жүр жасып.

Төңіректі бұлт қаптап,
Түрленді заман тарылып.
Орнықтады азамат,
Сүт бетімен сабылтып.

Орынсызға ұрынып,
Қара терге малынып.
Бір солдатқа он қазақ,
Не бітірер жабылып.

Түк қаруы жоқ қолында.
Қалмай ма жайы табылып.
Қамалдың қазақ бұл уақыт,
Түсіп кетіп бір жарға.

Артың тұйық, алдың су,
Шығатұғын күн бар ма?
Күн сайын жаман құбылып,
Айналып тұр бұл халға.

Күйзеу артқан бұл заман.
Үрей кетіп қалқыған.

Бақыты тайып басынан,
Уақыты болды тарыққан.

Торға түсіп шырмалды,
Шыға алмай, шаршап талыққан.
Іштен тынып, қайғымен,
Бұрыла алмай зарыққан.

Болса тар күн болар ма?
Қасірет кетіп іштегі,
Шаттық дәурен конар ма?

Жас құрақтай жайқалып,
Жастық гүлі толар ма?
Берсе құдай тілекті,
Мұрат қабыл болар да.²⁵

Жинаушы: Төңкеріс болысы
31 мектеп мұғалімі
Қасым Баймағамбетұлы.

Баймұхамбет Ізтөлеулы

Құдайым, жамандықтан құтқара ма?
Пәледен азат болып жұрт қалар ма?
Қорқыныш, уайым-қайғы бәрі қалып,
Аты өшіп, мәңгі бақи тоқталар ма?

Ай, заман, мұндай болып кеткенің бе,
Тарлықта ай, қайран дүние өткенің бе,
Жас-кәрі, артта қалған өңше мұндық,
Көз жасын енді көл ғып төккенің бе?

Дәурен-ай, шырақтай боп жаңа жанған.
Сонымен, шыныменен болып жалған.

²⁵ СҚОММ.1634-қор.1-тізбе,1-іс.38 парак.

Елдегі емін-еркін жүрген күндер,
Секілді ойлап тұрсақ, бізден қалған.

Едік қой, елдің көркі, қаз бен қудай,
Құлатпа, бастан алла жасыл туды-ай!
Рахматы кең жаратқан Раббым Қадір,
Өткізбе, жас ғұмырды аққан судай.

Бір тұман ашылмастай түсті басқа,
Талпынған, жаңа өспірім қыршын жасқа.
Көрмеген қағу-соғу өңкей ғазиз,
Болады деп ойлап па едің, мұндай қаста.

Құдайым, шаттық заман беріп еді,
Күлсек те, ойнасақ та ерік еді.
Өзінде ықтияры аланы жоқ,
Рахатқа бұрын халық еніп еді.

Байқасақ, енді солар бәрі қалып,
Бүкіл жұрт күйзе болған көрінеді.
Тынышталып, бостандық келіп, көңіл жай боп,
Ашылып тұман қашан сейіледі?

Апыр-ай! Болар екен заман қандай?
Бердің-ау, бір күйзеуді ғаламға Алла-ай!
Көз ашпай жас уақытта қараңғылық,
Біздерге болып-ақ тұр, таянғандай.

Әй, Алла-ай, талайы аз, біз бір әурең,
Бір күнгідей болмады, көрген дәурен.
Жаңа жанып, жарқырап келе жатқан
Шынымен, сөнгенің бе, жарқын сәулең?

Балықтай, жүрдің еркін суда жүзіп,
Сағым боп желге кетті барлық қызық.
Тілегін жас жандардың қабыл қылып,
Ақырын, Хақ тағала, жіберші үзіп.

Келмей тұр уайымменен көңіл қошы,

Қалмады күйзеулікпен жұрттың есі.
Данышпан бұрынғы өткен білгіштердің:
«Адам басы - Алланың добы» - деген осы.

Құдай-ай, өзің салдың мұндай іске,
Деймін-ау, сасқанымнан өң бе, түс пе.
Замандас ағаларды ойлай-ойлай,
Қапа мен уайым-қайғы толды ішке.

Бар жүрген бауырларым, сырластарым,
Нені көрмес дейсіндер, бұл бастарың.
Бәрі де жаппар хақтың тағдыры ғой,
Жасыма, көзден төгіп құр жастарың.

Зар жылап, бір Алла, деп тұрмыз, қорқып,
Таба алмай, ешбір лажды қойдай үркіп,
Білген бұрын оның пареткесін (тәртібін. - С.М.).
Япырым-ай, онамыз біз не күнелтіп?

Тәңірдің туса күні жәймашуақ,
Әрқашан дін исламға беріп қуат.
Қыла алмай еш тадбир (амал. - С.М.) естен танды
Баласы бұл жердегі керей-уақ.

Сөнбеген ылайымда бастан шырақ.
Дүрбелең, күйзеу кіріп, біздер тым-ақ.
Әлі құрып, белі сынып, қайрат кетіп,
Мұсылман зар еңіреп тұр ғой, жылап.

Үзбейік сонда-дағы бір үмітті,
Көңілді нық қып ұстап берік, мықты.
Ылғи мұқай бергенше, санаменен
Қайраттанып кетейік, қайта, тіпті.

Ес кетіп дал болдық-ау, сенделіп біз.
Орнығар қашан көңіл жөнделіп біз.
Қадалып қара жылан, зәрін шашып,
Иектеп, әттен, дүние, қор болып тұр.

Құлақпен естігенді көз көріп біз.
Жас қыршын шағымызда тез көріпбіз.
Әзелде Хақ тағалы бұлай жазып,
Жаюлы шынжыр торға кез келіппіз.

Бұл күнде басымыздан тайып тұр бақ,
Жасарып болар ма екен, көңіліміз шат.
Шет қылып бұл кәпірдің пәлесінен,
Сақтағай, біз ғаріпті Раббым Хақ!
Көл ғылып көз жасымыз күйіндіріп,
Ел жұрттан қыла көрме, оңашалап.

Не ғажап, шыкпайды бұл. ешбір естен,
Дәуреннің барында ұмыт бастан кеткен.
Әйтеуір, күліп ойнап, көңіл ашып,
Жүреміз, дертті іштегі білдірместен.

Күнім жоқ, мейір қанар, жас замандас.
Гүлдейтін жаңа жайнап, жанып өскен.
Артында әке-шешен қалды жылап,
«Мен зекет, мен құрбандық, сәулем». дескен.

Ата-ана бізге бола күйік тартып,
Желім жеп, қайғыменен ірің ішкен.
Қорғаған балапанын құстай болып,
Біз үшін жанын салып, отқа түскен.

Нағып та ұмытылар көзге елестеп,
Ел жұртын кірін жуып, кіндік кескен.
Қазақтың баласы онда барып оңбас.
Жол көріп, білмейтұғын бұрын еш жөн.

Жастықта басқармадық ғылымдықты.
Білмедім, пайдалы деп мұны тіпті.
Қағаз жазып, немесе хат танымай,
Ескермей, балалықпен қалдық түкті.

Бәріміз шылғи надан болып кеттік,
Оқу ұқпай, жатырқап сыртқа тептік.

Керегін мұның білмей, еске алып,
Мінекей, құрбыларым, санды соқтық.

Ұқсақ біз. байқар едік жөн мен жоба,
Жаһат қып ұмтылмадық бұған бола.
Заман жайлы түн мен күн ойға кірмей,
Ғылымнан күдер үздік, біз біржола.

Болмады оқу-өнер есімізде,
Мәз болдық, түк шықпайтын ісімізге.
Мұсылманша, орысшадан жалғыз кәріп
Білмейтін толып жатыр ішімізде.

Қаранғы, өнерсіздің жолындағы,
Келмейді оңнан бір де жеңіл жағы.
Хат салып, амандығын естіруге,
Білмейді мәнісін де соның-дағы.

Өнерге жастан әбден болмай ісбар (шебер. - С.М.).
Бұл күнде, о, дариға-ай, болдық құштар.
Мақұрым боп, барлығын да білмей қалдық,
Пайдалы басымызға нендей іс бар.

Кетіп тұр бақыт туы бастан құлап,
Тілеймін, бір құдайдан медет сұрап.
Орыстың шалынбаған серіппесіне,
Жайнандап, жаңа піскен майса құрақ.

Жас дәурен кетті бізден жалындай боп,
Бұзылып, мына дүние қалғандай боп.
Еліңмен амандасып аттанғанда,
Көзден жас төгілсін, маржандай боп.

Көбейген ауырпалық заман осы,
Болмай тұр қайта айналып өзгерісі.
Тағдырға тәббір болмас, деген сөз бар.
Қайтейін, не болса да, құдай ісі.

Жөнелдің басты теріс шайқай заман,

Талық қып дүниені жайпай заман.

.....
Кеттік қой ғайып болып, ойхой, заман.

Мынау өрт қаптап бізге келді деп,
Қорқып тұр, қауіптеніп бұдан жүрек.
Түк қоймай, сипап мүлде кете ме, деп,
Зар жылап бір құдайға еттім тілек.

Жинаушы Мәжікейұлы Мұқаш

Ескерту: Ізтөлеұлы Баймұхамбеттің (Баймағамбет. - С.М.) бұл өлеңін Қызылжар уезі, Төңкеріс болысы, жетінші ауыл азаматы Омарұлы Әбдірахманнан көшіріп алдым. Марқұм Баймұхамбеттің өз қолымен жазған кітапшасы екен.

Баймұхамбет тірісінде бұл өлеңін баспаға берем, дейді екен, бірақ ол ойына жете алмай, кітапшасының сыртында мынандай бір ауыз өлең тағы бар:

Қайғы басып көңілді,
Ауыртпашылық іс шығып.
Көріппе ек, біз бұрын,
Көңіл ашып құрбылар.

Көзден жасым төгілді,
Ылаң қылды елімді.
Тап осындай кезімді,
Оқы, мына шығармамды, жырымды.

Соңғы бір ауыз өлеңінің үшінші жолы өшіп кетіпті, тануға болмайды. (Баймұхамбет атакты акын болғандықтан оның қай тап, қай рудан, қай болыстан екендігін жазбадым).²⁶

²⁶ СҚОММ.1634-қор,1-тізбе,1-іс. 5-1 парақтар.

АЛАШТЫҢ АЗАМАТЫНА

Міне, дүние жүзіндегі халықтардың көбі соғысқа кірісіп, қанға боялып, шаруасы күйзелгеніне екі жыл толып, үшіншісіне айналды. Бұл сұрапыл соғыстың жуан ортасында өзіміз қараған Россия мемлекеті тұрғандығын білесіндер. Россияда әскерлік қызметін өтейтін халықтардың үй басы неше адамына майданда қару ұстап, қан төгіп, біреу жалғзынан, біреу аяулысынан айрылып, шаруа болып күйзеліп, қатын-бала, кемпір-шаддың көз жасы көлдей болып отыр. Бірақ жаудан жеңілсек, көретін күніміз одан да қараң деп, Отан қорғауға амалсыз көніп отыр. Сол екі жылдан бері біздің халық мал шығыны болмаса, бас шығынын көрген жоқ еді. Бірақ бір шырпыдан тұтанған от өртке айналып, маңайын шарпып, шалығын бізге де тигізді. Отан қорғау ісіне көмегі тиер деп, бізді жұмысқа шақырған жарлық шықты. Бұл соғыстың ылаңын ешкім де тілеп алмаған шығар, біздің де көрейік деген күніміз бұл емес еді. Бірақ, басқа келген пәледен «бастан құлақ садаға», елден алабөтен аман қаламыз деуге бола ма? Отандастарымыз – орыс халқы, діндес-қандастарымыз, - ноғай халқы мен сондай сыбайлас жұрттар отына күйіп жатқанда жалынына біздің шарпылмай қалуымыз қиын көрінеді. Біз бас аман қыламыз десек, «сенің жаның кімнен аяулы еді, мемлекет басына келген жақсылық-жамандық бәрімізге бірдей ортақ емес пе?» деп басқалар айтпай ма? Бұған біз не дейміз, мұнан біз қайтып құтыламыз?!

Ал, ойламаған жерден жұрт басына мұндай іс, мұндай ауырғиалдық түсті, мұны қалай қыламыз, қалай атқарамыз, ендігі ойлайтын нәрсе осы. Біздің жұртқа айтатынымыз: бұған көнбеске болмайды, мұны бұрын да сан рет айттық. Көнбейміз деушінің сүйенгені жан тәттілік болса, салыстырып қаралық: көнгенде жұртқа қандай ауырлық бар, көнбегенде қандай ауырлық бар? Көнгенде – шаруаға кемшілік те келер, барған жігіт қазаға да, бейнетке де ұшырар. бірақ елдің іргесі бұзылмас. (Қазаға ұшырар деп ауру-сырқаудан болған қазаны айтамыз, әйтпесе солдат қылып алмайды, соғыстан өлмейді).

Көнбегенде көретін ауырлық – бағынып тұрған үкіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап үйде қаламыз деп, мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, үкімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті законға сүйеніп істер. Мұндай мысалдар болып тұрған жоқ па? Бірлі-жарым болыс, писарлары өлген елдерге әскер шығарылды, басшы кісілері абақтыға жабылды, сотқа байланды. Мәселен, Торғай, Орал облыстарында арыз айтқан адамдар таяқ жеді, тұтқын болды, қорлық көрді, мәселен, Ақмола, Жетісу облысында. Әкімдер, қайда қарсылық қылды деген елдердің адамдарын атты, қазақ айыптымен қорқытып ала бастады, мәселен Қостанай уезінде. Қазақ шын қарсылық қылатын болса, ел-елге отряд шығады. Отряд шыкса, елдің берекеесі кетеді, бас пен малға әлгі бірдей тиеді, елдің іргесі бұзылады. Айтқанға тез көне қоймадың, қарсылық қылдың деп, Түркістан уалаятына военное положение иглан етілді. Военное положение жұртқа келген офат деп білу керек. Военное положение иглан етілген жерде түймедей жазыққа түйедей жаза болады. Қарсылық белгісін көрсетсек, Түркістанда болған военное положение өзге елде де болмай қалмайды. Міне, біздің екі ауырлық дейтініміз осы. Бірі – барса шаруаға кемшілік келіп, алынған жігіттер аз қазаға, бейнетке ұшырағаны, екінші – бармаймын деп қарсылық қылса, елге келетін зор бүліншілік. Осы екі ауырлықтың жұрт қай жеңілін таңдау керек. Біздің білуімізше жеңілі – көнген.

Ал ел көнді, көнгенде не істеу керек?

Ел басшысы адамдар әділдікпен өздері түзеп беру керек: мынау жаксы, мынау бай, мынау кедей деп бұрылмай, сатылмай дұрыстықпен іс қылу керек. Бұл іске қулық-сұмдық кіргізу, алатықты, партиялықты қосу зияннан басқа түк пайда бермейді. Ерікті өздеріне бергенде дұрыстап іс қыла алмасаңдар, үкіметке сонынан өкпелеуге болмайды. Список шатақ екеніне көзі жетіп отырған әкімдер, қазақ өзі дұрыстықпен список түзеп тапсырамын десе, рұқсат берер.

Екінші істейтін нәрсе – көніп отырып сұрайтын кеңшілік, льгота. Бұларды толымды, сыйымды дәлелмен үкіметтен сұрау керек. Бірақ мұндайда біздің қазақ петерборшыл болатын әдеті. Бұл іс туралы Петерборға шабуылдан пайда жоқ, онда барып сөз тыңдату қиын. «Бүлінген елден бүлдіргі алма» деген, ел басына мұндай ауыр іс түскенде, кімде-кім жырым жегендік қылмау

керек, өз пайдасын қою керек. Бұл іске ақшаның, адвокаттың түк пайдасы жоқ.

Біз естиміз, елдің көбі бұл істің жаласын ауылнай, болыстарға аударып, список бермей отыр дейді, бұлары – ката. Болыс пен ауылнайда ерік жоқ, бұйырды – орындады. Бірақ болыс, ауылнайлар да орынсыз басып-жаншып кетем демей, халықты шиелендірмей, ақша алып біреуді құтқарам, біреуді жіберем демей. дұрыстықпен қызметін атқару керек. Бұл жұмыстан ақшамен сатылып қаламын деушілер де болмасын, жұрттың бәрі ақшамен қалуға болмайды, бұл елге жақсы үлгі емес, не көрсе де елмен бірдей көру лайық.

Міне, жұртқа тегіс кеншілік берілді. 15-інші сентябрьде казактан кісі алынбайтын болды. Енді жұрт шошынбай, желікпей шаруаға қайтып, егін-пішенін, басқа тіршілік жабдығын үлгеріп алу керек. Ат үстінде сенделіп жүргеннен пайда жоқ. Қатын-баланың да қамын ойлаңдар.

Ал енді дүние бұл күйінде тұрмас, бұл соғыс та бітер. Сол кезде әркім қызметін бағалар. Сонда екенде жоқ, сепкенде жоқтар сыбағаға ортақ бола алмас. Тендікке ортақ болайық десек, осы бастан түбін ойлауымыз керек. Алмақтың да салмағы бар.

Ғалихан, Ахмет, Міржақып
«Қазақ». № 192, 1916 жыл.

КҮНБАТЫС МАЙДАНЫНАН

17-нші декабрьде күнбатыс майданының земскі комитетінің бастығы В.В. Вырубов бізді (Ғалихан, Мырзағазы, Тел, Мұса, Хасен) күнбатыс майданына шақырды. Мұнда 9 коста (рабочая дружина) 12-13 мың қазақ жігіті бар екен. Бұл жігіттер Земгор (яғни Земскі мен городской союз) қарамағында. Осы 9 костағы қазақ жігітіне жататын жай, ішетін тамақ, істейтін іс, бұл іске ақы беретін, қазақ жігітін бағып-қағып, басқаратын земгор болды.

Біз Мәскеу барып, қазақ қайдалап, ізге түскен соң, князь Львов пен мұның жолдасы жоғарыда жазылған Вырубов бізге айтты: Земгорда 12-13 мың қазақ бар. Біз бұларды білгенімізше тәрбиелеп жатырмыз. Біздің қылған ісімізге қазақ жігіті разы ма,

жоқ па білмей тұрмыз. Сендер барындар, 9 қос қазақ жігітін көріндер, өздерінен сұрандар, біздің істе не кем-кетік бар, бізге айтындар, біз қолдан келгенді істелік деді.

Земскі мен Городской союзды оқушыларда қызметке келген жігіттер де білмейтіні бар шығар. Қысқартып бұл екі союздың жайын жазып өтелік.

Бұрын соғыста жол салса, ін қазса, өзге жауға қарсы амал кылса, бұлардың бәрі әскер қызметі болатын. Осы зор Еуропа соғысында іс әскер уысында шығып кетті. Біз болайық, бізбен соғысқан жау болсын, жоғарыда жазылған әскерге көмек болатын істі өзге қызметкерге аударды. Бұл зор Еуропа соғысы ісін өкімет басқара алмайтын болды. Осымен біздің орыс жұртының халық үшін қабырғасы қабысып, жаны күйетін жаксылар бас болып, земскі мен городской союз қауымын ашты, соғыс жолында аулақ болып тұрған үкіметке болысқан болды. Осымен жаралы солдатқа аурухана салу, әскерге жүк тасу, жолда әскерге тамақ беру, жаралы солдатты майданнан алып шығу, қару-жарақ қамдау, жол салу, ін қазу сияқты істер екі союз қолында кетті. Бұл екі союздың басшысы іздегені қолына алған істі жаксы қылып бітіру. Бұларда жұмыс қылатын 19 қос (рабочая дружина). Мұның 9-да қазақ бар, қазақ пен көрші отырып жұмыс кылған орыс бар, бурят, сарт, қалмақ бар. Союз қарауында қызметкер бәрі құрдас, тең, бірдей. Мынау орыс, мынау қазақ, мынау сарт, мынау қалмақ мынау бурят деп алааламайды. Союздың, іздегені қызметкердің жататын орнын жайлы, киімін бүтін, тамағын тоқ қылып, қызметшіге ісін жаксы қылып істетіп алу.

Земгордың зор бастығы, күнбатыс майданындағы инженер Лазар Нахимич Ладыжинский. 21-нші декабрьде Минскіде біз осы кісіні көрдік. Бұл да бізге князь Львов, Вырубов сөзін айтты, бізге көп жаксылық – көмек көрсетті. Ладыжинскийдің бізге жаксы қараған қабағымен біздің майданда жүрісіміз соғыс жоқтағыдай болды. Дружиналарда армансыз қазақ жігіті бауырлармен сөйлестік. Күйі-жайын көзбен көріп, сұрастырып білдік.

23-нші декабрден 2-нші ғинварьға шейін 1, 16, 9, 10 мен 8-нші дружиналарды араладық. 3-нші ғинварьда Минскіге қайтып, екі бөліндік. Ғалихан, Мұса, Хасен 7, 5, 18-нші дружиналарға кеттік, Мырзағазы, Тел 4-нші дружинаға кетті. Біз барып бүгін

қайттық. Мырзағазы, Тел әлі қайтқан жоқ. 12-нші ғинварьда Минскідегі екі союздың комитетінде біздің докладымыз болды. Аман болсақ, бұл доклад «Қазақта» басылар. Ладыжинскийдің сұрауы бойынша мен 16-ншы дружинаға 10-11 де барып қайтам.

Жігіттердің жататын орны, ішкен тамақ, ұстаған тәрбие келер хатта түгел жазылар. Земгордағы жігіттер тұрмысында ойдағы болмаса да, кем-кетігі аз, түзетуге көне қоятын, құдай біледі, түзетілер. Баққандардың қарауы казакқа жылы. Біз айтқандай қылмақ.

Хат ұлғайып кетті, уақытым аз, қарындаш мүжілып таусылады, соқыр шам жымындап, хош-хош деп кетіп барады. Хатты қысқартпасам болмас.

Біз көрген қазақ бәрі кіші жүз: Қостанай, Ақтөбе, Орал, Лбишин, Гурьев, Бөкейлік. Жалғызак 9-ншы дружинада Өскемен, Семей бар. Бұлардың болыс, ауыл, адресі келер хатта жазылды.

9 январь – Минскі.

Ғалихан

«Қазақ», 1917, № 215.

(жалғасы)

Земгор қарауында қанша қазақ жігіттері барлығы өткен хатта жазылған. Бұл күнде Земгор арқа мен қыбла майданындағы бұратаналарды да өз қарауына алмақ, бұл туралы ждихат қылып жатыр. Басқа майдандағы бұратаналарды қолына алуға Земгор қазіргі қолындағы жігіттерін жаксы тәрбиелеп, қажеттерін түгел өтеп тұрғандығын көрсетуі керек. Бұл бола қалса, біздің қазақтың бәрі де Земгорда болады. Жігіттер Земгордың көңілінен шыкса, Земгор да жігіттердің көңіліндегі жерінен шығып, көп пайдасы тиетін көрінеді. Сондықтан шамасынша аянбай қызмет етулері лайық. Қызмет қыл да, міндет қыл деген. Мұның пайдасы түбінде де болмай қалмаса керек.

Өткен декабрьдің 23-нен ғинуардың 12-не шейін Земгор қол астындағы 9 қос – 12 мыңдай қазақ жігітін аралап шықтық. Жігіттердің хал-жайын, көрген-білгенімізді 19-ншы ғинуарда Мәскеудегі Земскі союздың күнбатыс майдан комитетіне доклад қылдық. Бұл докладты Минскінің военный цензоры қарап болған соң, «Қазаққа» жібереміз. Біздің жігіттерге не сөйлеп,

комитетке қазақ, үшін не керек дегенімізді алаштың азаматы «Қазақтан» оқып көрер.

Күнбатыс майданы комитетінің бастығы докладты оқығаннан кейін, бізге Земгор қарамағындағы қазақтарына істе дегендерінді өздерің қолдарына алындар, оған Мәскеуде бір бөлім, Минскіде бір бөлім ашындар, әуелі Минскіде ашындар деді. Сонымен 22-нші ғинуарда біз Минскіге жүріп барамыз.

ЕНДІ ЖІГІТТЕР ЖАЙЫНА КЕЛЕЛІК

Жатқан үйлері белуардан қазып, төбесін тақтайдан ит-арқа кылып, үстін топырақпен жапқан, асты – едені де тақтай. Үйлерінің екі жақ басында бір-бірден және күншығыс жағында 2-3 терезе бар. Үйлерінің зорлығы түрліше 100, 150, 200 кісілік. Ішінде екі қабырғада бірінің үстінде бірі екі қабат нар – сәкі бар. Бұлар жататын орындары. Үйдің ортасында тамақ ішетін орын стол бар. Кейбір үйлерінде сәкілер, екі қабырғада және ортасында, араларынан жүретін жолы бар. Мұндай үйлерде тамақты нардың үстінде ішеді. Кейбір жерде бөлек тамақ ішетін үйлер бар. Үйлердің ішінде 2-3 темір пеш бар. Жігіттер арасынан 2-4 адам сайлап қойған: бұлар күндіз-түні кезекпен от жағып, үйді жылытып және жігіттер жұмысқа кеткенде сыпырып, тазалап қояды. Ерінбесе, үйлерін жып-жылы, тап-таза кылып тұруға болатын көрінеді.

Су болған киімді кептіретін өз алдына 1-нші дружинадан баска жерде үй жоқ, сол жатқан үйлерінде кептіреді, бірақ өз алдына үй салмақ. Алғашқы кезде келгендердің үйлері жылы құрғақ, жақсы. Соңғы келгендерінікі өздері келген соң күзді күні істеген, дымқыл. 1-нші дружина, 9-ншы дружинаның 2-нші отряд 220-ның партия (мұнда Лбишин мен Гурьев жігіттері). 10-ншы дружинаның 3-нші участок 219-ншы партияларының (мұнда Ақтөбе жігіттері) үйлері жақсы-ақ.

Соңғы кезде келгендердің бәріне жерден үй істеп жетісе алмаған, шатырда жатқандары да бар. Шатыр су өтпейтін кенептен, терезесі екі басында, 100-150 кісілік; мұның іші де жер үйдікі сияқты: сәкі, пеші бар, бірақ суықтау, дымқылдау. Біз барғанда шатырда жатқандар: 16-ншы дружина, 2-нші отряд, 210-ншы партия, 2-нші жүз (бұлар Сарыой, Кеңарал болыстарынан 140 жігіт). Бұларды біз кеткен соң былайғы

жолдастарына қосып, жер үйге кіргізген. Біздің артымыздан бұл дружинаға Қарқаралы уезінен 147 жігіт келген, бұлар әзір шатырда. Бұлардың бастығы Азанбай Сабекұлы. 9-ншы дружинаның 221-нші партиясындағы Семей, Өскемен жігіттерінің ішінде шатырда тұрғандары бар. Бірақ бұларға үй салып жатқан 10-ншы дружинада Тұзтөбе болысының 100 жігіті шатырда, бұларға да үй салып жатқан. 4, 7, 5, 8-нші дружиналарда бірен-саран шатыр бар. Бұлардың жайынан тағы да жазылар.

Ғалихан, Мырзағазы.

«Қазак», 1917, № 216.

(жалғасы)

Ғалихан, Мырзағазы, Тел, Мұса, мен Хасен Земгор қол астындағы құнбатыс майданында жұмыс қылып жатқан жігіттерді аралап. хал-жайларын білгеннен кейін Земгор комитетіне оқыған доклады:

Құнбатыс майданының Земскі комитеті рұқсаты бойынша 23-ші декабрьден 12-нші январьға шейін біз казак жігіттері жұмыс қылып жатқан Земгордың 1. 4, 5, 7. 9, 10, 16, мен 18-нші дружиналарын араладық. Біздің келгенімізге жігіттер артықша риза болды, қуанып қалды. Дружина әкімдері де бізді жақсы қабыл алып, жігіттердің хал-жайын түгел тексеруге жәрдем етісті. Жігіттермен емін-еркін сөйлесті. Жатқан үйлеріне кіріп, жігіттерге көңілдегі мәслихатымызды айттық. Жігіттер топтанып, біз кірген үйлерге ере жүріп, біздің сөзімізді қайта-қайта тыңдады, түсінді. Жігіттердің бәріне дерлік айтқан сөзіміздің жобасы мынау болды:

«Бұл Еуропа соғысы дүние жаратылғаннан бері адам баласының тарихында мысалы болмаған соғыс. Бұрынғы соғыстарда жауласқан халықтардың әскерлері ғана соғысушы еді. Бұл соғыста үйдегі бейбіт шаруаның да жәрдемі қажет болды. Россияның отанына жаны ашыған жақсы адамдары земскі мен городской союздарының ұйымына қосылды. Бұл союздардың алдында жұрттың бәрі бірдей, олар мынау орыс, мынау бұратана деп алаламайды. Сендер сол земскі мен городской союз, яғни земгордың қол астында жұмыс қылып жатырсыңдар.

Сендердің істеп жатқан жұмыстарың земгордың соғыс үкіметінен бітіріп беруге алған жұмыстары. Бұл жұмыстардың

бәрі де асығыс жұмыс, отан қорғау ісіне керекті жұмыс. Салақтық, жалқаулық қылмай, өз жұмыстарыңдай істеп, жігіттік көрсету керек. Әр қайсыларың шамаларың келгенше істеп, білген өнерлеріңді тежеп қалмаңдар, көрсетіндер. Соғыс бітер, сол кезде сендердің еңбектерің босқа кетпес, орыс халқы қадірлеріңді білетін күн туар. Сендер жақсы көрші мысалында өрт сөндіруге шақырылып отырсыңдар. Олай болса, қолдан келгенше көршілік, жақындық хұқын өтендер. Жау жағадан алғанда қазақ баласы аттанға шаппады деген болмасын.

Сендерге мұнда құлшылық кылуға мешіт салып беріпті, бес уақыт намаздарына кеңшілік беріпті, жұма күнін беріпті. Бірақ естерінде болсын, сендер қазір соғыс майданында, өрттесіңдер. Егер қысылтаяң уақыт болып, жұмысты тез бітіруге қажет болып қалса, өздерің біліп-ақ жұма күндерінде де жұмысқа шығыңдар. Орда жатқан солдаттар жексенбіні білмейді. Соғыс заңы осындай қатаң келеді. Жұмыстың істелуі онша асығыс болмағанда, земгор өзі де жұмаларыңда алмайды, тынықтырмай қоймайды. Қысылтаяң болмаса, Земгорда сендерді қыспайды. Оған жақсы жұмыскер керек, оған соғыс керегі үшін жұмысы көңілдегідей тез біткені керек.

Елде сендер кеншілікте, еркіншілікте өскенсіңдер. Ауру тарататын микробтар казак даласында кем болады. Онда моншаға түспесендер де, кірлі киім кисендер де, қайда болса сонда дәретке отырсаңдар да мүмкін еді. Мұнда сендер 1000 кісі бір жерде, бір үйде 100-200 ден тұрасыңдар. Бұл жердің ауасы микробқа бай, күні біздікіндей емес, мұнарлы. Сондықтан мұнда өте сактану керек, әр қайсыларың жатқан үйлеріңнің таза болуына көз салу керек, іш киімдеріңді жиі өзгертіп отыру, моншаға түсу, киімдеріңді буға ұстау, сүзек ауруын тарататын биттен сактану керек. Тыска шыққанда дәретханадан басқа жерге отырмау керек.

Әзірге майданда жылқы бар, осы күні жылқыны өздерін сойып жеп отырсаңдар. Бірақ мұнда үйір-үйір жылқы жоқ, жылқы тұқымы аз. Сондықтан бұл араның жылқысы тез таусылуы ықтималы бар. Бұл араның союға малы біткен соң, сендер балықпен кепкен етке түсесіңдер. Балық етін жемесендер жаман болады, денсаулықтарыңнан айырыласыңдар. Біздің ақылымыз: балық пен кепкен етті жеп үйрене беріңдер. Сендерге тұздаған балық береді екен. Сендердің аспазшыларың

бұл балықты қазанға тастай беріп, асады екен. Қабығы араласып сүйкімсіз болады. Мұндай балықты, елде жеп көрмеген сендер түгіл, ата тамағы балық болған жапондар, яки голландисдар да жемес. Тұзды балықты әуелі жылы суға салып қою керек, сонда тұзы бойына сінеді, онан кейін басын кесіп тастау керек, балық басынан шіриді дегенді естулерің бар ғой, онан соң қабықтарын тазалап, сөйтіп барып асу керек. Осылай пісірген балықты, бәлки, жер едіңдер.

Біздің жерде қара бидай шықпайды, сондықтан салмайды. Бүкіл Россия мен Еуропа қара бидайдың нанын жейді. Бұл ас болады. Сібірден келген солдаттар мен қазақтар да алғашқы кезде қара нанға жоламайды, соңынан үйреніп кетеді. Қара нан алғашқы кезде іш ауыртады, сендер сонан да қорқатын шығарсыңдар. Россияда бұл күнде бидай ұны кем, қазір барында сендерге ақ нан беріп тұр. Бірақ естеріңде болсын, мұндай қара нан жейтін күндер туар. Осы бірте-бірте қара нанға үйрене беріңдер. Қара нан шикі болғанда, пісіру нашар болғанда ғана жаман болады, бірақ ондай нанды Земгор сендерге бермес.

Сендер капуста жемейсіңдер. Капустаның цыңға ауруынан сақтауға пайдасы бар. Жеп тұрған еттерің кемігенде, ақ ішпегенде, нан жеу көбейгенде жазғытұры цыңға ауруы болуы анық. Цыңгдан сақтануға жақсы тамақ – біздің қазақтың құрты. Бірақ бәріне жеткілікті құртты елден қалай келтірмек керек, мұнда капуста көп, біздің ақылымыз капустадан қашпандар. Гречиханы бүкіл орыс халқы жейді. Біз тарыны қандай көрсек, орысқа гречиха сондай. Аспазшыларын мұны да балық секілді ұқсатып істей алмайтын шығар. Мұнда тарыны жеткізу қиын, сондықтан гречиха ботқасына үйрену керек.

Жаудың аэропланы ұшқанда, топтанып бір жерге жиналмандар. Бірлі-жарымды кісіні байқай алмайды, топтансаңдар жау көзіне тез түсесіңдер. Топқа бомба тастайды.

Біздің әскер кейін шегінетін болса, күн бұрын сендерді де кейін шегінуге хабар қылады. Шегінсін деген хабар шыққанда, шуламандар, саспандар. Ал деген нәрселеріңді ғана ала жүріп, көрсеткен жолмен шегіну керек. Майданнан шегінуге әскер, қару-жарак, жүк үшін өзіне арналған жолдары болады. Әрқайсылары өз жолымен шегінеді. Көрсеткен жолмен жүрмей, тез құтыла қояды екеміз деп бет-беттеріңмен қашып, өздеріңді өздерің алдап жүрмеңдер. Осылай қашсақ, жасырынсақ аман

қалармыз деп алдандар, қырыласындар; бүйтіп 500-1000 кісі құтыла алмайды.

Үйлеріннен көп ақша әкелдіндер. Көбің әлі жассындар. Араларында карта ойнайтындарың бар шығар. Сендер 2-3 мың шақырым жерден келдіндер, қазір соғыс майданындасындар, бір жер үйде неше жүзден тұрасындар. Карта ойыны араздық, жанжал тудыратын нәрсе, осыдан сақтана көріңдер. Майданда карта ойнауды қатты тыяды. Мұнда закон қатаң, карта ойыны үшін дүре жеу секілді ауыр жазаларға ұшырап жүресіндер. Тіл алсаңдар, карта ойынынан безіндер.

Көбің әлі жассындар. Біздің ақылымыз мұндағы маржаларға жолай көрмендер. Мұнан құтылудың бір шарасы: шаршағанша жұмыс қылу. Өздеріңді өздерің билей алмасаңдар, ауру жұқтырып, бірінші өздерің қор боласындар, екінші елге, үйлеріне алып қайтасындар. Білесіндер, біздің елде докторлар кем, ауруды жайып елдің елдігін кетіресіндер. Мұны ойлаңдар. Халқымыздың гүлі, үміті сендерсіңдер!

Рұқсатсыз ешқайда кетпеу керек. Билеп тұрған әкімдерді тыңдау керек. Солдаттармен байланыспау керек. Майданда закон тілі қысқа. Егер өздерің біреуден кемшілік көрсеңдер, қажеттерің болса, Земгор әкімдеріне немесе офицерлеріне айтыңдар.

Естеріңде болсын, бұл Еуропа, ел алыс, мұнда елдегі әдетше біреуге ақша пара беріп жағынамын деп ойламаңдар, өздерің жексұрын боласындар. Еуропада жүріп қазақты маскараламаңдар», - дедік.

Біз жігіттерді аралап, олардың жатқан орындарын, тамақтарын, киімдерін көргенде бұл жігіттердің не үшін шақырылғанын, олардың жұмысы қандай болу керек екендігін естен шығарғанымыз жоқ. Жігіттердің жұмысы берекелі, өнімді болуға тиіс, оның үшін олардың жататын үйлері жылы, таза болуы керек, тамағы тоқ, монша, киімі бүтін болуы керек, ауруханалары жеткілікті болып, әкімдердің олармен мәмілесі жақсы болу керек. Біз аралағанда жігіттердің үйлері тегіс салынып, түзеліп болған жоқ еді, біразы болмаса жер үйлердің көбі күндіз де, кешке де қараңғы болғандығы сонан шығар.

Жер үйлер суық және дымқыл. Темір пештер аз жылытады, түтін шығады. Сәкілердің көбі екі қабат. Үш қатардан салынған екі қабат сәкілі үйлер де көп. Мұндай

үйлерде жігіттер орын-орындарына отырғандар. Бір жағынан сулы киімдерін ілгенде, көйлектерін жайғанда, үйдің іші толып кетеді. Сондықтан ауа өте ауыр, нашар.

Жігіттер жатқан шатырлар суық, дымқыл. Шатырлардағылардың арасында суық тиіп ауырғандар көп.

Монша, кір жуатын үйлер салынған дружиналар кем. Қайсы бір дружиналарда жігіттер моншаға бір айда бірақ түскен. Дружиналардың көбіне қазақтар көйлектерін өз ақшаларына жудырады екен, киім булау үшін өз алдына бөлме салған дружиналар да әлі аз.

«Қазақ», 1917, 1 март, № 200.

(жалғасы)

1) Жер үйлерде денсаулыққа муафық қылу үшін етік, байпақ-шұлғау, үсті киім кептіретін өз алдына бөлмелер жасау керек. Ең болмағанда орта сәкілерді оңалту керек, үйлерге жарық мол кіргізу керек, темір пештердің орнына тас-кірпіш пештер салу керек. Шатырлардың орнына жер үйлер салу керек, яки шатырларды дұрыстап жылыту керек.

Күнбатыс майданындағы қазақ жігіттерінің қыс киімдері жылы. Әрқайсысы дерлік 3-4 пардан көйлек әкелген. Бірақ іш киімдері тозып, бірсыпырасы іш киімге мұқтаж бола бастаған. Ормандарда киім тез тозады. Оларды жамау керек, соның үшін жұмысшылардың киімдерін бүтіндейтін тігіншілер қою қажет. Қазақ етігі жақсы және жылы. Бірақ орманда, жайсыз жерлерде жұмыс қылғандықтан етік тез тозады. Етік тозғандықтан жұмысқа шыға алмай отырған жалаңаяқтар көбейіп барады. Жолдастарының етігін жамарлық етікшілер бар, бірақ бұған былғары жеткізіп бере алмай отыр. Бір дружинада жігіттерге башмақ берген екен, бірақ бұлар орманда, қалың қарда, сазда киюге жарамайды, Шолак қоныштан қар, су құйылады. Жігіттердің күні бойы аяғы су болып, суықтан ауырады.

2) Былғары тауып жеткізіп, қазынадан ақы беріп, етікшілерге ескі етіктерді жамату керек, бірақ жұмысшылардан мұның үшін ақы алынбасын.

Қазақтардың тамағы жақсы. Олардың бір риза болып тұрғаны өздеріне жылқы сойып жеуге рұқсат бергендігі. Олар малды өз қолынан сойып жегенін артық көреді. Ақшасы бар жігіттер жеткілікті ақ нан сатып алады, жылқы алып сояды, садақа береді. Бір дружинада бір күннің ішінде 15 жылқы сойып

жеген. Ал кейбір дружиналарда жылқы сатып алу жағы қанағаттанарлық емес. Алған жылқыларының жілігі татымайтын арық. Қазақтың өзі көріп алса, жілігі татитын-татымайтынын білер еді, тегі ондай арық жылқыларды алушы өздері емес көрінеді. Әскери әкімдердің көбі азыққа жылқы сатып алуға қазақтардың өздерін жұмсайды екен, міне онысы дұрыс, қазақ союға жарайтын жылқыны таниды. Бір дружинадағы жігіттерге азық-түлікті интенданства складаынан береді екен. Сондағы жігіттер біздің сыбағамызды кім береді деп бізге шақты; мұндай шағу басқа дружиналарда болған жоқ еді. Гинуар басында интенданства кейбір дружиналарға тары беруді тоқтатып, оның орнына иістенген гречиха берген. Қазақтар алмаған. Берген картопы үсіп кеткен, гречихасы шіріп кеткен болған. Қазақтар түксіз сылдыр сорпамен қалған.

3) Земгор азық-түлікті өзі даярлап беретін болса екен. Бұл іске жер-жерінде қазақ комитеті жәрдем берер еді, егер земсоюз және Земгор қазақ жеріне кісі жіберіп комитет аштырса елден азық-түлік (ет, құрт, май мен басқа тамақ жеткізуге вагон алып берсе).

Жұмысқа жарамайтын жігіттер көп. Олар текке қазынаның нанын жеп жатыр. Бәрі де көрінеу ескілікті аурулар: жіңішке ауру, жарық, көксау. Бұларды осындай аурумен елден майданға жіберген. Бірталай есалаң, шолақ, санырауларды көрдік. Олар да текке қоста жатыр.

4) Жігіттерді докторға тез қаратып, қазынаның нанына ортақ болып отырған жұмысқа жарамайтын, ас ішіп, аяқ босатарларды елге қайтару керек.

Мұнда ауырғандардың көбі суық тигізіп ауырған. Мұның себебі шатыр мен жер үйлердің суықтығынан және киім кептіретін жеке орынның жоктығынан болса керек.

Жігіттер доктор, фельдшерлер бізді жақсы қарамайды, тындамайды, жек көреді деп зарлайды. Риза болған қазақ аз. Бір фельдшерица қандай ауру болса да айырмақ болып, жігіттерге дамбалыңды шеш дейді екен. Қазақ абыройын ашудан қатты ұялады. Доктор көріп ауруын айыратын орында, ол әлгідеймен кинайды, яки жігіттерді жаққа салып кетеді, онысы денінің сау дегені.

Мұндай оқиғалар болған: ауруханадағы науқас қазақтар өлгенде жолдастарына білдірместен, моллаға хабар берместен

көме салған, мұнысы барлық қазақтың дін намысына тиетін іс. Ауруханаға алынған жігіт жолдастан және туысқанынан біржола айрылады. Жолдастары мен жақындары олардың қайда және не халде екенін білмейді. Бір жігіт інісінің өлгенін 9 күннен кейін ғана білген. Мұның тірісінше бір оқиға болған: жұқпалы сүзектен өлген бір жігітті молланың қолына тапсырған. Молла өлікті 1200 жігіт тұрған орындағы мешітке әкеліп салып қойған. Молла жұқпалы ауру екенін білмейді, аурухананың онымен жұмысы жоқ.

5) Ауруханада жүз басы моллалардың біреуі болуы керек. Қазақ жатқан ауруханаларда орыс тілін жақсы білетін кісі болуы керек, яки қазақ доктор, фельдшер тұру керек.

Қазақ тілін білмейтін доктор, фельдшер аурулар көп келе берген соң ширығып, түсіне алмай, дұрыстап қарамайды. Аурудың жайын жақсылап түсіндіруге жұмысшылардың өз арасынан шыққан переводчиктер жарамайды.

6) Жоғарыда айтып едік, алатын сыбағасының үстіне жігіттер өз ақшасына ақ нан алады, жылқы сатып алып сояды деп. Бұл кезде кедейлердің елден алып шыққан ақшасы таусылған: олар жұмыс үшін берілетін ақшаны мезгілінде алып тұруға өте мұқтаж. Бұл күнге шейін қызмет ақылары тәртіппен берілмейді екен.

Орша арқылы келген қазақ жігіттері әскери молла Хафизов дегенге кісі басы 50 тиыннан 20 сомға шейін садақа берген. Оршадан шығып земгор қол астындағы жігіттерді аралап болған молла «садақа» жинаған. Сол молланы көруге қанша ынтық болсақ та көре алмадық. Садақа шарифат бойынша фақыр-міскінге, мұқтаждарға берілетін нәрсе. Мұны моллалар иемденіп жүр. Мұндағы жігіттердің аңқаулығын, надандығын пайдаланып, қазынадан жалование алып тұрған моллалар жұмысшы қазақтарды олжаланып жүр. Бұл жігіттердің ішінде кедейлері көп, елде қалған шал-кемпір, балашағалары бар, олар күн көргішсіз қалған. Міне шарифат бойынша садақа беруге лайық кісілер – осылар.

7) Елде комитет ашу керек. ол комитеттер азаматы алынып кетіп, мұқтаждықта қалған үйлерге жәрдем берсін. Бұларға қазынадан жәрдем сұрау керек.

Дружина біткеннің бәрінде жолда ауырып қалған жігіттер бар. Майдандағы жолдастары, жақындары олардың қайда екенін білмейді, хабарласа алмайды, сондықтан да өте уайымда.

8) Сол жігіттерді табудың қамына кірісу керек.

9) Біразы ғана болмаса, жігіттердің елмен хабарласу ісі тәртіпке салынған жоқ. Жігіттер елді сағынады, есепсіз көп хат жазады, осы хаттар тоқтаусыз жүретін болсын. Елден жігіттердің хал-жайын білуге азық-түлік және киім-кешек жеткізуге жақындары ағыла бастады. Бұлар орыс тілін және бұл жактың жайын білмегендіктен көп қиыншылық көріп тұр. 14 кісі Минскі вокзалында бірнеше күн камалып, бізге тура келген соң ғана рұқсат алып өтті. Осыныда бір ретке салу жоқ.

10) Қарап тұрған әкімдер жігіттердің жұмысына риза. Біз бұған артықша куандық. Бауырларымыз мұнан кейін де біздің үмітімізді босқа шығармас және отан қорғау ісіне шамаларынша қимылдар деп сенеміз. Орыс халқы біздің ісімізден көріп таныр және біз де орыс халқымен бірге қол ұстасып, мемлекетке ортақ бақытқа таман қадам басармыз.

Бұл докладтағы мағлұматтардың бәрін жігіттерді аралап және сұрастырып білдік, егер дружина әкімдері қазақ тілін білген болса, мұнын бәрін өздері де білер еді. Жігіттер орыс тілін білмегендіктен және ұяндықтан әкімдерге барлық мұңдарын айта алмайды. Әкімдер олармен жақын болса, сөздерін ілтифатпен тындаса, жігіттер де олармен жақындасып, жұмысқа қырлы, көңілді болар еді. Сөйткенде жұмыстары да берекелі болар еді. Дружина сайын жұмысшылардың жайын-қалпін, тілін білетін секілді таза, жанашыр, ашық пікірлі кісі керек. бұлар екі араға дәнекер болар еді.

Жұмысшылар арасындағы переводчиктер орыс тіліне жетік емес. Олар жұмысшылардың өтінішін әкімдеріне батып айта алмайды. көбі өз бастарына болып тұрған кеңшіліктен айырылып калудан қорқады. Моллалар да орыс тілін білмегендіктен және білімі шамалы болғандықтан мұндай қажеттерді өтей алмайды. Біз мынадай бір молланы білеміз. Жігіттер молланы әкімдерге жұмсайды, бізге жылқы сатып алуға рұқсат әпер деп. Сонда молланың қойған шарты: «Жарайды, рұқсат әперейін, егер сойылған жылқының бір мүшесін өзіме берсеңдер», деген. Тағы бір молла дружина

әкімдеріне жағынамын деп агент болып, жалованиесін 60 сомнан 120-ға шығару ыждықатында жүр.

11) Майдандағы бауырларымызды аралауға бізге жол ашқан күнбатыс майданының комитетіне және Земгорға барша жұмысшылар, қазақ халқы және өз атымыздан тәңірі жарылқасын айтамыз.

Ғалихан, Мырзағазы, Тел, Мұса, Хасен.

«Қазақ» 1917, № 219.

(жалғасы)

Төмендегі инабатты адамдар көрсеткен жігіттерді переводчикке аламын: Қарқаралыда - Қасым Мәмлеев, Семейде - Тұрағұл, Нұрғали, Павлодарда - Сағадат, В. Антонич Сорокин, Омбыда - Ережеп, Қызылжарда - Салмақбай, Ахмед Жанталин, Бөкейлікте - Шәңгерей, Ақмешіт - Юсуфбек, Шымкентте - Ахметжан, Қоканда - Ақаев, Ақмолада - Ахмед, Райымбек, Атбасарда - Сыздық Мешенбаев, Ақтөбеде - «Қазақ» басқармасы.

Майданға келіп жігіттерді еңтейтін, пара алатын, іске еріншек переводчик әуре болмасын.

Қызмет жұрт үшін, іс таза жігіттік.

Ғалихан.

«Қазақ», 1917, № 221.

Мұстафа Шоқай

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ТУРАЛЫ БОЛЫШЕВИКТЕРДІҢ ӨТІРІГІ

1916 жылғы көтерілістің баса көңіл аударатын ең бір маңызды тұстары қайсылар? Бұл сұрауға «16 жылғы қозғалыс жалпы алғанда ұлттық қозғалыс еді» деп жауап беруге болады. Онда таптық күрестің елесі де жоқ еді.

Түркістандықтарды, халықтың барлық жігіттерін өз қол астына бірлестірген патшалық Ресейдің жалпы саясатын айтпағанда, түркістандықтарды майдандағы кара жұмысқа шақырған бұйрықтың өзі ұлттың табиғатына, рухына жат еді. 1916.ҮІ.25 күні шыққан патша жарлығы түркістандықтарды тапқа бөліп жатпайақ, майдан жұмысына шақырды. Осы алапат барлық түркістандықтарға бірдей төніп еді.

Марксизм теориясы бойынша қарағанда, таптық күрес Түркістанда жоқ және болу да мүмкін емес еді.

Таптық күрес ұлттық өнеркәсібі қалыптасқан саяси, әлеуметтік және экономикалық мүдделері бір-біріне қарама-қарсы тұрған, ұлттық пролетариат таптары бар тәуелсіз елдерде ғана болуы мүмкін. Патшалық Ресей кезінде Түркістанда ондай жағдай жоқ еді. Сондықтан ол жердегі байырғы түркістандықтар арасында таптық күрестің болуы мүмкін емес еді. Осы айтқанымыздың дұрыстығын большевиктердің өз саясаты арқылы ақ дәлелдеуге әбден болады. Мәскеу большевиктері ол кезде Октябрь төңкерісі басшыларының арасында түркістандықтардың жоқтығы, түркістандықтарды төңкерістік мекемелерге тартпауын (1917 жылғы қарашада шақырылған Түркістан Кеңесі 3-құрылтайының қаулысы қаралсын) Түркістанда пролетариат табы жоқ деген сылтаумен ақтамаққа ұрынбап па еді?

Түркістанда орыс мұғажырлары мен орыс мұжығы дегеніміз кімдер?

Ресейде барлық құқықтарынан айырылып, мүлде құқықсыз қалған орыс мұжығы Түркістанға келген соң қожайын боп шыға келуші еді. Олардың заты, малы жоғалса, бізді жауапқа тартатын еді. Атамекеніміздің ең шұрайлы жерлері соларға тартып әперілетін. 1916-шы жылғы «төңкерістің ұрығы» патшалық Ресейдің осы мұжық саясаты нәтижесінде өсіп өніп-өнген еді. Енді, міне, орыс большевиктері түркістандықтардың сапасына орыс мұжықтары да патшалық отаршылдық саясаттың құрбаны болды деген жалған ойды ұялатуға тырысып отыр. Большевиктердің мұндай пайымдаулары ақиқатқа мүлде қарсы екені дәлел сұрамайды. Шындығында, Ресей отаршылдығының Түркістандағы ең басты әлеуметтік таянышы да дәл осы орыс мұжықтары болғанын ешкім теріске шығара алмаса керек.

Ресейде орыс мұжығы патшалық жүйенің езгісінде болатын. Ал Түркістан патшалық жүйенің қамқорында, қолдап-қуаттауында болды. Бұдан басқаша болуы мүмкін де емес еді. Өйткені патшалық үкімет мұжыққа таянса, мұжық патшалық үкімет жүргізіп отырған жер саясатының игілігін көріп келелді.

Егер орыс мұжығы шынымен патшалық отарлық саясатының «кінәсіз құралы», тіпті, құрбаны болса, онда патша

үкіметінің жоғалуынан соң, отаршылдық ниеттерінен баз кешіп, Түркістан халқымен жақындасудың жолдарын іздеген болар еді.

Іс жүзінде біз нені көріп отырмыз? Бұл сұрауға жауап табу үшін алдымен большевиктердің Сталин дәуіріне дейін жазған өз жазбаларын оқып көріңіз. Түркістан төңкерісінің тарихын жазған большевик Георгий Сафаров: «Ақпан төңкерісінен бастап орыс мұжығы Түркістанның қышлақтары мен ауылдарын өздерінің жанқалтасындай көретін болып алды» деп жазған еді.

Тағы осы Сафаров 1920 жылғы X партия құрылтайында «Жетісу бойынша жиналған сандық мәліметтерге сүйене отырып, осы аумақтағы мұғажыр орыстардың иеленген жері 35 проценттен 70 процентке көтерілгенін» айтады. (Әрине, мұндай өсу Түркістан шаруаларының есебінен болғаны дау туғызбаса керек).

Дмитрий Фурманов (Dimitri Furmanov) деген тағы бір большевик жазушы өзінің Кеңес Одағында, соның ішінде Түркістанда да аса зор беделге ие болған «Бүлік» («Мятеж») атты романында орыс мұғажырларының түркістандықтарға көзқарасын аса бір көркем тілмен, тым анық етіп суреттейді. Мұқият оқыған адамдарға осы кітапта орыс мұғажырларының Түркістан шаруаларына деген отаршылдық қатынастары, айуандық озбырлықтары мейлінше толық және ашық көрініп тұр.

«Жас Түркістан». 1931 ж. № 24.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗ

**1.СКОММ - Солтүстік Қазақстан Облысының Мемлекеттік
Мұрағаты**

Есім көрсеткіш

А. Лаврентьев, генерал-лейтенант 7,
А.В. Пястковский 9,
А.К. Бисембаев 8,
Агапов, полковник 27, 28, 30,
Агей Лисовский 25,
Адырбайұлы Айдерке 85, 86, 88,
Азанбай Сәбекұлы 132,
Айдарбеков 18,
Айтым 74, 75,
Айтпай 48,
Ақаев 141,
Ақмет 57,
Аксак Темір 78,
Ақынжан Тілемісұлы 77,
Амангелді Иманұлы 7, 8, 90,
Антон Корлинченко 22,
Асан қайғы 73,
Асан кожа 81,
Астахов, саудагер 23,
Архангельский, әскери бастық 86, 87, 88,
Ахмет Мусин 14, 24,
Ахмет Алдабергенұлы 59,
Ахметжан, молда 65,
Ахметжан 123,
Ахмет Байтұрсынов 128,
Ахмед Жанталин 140,

Әбен Шоқаев 14, 21,
Әбіш 62,
Әбдікеш 95,
Әбдіғаппар, хан 87, 91,
Әбдіғаппар Жанкожаұлы 90,
Әбубәкір Шәймерденов 31,
Әжбайдың Достаны 85,
Әлдекин 18,
Әлжан 57,
Әлжанның Қабдесі 57,

Әлихан Бөкейханов 5, 15, 126, 128, 129, 130, 132, 140,
Әлімбаев Ысқақ 23,
Әлімжан 64,
Әлімжан Сыздық 63,
Әскер 94, 95, 110,

Бабастың Жүсіпі 84,
Балқан 75,
Бакуревич, пристав 51.
Баржақсин 40, 42,
Батырбеков 18.
Батабай. ақсақал 56.
Биғараның Смайылы 87.
Баймен, болыс 70.
Баймұқан. темірші 56.
Баймұхамбет Ізтөлен (Баймағамбет Ізтулин) 77, 93, 94, 95,
96, 119, 120, 125,
Байымбеттің Бұлқайыры 71,
Бақыткелді 84,
Бегішев 94, 96, 106,
Бейсенов 18,
Бейсенбай 89,
Бекберген 58,
Бекболатхан 69,
Бекжанұлы Дайырша 84,
Бектасұлы Ахметжан 66,
Белов Петр Петрович 82,
Бозайұлы Қуанышбай 83,
Болаттың Асаны 57.
Браткинов 82,
Бржезовский 20,
Бұрғынов Жаппар 22.
Біржан Берденұлы 78, 93, 94, 106,

В.В. Вырубов 129, 130,
В. Антонич Сорокин 140,
Василий Сидорчук, акын 25,
Веймарн, инженер 51,
Волков 51,

Георгий Сафаров 142,
Григорьев Иван Григорьевич 82.

Ғаббас 71,
Ғалиасқар 55,

Д. Кенбайұлы 100,
Дәулетбекұлы 86,
Дмитрии Фурманов 142,
Достай, хан 69,

Ж. Айсұлы 95, 116,
Жақанов 93,
Жақып 83, 85, 86, 87, 88,
Жақыпов 18.
Жақып Мырзағожин 41,
Жаксыкелді 84,
Жанбатыров Жаппар 22.
Жанбатыров Жұма 22,
Жанбатыров Жайсаң 22,
Жансейітов Әубәкір 22.
Жанкожа 55, 57,
Жантайұлы Жүсіп 87,
Жантас Мынаспаев 14, 21,
Жаңабай Ниязбеков 41,
Жаңабай Қуандық 65,
Жаппархан Күшіков 14, 21.
Жарқын Кенесары, Жүсіптің әкесі 84,
Жомарт 73,
Жүсіп 84, 85, 86,
Жұманұлы Әлімжан 63,
Жұмабаев 18,
Жұмабекұлы Есімсейіт 87,

Е. Чунтонов 42,
Ережеп итбаев 140,
Есет Жамбаев 41,
Есмағамбет Кенбайұлы 94, 96, 100.
Есім 54,

Иванов 82.
Ильминский 39,
Исатай Тайманов 8,

Кальницкий 45,
Кармош, поштабай 54, 55,
Катомин подполковник 7,
Каюков 29, 30,
Кәрім 56, 57,
Кәрім Айтқожин 31,
Кейкі 90, 91,
Кенбаев 93,
Кенесары Қасымұлы 8,
Кенжеболат Тоқпан баласы 86,
Кенжеболаттың Кәрімі 56,
Кенжеұлы Сыздық 78,
Комулло Даниил Иванович 82,
Кошура-Масальский 12, 13, 19, 20, 22, 41, 42,
Куропаткин, генерал-губернатор 8,
Курляндский 107.
Кучук 20.
Күрме 60,

Қабанның Қабдошы 73,
Қабылұлы Жалмұхамбет 63,
Қабдөш, палуан 74, 75,
Қадыр С.ұлы 77, 79,
Қадыр Сырлыбайұлы 53, 54,
Қажыкенұлы Төлебай 63,
Қайреддин Болғанбайұлы 52,
Қалжан 71.
Қали 70, 71.
Қали Малғозыұлы 59,
Қанай 74,
Қантарбайұлы Мұхамадия 63,
Қапархан 69,
Қарабаев 18,
Қарсақ, ақын 100,

Қасымқожа 94,
Қасым Баймағамбетұлы 121,
Қасым Мәмлеев 140,
Қатақыхан 70,
Қашқынов Құлжан 23,
Қойлыбай баласы 62,
Қожахмет Смағұлұлы 93,
Қоңыркұлжан 35,
Қопайұлы Қарсақ 95, 97,
Қосайдар, ақсақал 60,
Қуанышев 19,
Қуанышбай, ақын 86,
Құлмағанұлы Құсайын 69,
Құсайын Байдашов 15, 22,
Құсанов 32,
Құсайынов Шахмет, жазушы 94,
Құтабақ 73,

Лаврентьев 8,
Лазар Нахимич Ладыжинский 130, 131,
Лорец 29, 30, 31,
Лесняченко унтер-офицер 13, 20,
Львов 129, 130,

Мазай 81.
Мақатаев Ахмет 94,
Мақсұтұлы Қасым 64,
Манаш Қозыбаев, тарихшы 9,
Мамытұлы Ахметжан 112,
Мартиньян, тілмаш 83,
Махамбет Өтемісов 9,
Махмед, болыс 63,
Мәжікейұлы Мұқаш 78, 82, 94, 95, 97, 126,
Мәметұлы Ғалау (Ғалауетдин), мұғалім 79,
Мәметұлы Ахмет, ақын 96,
Мәули, ақсақал 60,
Мейрам, қажы 82, 84, 86, 87, 89,
Молдыбай Байбараков 15, 22,
Молдыбай Байзақұлы 60.

Мұса 128, 129, 132, 140,
Мұстафа Шоқай 15, 140,
Мұхаметжан Шуртулаев 14, 21,
Мұхамаджан Тақанов 14, 21,
Мұхамедтжан 72,
Мұхаммед Рақым Шаймерденов 31,
Мұхамбет 57,
Мүрке 56,
Мүсейіт 73,
Мырзағазы 128, 129, 130, 132, 139,
Мырзакожанын Жакыпы 82, 84.
Міржакып Дулатов 128.

Назаров 23.
Нарманбет Орманбетов, акын 94, 95, 112,
Наурызбай Қасымов 8,
Никитин, урядник 25,
Николай Палкин (I-Николай), патша 34, 51,
Николай II, патша 38, 89, 100,
Николай Наумович 76,
Нұрахмет Әбілпейісов 31,
Нұрғали 73, 140,
Нүркей 94,
Нүркеннің Әлімбегі 57,
Нүрпейіс Тастамбеков 14, 21,
Нығман Оранкин 14, 21, 78,
Нығметжан 57,

Омарұлы Әбдірахман 125,
Омарбек. болыс 86,
Оразов Ыбырай 93, 94, 95, 114,
Оспан Жүсіпов 14, 21.
Острен. бай 80,

Өскенбаев Оразәлі 22,

Панькин 30,
Попов, урядник 14, 23,
Параницкий, урядник 22,

Паршевский 82,
Писаржевский 52,
Пономарев 82,
Пономаренко 16,

Райымбек 143,
Рахмет Құлжанов 22,
Рақымның Сұлтаны 54.
Романов 34,

Сағадат 141,
Сағындық Мөңкебенұлы 58, 59,
Салмақбай Күсемісов 140,
Саранбай, шал 72, 73,
Саркыт 71,
Сасықұлы шөп 85, 86,
Сәбитұлы Мәжит 67,
Сәрсенбай 89,
Сәрсенбай хан 70, 74, 75,
Сейпіл, қажы 71, 72,
Селянкин 29, 30,
Серкебаев Бекмұхамбет, журналист 93.
Смағұлұлы Қожахмет 90,
Смайылұлы Қадір 94, 97, 98, 100.
Смакутин, адвокат 59, 60.
Соколов, пристав 20,
Сталин 143,
Сухолинов, губернатор 17, 24, 55, 81, 114,
Сұлтан 55, 57,
Сұраған Сүлейменов 22,
Сүлеке 55,
Сүлейменов, болыс 20,
Сыздық Мешенбаев 141,
Сыздықұлы Жақан 53, 93, 94, 108,
Сыздық қажы Қойлыбайұлы, 61.
Сымабайұлы 94, 97.
Сырым Датов 8,
Сырымбетов Нәдір 93.

Тастеміров 18,
Тәукен Данбайұлы 58, 96, 111,
Тел Жаманнұрынов 128, 129, 130, 131, 140,
Тоқамбеков 18,
Тоқсан Тілемісов 13, 14, 19, 21,
Торылбайдың Алтайы 72,
Тоштай хан 73, 74,
Тұрар Рұсқұлұлы 52, 93, 94,
Тұранұлы Дүйсенбай 76, 77,
Тұрағұл Абайұлы 139,
Тұрсынов Тәулей 22,

Уалиханұлы Махмед 61.
Уәлиұлы 76.

Ыскак Қанағатұлы 94, 95, 111,

Шайқы 56,
Шалжанов 18,
Шәйім 76,
Шәймерден Қосшығұлұлы 58,
Шәйсұлтан 73, 74, 75,
Шәкен Шақаманұлы 68, 70,
Шәнке Шаукин 22,
Шәңгерей Бөкеев 139,
Шәріп 72,
Шевчик, пристав 32,
Шынғыс хан 78.

Ільяс 57.

Ф.Н. Голошкекин 9.
Федор Музеренко 25.
Фольбаум, губернатор 51,

Хамулло, пристав 41,
Хамулло 86, 87,
Хасен 128, 129, 132, 139,
Хасен Жәнібеков 41,

Хафизов, молла 138,
Храцевский 20,

Черванский 39.

Эверсман 27,

Юсуфбек (Жүсіпбек Арыстанов), журналист 139.
Ютижинский 32,

Яков Голыдин 25,

Географиялық көрсеткіш

Ағыс, ел 87,
Азынбай, қалың қарағай 77,
Айғабақ, жер 68,
Айсары-Шорман, ел 70,
Айтпай, ауыл 86,
Ақкөл, қала 65, 66,
Ақмешіт 141,
Ақмола (Ақ дуан) ояз. облыс, уез, губерния 6, 7, 9, 12, 14, 16,
17, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 32, 34, 35, 36, 38, 39, 40, 41, 42,
43, 49, 50, 55, 58, 59, 63, 65, 69, 76, 77, 81, 84, 85, 94, 127,
140.
Ақөткел 91.
Ақтөбе, қала 130, 140.
Ақшаған 7,
Алатау 112,
Алексей болыс, аудан, село 40, 42, 43, 84,
Аманқарағай, болыс 26,
Анна, село 14, 24,
Арғын 66, 91,
Асы, жайлау 6,
Атбасар уез, ояз, қала 13, 20, 35, 40, 41, 42, 81, 82, 90, 100,
140,
Атбасар-Ұлытау 42,
Атығай, ел 66, 68,
Ауызтал, жер 56,

Әйтен-Сәйтен. ауыл 86.

Бағаналы (Қарсақбай) ел. болыс 41, 61, 83.
Батпаққара. аудан 7.
Бейнетқор. болыс 79.
Бекназар, жалын 86.
Беловский, қала 51,
Берден, кент 27,
Бесоба, ел 84,
Бестөбе, болыс 27,
Бетпақдала, құм 41,

Благодать, болыс, село 25, 44,
Бөкейлік 130, 140,
Бөрілікөл 58,
Бурабай 57,

Германия, мемлекет 46, 107, 116,
Голанд, халық 135,
Гурьев 130,

Дала, өлке 4,
Доғал-Үрпек 7,
Дуан, уез, орталық 54, 56, 67,

Жана Теңіз, болыс 87,
Жапон, мемлекет, халық 53, 134,
Жарғайың, ел 84,
Жарықкөл 11, 55,
Жауар, ел 67, 68, 70,
Желдіқара 41,
Жетісу, губерния, жер, 4, 6, 8, 10, 49, 50, 127, 142,
Жиделібайсын, жер 55,
Жөкей, көл 59,
Жолдыөзек 68,
Жосалы, жайлау 57,
Жыланды, болыс, тау 86,

Злотауст, кент 12, 17,

Екатеринбург, қала 103,
Екібастұз, қала, көмір кеніші 25, 44,
Ереймен, тау, болыс 25, 69, 70, 76,
Есіл, өзен 25, 100, 107, 116,
Еуропа 3, 45, 46, 129, 132, 134, 135,

Калутон, өзен 66,
Кендірлі 68,
Кентүбек, ел 84,
Кеңарал 132,
Кеңашы, жайлау 54, 56,

Керей, ел 66,
Коммунист, болыс 44,
Котлован, көл 80,
Көбес, жер 20,
Көктерек, жер 60,
Көкшктау ояз, облыс 11, 35, 38, 55, 56, 58, 62, 63, 64, 67, 68,
70,
Көлеп, жер 100,
Күйік 7, 91,

Қабырға, өзен 90.
Қады, ел 11, 56,
Қажы, ауыл 31.
Қазақстан, мемлекет 3, 4, 5, 6, 7, 9, 10, 53, 77,
Қандыжауыр, ел 73,
Қарабатпак, жер 44,
Қарабұлақ, болыс 65,
Қаражар, жер 41,
Қаратал, болыс 12,
Қараөткел 66,
Қарауыл 68,
Қарқара, жайлау 6,
Қарақойын, ел 81,
Қарқаралы, уез 132, 140,
Қарақұйын 83,
Қарақұдық 70,
Қастек, өңір 6,
Қожас, тау 68, 69, 74,
Қокан 141,
Қорам, өңір 6,
Қорғалы 44,
Қорған, шаһар, болыс 60, 77,
Қостанай уез, қала 14, 26, 27, 28, 29, 30, 91, 127, 130,
Қотыр, қала 59,
Қотыркөл, болыс 63,
Қоянды, жайлау 64,
Құбажон 62,
Құлансу, ел 11, 56,
Құланөтпес Жиделбайсын, жер 73,

Құмдықөл, көл 13, 20,
Қыбыш, қала 66,
Қызылжар уез, болыс 11, 55, 60, 68, 72, 76, 77, 79, 80, 95,
101, 125, 140,
Қызылту, болыс 77,
Қызылкөл, болыс 82,
Қызыләскер 78,
Қызылқұм 100,
Қызылтопырақ, болыс 65,
Қызылғақ, болыс 36,
Қызу, болыс 61,
Қыпшақ 66, 91,
Қыр, өлке, халық 12, 13, 17, 19, 20, 24, 25, 37, 40,
Қырғызстан, мемлекет 53,
Қырыққұдық (Ақмола мен Қырандас) 68,
Қытай, мемлекет 7, 8, 9, 49, 73, 76,

Лепсі. ояз 6,
Либишин 130,

Макин, қала 59,
Маңғыстау б.
Мәскеу, қала 128, 130, 131, 141,
Минск 129, 130, 131, 139,
Мойыншак тау, болыс 58, 59, 65, 69.

Нарынқол, өңір 6,
Наурызым, болыс 91,
Николай (Көбеш), село 12, 13, 19, 20, 22,
Новокаменка, ауыл 44,

Одырбай биік төбе ағаш 74,
Октябрь, болыс 62,
Омбы ояз, округ 12, 13, 16, 18, 20, 24, 31, 35, 55, 68, 70, 76,
77, 140,
Оңтүстік Америка 9,
Орал 6, 127, 130,
Орта, болыс 14, 23, 24,
Орта Азия 3, 9.

Орта Арғын, аудан, ел 41, 89,
Ортақшылар болысы 62,
Орынбор, қала 10, 27, 57, 78,
Орда 133,

Өскемен, қала 130, 132,

Павлодар ояз, қала 25, 141,
Парсы 9,
Петропавл, қала, ояз 9, 10, 12, 13, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22,
23, 24, 32, 35, 52, 96,
Петроград, ояз 16, 103, 116, 127,
Перьм 102, 103,
Полудин, болыс 12, 18,
Пресногорькое, бекініс 12, 17,
Псков 57, 103,
Піспек, қала (Қырғызстанның астанасы Пішпек) 52,

Россия 3, 6, 8, 16, 34, 45, 46, 49, 53, 126, 132, 134, 140, 141.

Садыр-Матай, болыс 6,
Самсоновка, қала 51,
Сарытөбе 74,
Сарыоба, бекет 82,
Сарытау, болыс 82,
Сары, өзен 84,
Сарыарка 11, 109, 112, 113,
Сарыой, болыс 131,
Сарысу, өзен 41, 84, 85,
Саумалкөл 62,
Сахара 104, 115,
Сәберлі, ел 62,
Семей облыс, болыс қала 7, 76, 130, 132, 140,
Солтүстік Қазақстан 3, 9, 10, 14, 15,
Сырдария 6,
Сібір 12, 18, 22, 61, 134,
Сілеті, өзен 74,

Тайынша, болыс 11, 13, 19, 56,

Тасөткел, болыс 92, 100,
Татыра 7,
Терісаққан өзен, болыс 82, 85,
Томпақ маңындағы Алатаудың бір асуы - Шәмші 51,
Торғай, аудан, облыс, губерния, қала, ел 6, 7, 10, 14, 26, 27,
28, 29, 30, 49, 88, 90, 91, 92, 127,
Торайғыр, тау 59,
Төңкеріс, болыс 77, 120, 125,
Тұзтөбе, болыс 132,
Түркістан 3, 4, 6, 8, 37, 127, 140, 141, 142,
Түркия, мемлекет 46,
Тілекей, орыс қаласы 87,
Тіналы 84,
Тіней - Тоқпан, ел 86,

Ұзынкөл 14, 23, 79,

Ырғыз 14,

Челябі, қала 63, 102,

Чехов, село 14, 23,

Шағалалы, шұңқыр, көл 79,

Шарын, өңір 6,

Шарықтас 11, 55,

Шарлақ, аудан 35, 38,

Шашты, тау 87,

Шоқай 44,

Шортан 59,

Шолаққайың 11, 55,

Шотқоян, жер 73,

Шу бойындағы жайлау 76,

Шулықайың, жайлау 54,

Шымкент, қала 141,

Явленное (Явленка), село 12, 13, 19, 20, 22, 23.

Құжаттар тізімі

- №1. 1916 жылғы 6 шілде Ресей Үкіметі жарлықтары мен бұйрықтарының жинағы
- №2. 1916 жылғы 6 шілде Петропавл оязы шаруа бастықтары съезінің төрағасы Пономаренконың Ақмола губернаторына жеделхаты
- №3. 1916 жылғы 13 шілде Қыр өлкесі генерал-губернаторының Ақмола губернаторына жолдаған жарлығы
- №4. 1916 жылғы 16 шілде Златоуст кенті аймағындағы қазақтардың іс-әрекеттері туралы Пресногорьское бекінісінен келген хабар
- №5. 1916 жылғы 19 шілде Хаттама
- №6. 1916 жылғы 27 шілде Петропавл жандарм қосыны бастығының Омбы жандарм басқармасына хабарынан
- №7. 1916 жылғы 28 шілде Ақмола губернаторы Масальскийдің Қыр өлкесі генерал-губернаторына жеделхаты
- №8. 1916 жылғы 28 шілде Ақмола губернаторының Қыр өлкесі генерал-губернаторына жолдаған жеделхаты
- №9. 1916 жылғы шілде Петропавл оязы бастығының барлық болыстарға хаты
- №10. 1916 жылғы шілде Қазақтардың көтерілісіне белсене қатысушылар туралы дерек
- №11. 1916 жылғы 1 тамыз Петропавл жандарм қосынының Омбы жандарм басқармасына хабарынан
- №12. 1916 жылғы 8 тамыз Петропавл оязы бастығының Ақмола губернаторына мәлімхатынан
- №13. 1916 жылғы 16 тамыз Петропавл оязы бастығының Ақмола губернаторына мәлімхатынан
- №14. 1916 жылғы 19 тамыз Петропавл оязы бастығының Ақмола губернаторына мәлімхатынан
- №15. 1916 жылғы 6 қыркүйек Омбы әскери округі бойынша бұйрық
- №16. 1916 жылғы 11 қыркүйек Хаттама
- №17. 1916 жылғы 1 қазан Тыл жұмыстары шақырылғандарды жеткізбегені туралы №103 қаулы
- №18. 1916 жылғы 2 қазан Қостанай оязының бастығына Орынбордан түскен жеделхат

- №19. 1916 жылғы 8 қазан Торғай облыстық басқармасының 97-Дон казак жүздігінің командиріне жолдаған хаты
- №20. 1916 жылғы 11 қазан Қостанай оязы бастығының Торғай облысы бірінші бөлімінің пристапына хаты
- №21. 1916 жылғы 18 қазан Торғай облысы Қостанай оязы бастығының Қостанай қалалық басқармасына хаты
- №22. 1916 жылғы 19 қазан Торғай облысы Қостанай оязы бастығының Қостанай қалалық басқармасына хаты
- №23. 1916 жылғы 19 қазан Торғай облысы Қостанай оязы бастығының Қостанай қалалық басқармасына хаты
- №24. 1916 жылғы 5 желтоқсан Омбы округтік сотының прокурорына 3-Омбы учаскесі прокурорының орынбасарынан
- №25. 1917 жылғы 26 қаңтар облыстық «Омский Вестник» газетінен
- №26. 1917 жылғы 14 ақпан шаруа қожалықтарының жағдайы туралы Петропавл оязы шаруа бастықтары құрылтайының хаттамасынан
- №27. 1926 жылғы 17 шілде Ақмола губерниялық «Наша деревня» газетінен
- №28. 1926 жылғы 17 шілде Ақмола губерниялық «Наша деревня» газетінен
- №29. 1926 жылғы 17 шілде Ақмола губерниялық «Степная звезда» газетінен
- №30. 1926 жылғы 2 қараша Ақмола губерниялық «Степная звезда» газетінен
- №31. 1926 жылғы 6 тамыз Ақмола губерниялық «Степная звезда» газетінен
- №32. «Ақмола губерниясы казактардың көтерілісі» деген шолудан
- №33. 1926 жылғы 8 шілде Ақмола өлкесін зерттеу қоғамының материалдарынан
- №34. 1926 жылғы 26 тамыз. Ақмола губерниялық комиссиясының материалдарынан
- №35. 1926 жыл Атбасар қаласының тұрғыны Баржақсиннің естелігінен
- №36. 1926 ж. Ақмола оязы алексей ауданындағы 1916 жылғы оқиғалар туралы е. Чунтоновтың естелігінен
- №37. 1916 жылғы казак көтерілісі туралы Торскийдің естелігінен

- №38. 1916 жыл оқиғасы
- №39. Бакуревич отрядының жұмысы
- №40. Көтерілістің шаруашылық және саясаттық түп себептері
- №41. Сапырылысқан сандалыс
- №42. Бөрілі көліндегі жиылыс
- №43. Ортақшылар болысындағы дүрбелең
- №44. Қотыркөл болысында
- №45. Майдан қызметіне барып қайтқан жігіттің ауызынан
- №46. Жауар елінің көтерілісі (Көкшетау уйезі)
- №47. Қали көрісіп жылады... Сәрсенбай хан
- №48. Тыңшының хабары
- №49. Аяғын жинап берсе екен...
- №50. Бейнетқор болысында
- №51. Қарақойын еліндегі көтеріліс
- №52. 1916-жылғы Торғай қазағының жәйі

Мазмұны

1. Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің Солтүстік Қазақстандағы оқиғалары.....	3
2. I-бөлім. Облыстық мемлекеттік мұрағат қорынан алынған ресми құжаттар мен іс қағаздары.....	16
3. II-бөлім. Ақмола губерниясында ел ішінен жиналған естеліктер.....	34
4. III-бөлім. 1916 жылғы көтеріліс туралы тарихи жырлар.....	93
5. Қосымша.....	126
6. Қысқартылған сөз.....	143
7. Есім көрсеткіш.....	144
8. Географиялық көрсеткіш.....	153
9. Құжаттар тізімі.....	159

**Солтүстік Қазақстан облыстық
мәдениет және мұрағаттар басқармасының
ғылыми кеңесі мақұлдаған
Хаттама № 2009 жылғы 15 қазан.**

МӘЛІКОВА Сәуле Зейноллақызы
САРЫАРҚАНЫ ӨРТ АЛДЫ
(1916-жылғы оқиғалардан)
Ғылыми басылым.

Редакторы:

Техникалық редакторы:

Корректорлары:

Басуға қол қойылды 15.12.2009. Пішімі: 84x108 1/32. Көлемі – 15,3 б.п. Баспаханалық қағаз №1. Қарп түрі – Times New Roman. Таралымы – 150 дана. «Астана» баспасы. Тапсырма №

Баспахана мекен-жай.